<p style="text-align: center;">Таза бұлақ</p> <p>Үш жолаушы бір бұлақтың басында кез болыпты. Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен, ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгілген, суы мұздай, салқын, шыныдай жылтылдап, тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен. Су шыққан жеріне бір қазандай тасты біреу ойып қорғаныш қылып, тастың суағар жеріне жазу жазыпты:  -Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол! -депті. Үш жолаушы бұлақтан ішіп қанған соң, жазуды оқиды. Жолаушының бірі саудагер екен. Ол:  -Бұл бір тәмсіл сөз екен. Мына бұлаққа қарасаң күн-түн тынбай ағып, алыс жерлерге барады. Бара-бара кеңейіп, үлкейеді. Оған бөтен бұлақтар құйып, үлкен өзенге айналады. Мұнан мұрат сол: сен де бұлақтай тынбай қызмет қыл! Ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма! Сөйтсең, ақырындап, сен де зорайып мұратыңа жетесің деген сөз, - деді. Екінші жолаушы мүсәпір молда екен. Ол басын шайқап:  -Меніңше, бұл жазудың мағынасы сен ойлағаннан гөрі биік сияқты. Бұл бұлақ: кім-кімге болса да даяр, ыстықтағанды салқындатып, жанын рақаттандырады. Сусағанның сусынын қандырады. Ол үшін ешкімнен ақы дәмеспейді. Мұның</p>	<p>1-тапсырма. Мақал-мәтелді сәйкестендір!  Ел боламын десең орасың  Бала тілі әр кісінің ісі  Жақсыдан үйрен, жаманнан ойламайды  Бірлік болмай, тірлік бесігіңді түзе  Еңбек етсең ерінбей, тояды бал  Не ексең соны жарымайды  Жақсылыққа жақсылық жауса да  Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі  Жаяуға жол жирен  Аш бала, тоқ баламен ойнамайды  Тоқ бала, аш болам деп қарның тіленбей  Аспаннан киіз болмайды  Сорлы ұлтаракқа алыс</p> <p>2-тапсырма. Төрт түліктің пірін ата.  Түйенің пірі –  Жылқының пірі –  Сиырдың пірі –  Қойдың пірі –  Ешкінің пірі –</p> <p>3-тапсырма. Филвордтан «Таза бұлақ» әңгімесінде кездесетін сөздерді тауып белгіле.</p> <table border="0" style="width: 100%; text-align: center;"> <tr> <td>б</td><td>т</td><td>т</td><td>д</td><td>н</td><td>ж</td><td>ш</td> </tr> <tr> <td>р</td><td>ұ</td><td>б</td><td>а</td><td>м</td><td>о</td><td>ы</td> </tr> <tr> <td>ж</td><td>с</td><td>л</td><td>д</td><td>ф</td><td>л</td><td>р</td> </tr> <tr> <td>і</td><td>л</td><td>т</td><td>а</td><td>з</td><td>а</td><td>ж</td> </tr> <tr> <td>г</td><td>л</td><td>а</td><td>м</td><td>қ</td><td>у</td><td>е</td> </tr> <tr> <td>і</td><td>е</td><td>н</td><td>м</td><td>н</td><td>ш</td><td>р</td> </tr> <tr> <td>т</td><td>г</td><td>о</td><td>к</td><td>с</td><td>ы</td><td>ж</td> </tr> <tr> <td>қ</td><td>ы</td><td>з</td><td>м</td><td>е</td><td>т</td><td>о</td> </tr> </table>	б	т	т	д	н	ж	ш	р	ұ	б	а	м	о	ы	ж	с	л	д	ф	л	р	і	л	т	а	з	а	ж	г	л	а	м	қ	у	е	і	е	н	м	н	ш	р	т	г	о	к	с	ы	ж	қ	ы	з	м	е	т	о
б	т	т	д	н	ж	ш																																																			
р	ұ	б	а	м	о	ы																																																			
ж	с	л	д	ф	л	р																																																			
і	л	т	а	з	а	ж																																																			
г	л	а	м	қ	у	е																																																			
і	е	н	м	н	ш	р																																																			
т	г	о	к	с	ы	ж																																																			
қ	ы	з	м	е	т	о																																																			

<p>адамға да ғибраты сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені болса керек,-деді.</p> <p>Үшінші жолаушы көркем келген келісті жігіт екен. Ол үндемей тұрды. Серіктері:</p> <p>-Сен не ойлайсың?-деп сұрады. Жігіт:</p> <p>-Меніңше, бұл бұлақтың суы бір орында тынып тұр. Егер шөп-шалам түсіп, лай-қоқым болса, бұған адам мен айуан мұнша ынтық болмас еді. Бұлақ күні-түні тынбай ағып тазаланып тұрғаны үшін ынтық болады. Олай болса, жазудың мағынасы: көңіліңді, бойыңды осы бұлақтай таза сақта! Бұлаққа қарасақ күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көреміз. Көңілің сол ренішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін,-деді.</p>	
<p>Сірә, мына жұртқа жағып болмас</p> <p>- Бір күні Қожанасыр баласын есекке мінгізіп, өзі жаяу жүріп, жолаушылап келе жатты. Жолда кездескен жұрт:</p> <p>-Бұл жастарды қойсаңшы. Ғұлама ғалымдығымен жұртқа танылған әкесін жаяу жүргізіп, өзі есекке мініп алыпты, - деп сын айтты.</p> <p>Қожа баласын есектен түсірді де, өзі мініп алды. Баласы жаяу жүрді. Бұларды көрген жұрт:</p> <p>- Әй-әй-әй! Еңгезердей болып есекке өзі мініп алыпты. Кіп-кішкентай, ап-арық баласын жаяу жүргізіп қойыпты. Ұялмай ма? – десті.</p> <p>Мұны естіген Қожа баласын алдына мінгізіп алды. Бірнеше қадам жүруі мұн екен, алдарынан тағы да бір топ адам кездесіп:</p> <p>- Неткен қаныпезерлер! Кіп-кішкентай есекке екі адам мінгесіп алыпты. Обал емес па? – деді.</p> <p>Әбден ыза болған Қожа есектен өзі де түсіп, баласын да түсіріп, бос есекті алдына сап, айдап жүре берді.</p> <p>Көп ұзамай тағы да бірнеше кісі жолықты. Олар:</p> <p>-Мұндай есуас жандар да болады екен-ау. Есекті бос айдап, өздері осындай ыстықта шаршап-шалдығып жаяу келе жатыр, - деді бетін шымшып.</p> <p>Мұны естігенде Қожа баласына қарап:</p> <p>-Сірә, мына жұртқа жағып болмас, - депті.</p>	<p>1-тапсырма. Мысалды оқи отырып, есеп шығар!</p> <p>7-3= 4-1= 5-4= 8-5= 8-1=  5-2 3-1= 5-1= 4-2= 6-4=  7-2 4-3= 10-5= 9-6= 7-7=  10-7 10-9= 10-8= 9-3= 10-3=  4-4 5-3= 6-1= 5-3= 3-0=  6-3 4-3= 6-2= 3-3= 6-5=  8-6 5-4= 10-9= 8-4= 10-2=  9-8 5-2= 10-4= 9-4= 8-5=</p> <p>2-тапсырма</p> <p>Логикамызды дамытайық.</p> <p>18 10 6 4 ?</p> <p>1 3 2 5 0 7</p> <p>1 2 3 4 5</p> <p>6</p> <p>3-тапсырма</p> <p>Жануардың төлін тауып жаз!</p> <p>Мысалы: мәулен-жолбарыстың күшігі</p> <p>Күшік-_____</p> <p>Көжек-_____</p> <p>Абдан-_____</p> <p>Марғау-_____</p> <p>Қонжық-_____</p> <p>Бота-_____</p> <p>Алан-_____</p> <p>Тайлақ-_____</p> <p>Бөлтірік-_____</p> <p>Торпақ-_____</p> <p>Жаутаң-_____</p> <p>Көгілдір-_____</p> <p>Еңлік-_____</p> <p>Қозы-_____</p> <p>Құралай-_____</p>

	Лақ- _____ Қодық- _____ Бұзау- _____ Мамыр- _____ Құлын- _____
<p>Бақ, Қызыр және Ақыл</p> <p>Бір жетім бала жер жыртып, тұқым сеуіп жүрсе, қасына Бақ, Қызыр және Ақыл үшеуі келіпті. Еңбекқорлығын көріп:</p> <p>-Ей, Қызыр, - деді Бақ пен Ақыл, - адал еңбекпен шұғылданып жүрген мына балаға дарышы!</p> <p>Қызыр балаға ықылас аударып, дариды. Сол-ақ екен баланың егін сепкен атызда сап-сары малта тастарға толып кеті. Бала бұл кермекте түсіне алмайды. Егінімді тас басып кетті деп қатты қайғырады. Егін тастап тазалап, мысы құриды. Белі бүгіліп, екі алақаны ойылып қалады.</p> <p>Сол кезде алқаптың тұсына сауда керуені келіп қонады. Солардан бірдеңе сұрап жеп, өзегімді жалғайын деп ойлаған бала иттерден қорғану үшін екі қолына екі сары тас алды. Жақындағанда иттер үре түрегеліп, тұра ұмтылды. Бала тас лақтырып қорғанды. Тастың біреуі керуен басына барып түседі. Қараса, тас дегені алтын екен. Керуенбасы баланы алдырып:</p> <p>-Балам, мына тасты қайдан алдың?- деп сұрады.</p> <p>-Егінімді осындай сары тас басып кетті, - деді бала кейіп. Керуенбасы:</p> <p>-Ол тасты мен қызметшілерге тергізіп, егініңді тазартып берейін, - деді. Олар баланың егісіндегі алтынды түгел жинап алды. «Бұл баланың бір қасиеті бар-ау» деп, керуенбасы «бізбен бірге жүрсең тоқ боласың» деп баланы керуенге қосып алды. Апта жүреді, ай жүреді. Дала кезіп, тау асады. Дариялар кешіп, теңіздерден өтеді. Содан бір қалаға жетеді. Қалаға жау тиген екен. Патша керуен басыға:</p> <p>-Жаумен соғысуға әскер бер. Бермесен, керуеніңді өткізбеймін, - деді.</p> <p>Керуенбасы: «Алтынның қадірін білмеген осы ақымақты бере салайын» - деп ойлап, баланы әскерлікке тастап кетті. Патша соғысқа аттанды. Сол маңға келіп</p>	<p>1-тапсырма. Бақ, Қызыр және Ақыл етегісінде кездесетін сөздердің қарсы мәндес сөзін тап!</p> бай- күн- байлық- бас- жарлы- әдемі- төмен жақын- аш- <p>2-тапсырма. Анаграмма.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. ЕЛӨБЕК</li> <li>2. УҚЫРА</li> <li>3. ӨКЕТЕМ</li> <li>4. ШҒЛААА</li> <li>5. ЕПҚОМІҚАРСҚ</li> <li>6. БЙАЛҚЫ</li> <li>7. ДЕМӘІ</li> </ol> <p>3-тапсырма. Сынарын тап.</p> Кіші ауыр бар қалың жіңішке қымбат Жеңіл жуан арзан үлкен жоқ

қалған Қызыр мен Ақыл әскеріндегі баланы көреді.

-Е-е, бұл байғұс байлығынан айрылған екен ғой, - деді. Екеуі Баққа бұрылып: - Әй, Бақ! Анау әлгі жетім бала ғой. Сол сорлыға көңіл бөлші! – деді.

Бақ көзін тігіп, балаға қадала қарайды. Қырғын соғыста бала жан сауғалап, бәйтерекке шығып, жасырынбақ болады да, ағашқа жармасады. Қапсыра құшақтай алғанда, ағаш тамырымен қопарылады. Жапырағы жалбырап, баланың басына бүркеншік болып қалады. Көтеріп қараса, салмағы білінбейді, қаңбақтай жеңіл. Сонда бала ағашты көтерген бойы қарсы тұра ұмтылады. Жау әскері мініп келген піл, түйе, жылқылар құбыжық сияқты көрінген ағаштан үркіп, тым-тырақай қаша жөнеледі.

Балаға риза болған патша оны «Батырым!» деп құрметтеп, оған қызын қосады. Патшаның қызы ай мен күндей сұлу болғанымен, қолынан түк келмес салақ екен. Қанша насихат айтса да, миына қонбапты. Тіпті:

-Мен патшаның қызымын, - деп, баланы басынғысы келді. Бұған ызаланған бала шапалақпен қыздың жағынан тартып жібереді. Ерке өскен шолжаң қыз жер көкті басына көтеріп жылап, бақырып әкесіне арыз айтады.

-Мені қорлап ұрып-соқты, сенің патшалық сүйегіңе дақ түсірді! – деді. Бұл оқиғаның жай-жапсарына көңіл бөлмей аптыққан патша жендеттеріне бұйырады:

-Байлап, зынданға тастаңдар!

Мұны біліп Бақ пен Қызыр Ақылға колқа салды.

-Біз екеуіміздің мейірім-шапағатымыз бұл балаға пайда әкелмеді. Енді сен назар салып, қолдан көрші!

Ақыл балаға ықыласпен көз салып, басына ой түсіреді. Санасына сәуле құйып, ақылына ақыл қосады. Бала ақылы нұрланып «Нақақ өлгенше, бір амалын табайын» деп ойланады. Содан датын айтып енесіне барады.

-Қызыңыз беті-қолын жумай тамақ ішеді. Ыдыс аяғына өте салақ. Көрпелесегі жиналмайды. Орамал, сүлгісі жуылмайды. Бұл қылығы мәртебелі патша атам мен сіздің бетіңізге шіркеу емес пе?

<p>«Атам мен енеме сөз келтіресің!» деп, шапалақтап тартып жібердім. Қатты кетсем, ғафу етіңіз! – деді.</p> <p>Енесі бұл сөзге майдай ереді. Қызын кінәлап, баланы жақтайды. Патшаға сөзін өткізіп, күйеу баласын босатады. Халықтың: «Қызыр дарып, басыңа Бак қонғанымен, Ақыл болмаса, көгермейсің» дейтін сөзі содан қалған екен.</p>	
<p style="text-align: center;">Басқа пәле тілден</p> <p>Ертеде бір данышпан өмір сүріп, оның үш ұлы, бір қызы болыпты. Қызы да, ұлдары да ақылды болып, ер жетіпті. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Әкесі әбден қартайды. Күндердің бір күнінде шал ұйықтай алмай дөңбекши береді. Мұны сезген кемпірі мен қызы:</p> <p>– Сізге не болды, бір жеріңіз ауырып жүр ме, жоқ әлде алыс жүрген балаларыңызды сағынып жүрсіз бе?– дейді.</p> <p>– Иә, сағындым. Оның үстіне бір арманым ішімде кетіп барады.</p> <p>Сонда қызы әкесінің алдына келіп:</p> <p>– Арманыңызды айтыңыз, мүмкін көмегіміз тиіп қалар,– дейді.</p> <p>Шал айтады:</p> <p>– Ешқандай құпия жоқ. Менің үш ұлымның үшеуі де ақылды. Сонда да біреуінің ақылы артығырақ болуға тиісті. Соны білу менің арманым:</p> <p>Қызы сәл ойланып:</p> <p>– Ой, ата, осыған да қиналасыз ба? Қыдырып барып балаларыңызды сынап келіңіз,— деп, қыз бен кемпір жол қамына кіріседі.</p> <p>Азығын, сусынын дайындап, атын ерттеп беріп жолға салып жібереді. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, кім білсін. Бір күні үлкен ұлына жетеді. Баласы зор құрметпен қарсы алып, қолынан келгенінше сыйлайды. Екі-үш күн жатып мауқын басып, төртінші күні қайтпақшы болады. Баласы тағы да қой алдырып сойғызады. Тамақ піседі, етін қазаннан түсіріп қойып, нанын салып жатқанда, шал баласына қарап:</p> <p>– Қарағым, ана етіңнің жақсы жерінен бір кесіп берші, – дейді. Ұлы жақсы жері дәуде болса санның еті шығар деп, сан етінен кесіп береді. Шал аздап ауыз тиіп, қойып қояды.</p>	<p>1-тапсырма.</p> <p>Сан өлеңді жылдам оқы! Айтшы ҚЗбек енді жұмыс жайында, МЗайраға көрн2лік дайын ба?</p> <p>Әруақтар же5ін, Ертең 4те келесің. 5ікте көз ілмейді, 7м бала кү1лейді.</p> <p>Осы бала к2лді Жә1 көрген с2лді.</p> <p>2-тапсырма. Ребусты шеш! 3-тапсырма.</p> <p>Тенеулерді дұрыс сәйкестендір! Құмырсқа -дай айбатты қой -дай еңбекқор еңбекқор -дей бейғам жылан-дай әнші сиыр -тай жүйрік аққу -дай салмақты бұлбұл -дың сыңарында шегіртке -дай жуас жылқы - тіліндей ашты арыстан</p>

<p>– Балам, енді жаман жерінен бір кесіп берші,— дейді. «Еттің де жаман жері бола ма?»— деп ұлы сәл ойланып тұрып, жаман жері дегені тіс өтпейтін сіңір шығар деп сіңірден кесіп береді. Сіңірді алып, аздап ауыз тиеді. Артынша тамақ та келеді. Тамағын жеп, сыйына риза болып, ел-жұртпен, баласымен қоштасып қайтады.</p> <p>Данышпан жүріп отырып, екінші ұлына келеді. Екінші ұлы да зор құрметпен қарсы алып сыйлайды. Әкесі қайтар күні бірінші ұлына қойған сауалын қояды. Екінші ұлы да бірінші ұлының істегенін қайталайды. Екінші ұлына да риза болып, қайтады. Ол енді үшінші ұлына келеді. Үшінші ұлы да зор құрметпен қарсы алып, сыйлайды. Қайтар күні екі ұлына қойған сауалын кіші ұлына да қояды. Сонда кіші ұлы мұнда бір сыр бар шығар деп ойлайды. Сосын бастың тілінен кесіп береді.</p> <p>– Балам, енді жаман жерінен бір кесіп берші? – дейді. Баласы тағы да тілден кесіп береді. Сонда әкесі тұрып:</p> <p>– Балам, мұның қалай, жақсы жерінен кесіп бер десем тілінен кесіп бердің, жаман жерінен десем тағы да тілінен бердің,— дейді. Сонда баласы:</p> <p>– Ой, ата-ай, сіздің сынап отырғаныңызды біліп тұрмын. Жақсы да, жаман да, ұрыс та, керіс те, өсек те, бәрі де осы тілден шығады. Екі елі ауызға төрт елі қақпақ дегендей, әр адам өз тіліне сақ болса, еш уақытта ұрыс-керіс болмас еді. Басқа пәле тілден,— деген екен. Қарт үшінші ұлының ақылдылығына өте риза болып қайтады.</p>	
<p>Сараңдық пен жинақылық</p> <p>Бірнеше тәуір кісілер бір жетім-жесір қалған үй үшін жылу жиымыз деп, әр үйге қыдырып барып жүріп бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырда ұмытып, далада қалдырыпсың деп, қатты ұрысып тұр екен. Ұрысып тұрып айтады:</p> <p>— Сен білмейсің ол кішкентай ғана жіп те болса, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес, — деп.</p> <p>Мұны есітіп, көріп, әлгі жолаушылар өзді-өзі сөйлесті: «Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырдың деп сонша кейіп тұрған адам бізге ешнәрсе бере қоймас,</p>	<p>1-тапсырма</p> <p>Кестенің ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құра</p> <p>Және Бірақ Басқа Қадірін Онымен Рахмет Емес пе? Білу Мен Айтамыз Уақыт Еңбек Біз Күші Тағы Адалдық Болу Болмаса Олар Маңызды емес егер Адам Жеңбек</p> <p>2-тапсырма.</p> <p>Шульт кестесі бойынша оқы!</p> <p>Назын ғаршы Зар Бәһіште тәжін жылап пайғамбардың Айтайын асып көп барған киген миғражын шақта екен</p>

<p>аузымызды ауыртпай, келген ізімізбен қайталық». Ішінде біреуі айтты:</p> <p>— Неміз кетіп барады, келген соң бұған да айтып кетелік. Бұл сөзбен байға келіп, сәлем берді. Бай бұларды әдеппен үйіне кіргізді. Сонан соң келгендердің жұмысын есітіп, сол жердің өзінде бөтендерге қарағанда екі өсе ақша шығарып берді және мұнан басқа төрт-бес қап астық беремін деп уәде етті. Мұнысын керіп, жолаушылар таңданып отырды да, өздерінің далада байды сараңға қойғандарын айтысты. Сонда бай айтты:</p> <p>— Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетісті. Жинақтылық — сараңдыққа қосылмайды, — дейді.</p>	<p>Достына үмбет ләуләкайттыпты</p>
<p>Кім күшті?  Ерте, ерте, ерте екен,  Ешкі жүні бөрте екен,  Қырғауылы қызыл екен.  Қырғауылы қырқылдап,  Жалтыр мұзға сыртылдап,  Алшая келіп қоныпты,  Шаты айрылып қалыпты.  Қисая жатып қырғауыл Сонда мұздан сұрапты:</p> <p>– Мұз, мұз сен неден күшті болдың?  – Мен күшті болсам бауырымды жаңбырға тестірімес едім.  – Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?  – Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім.  – Жер, жер, сен неден күшті болдың?  – Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жұлдырмас едім.  – Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?  – Мен күшті болсам, көк тоқты мойнымнан жұлдыртпас едім.  – Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?  – Мен күшті болсам көк шұнақ қасқырға жұлқытпас едім.  – Көк қасқыр, көк қасқыр, сен неден күшті болдың?  – Мен күшті болсам, көк мылтыққа атқызбас па едім.  – Көк мылтық, көк мылтық , сен неден күшті болдың?</p>	<p>1-тапсырма  Күшті Әлсіз  2-тапсырма. Сан өлеңді жылдам оқы  Жазда ойлап қыс қа1000ды,  Жақ өз бақыт ша1000ды.  100еге асты 10ың ақылы,  Атына қ10ды батыры.  10ың тапқан көм5ін,  Қ10ыс 1ден көм5ін.</p>

<p>– Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.</p> <p>– Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?</p> <p>– Мен күшті болсам, құмырсқаға інімді алдырмас едім.</p> <p>– Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?</p> <p>– Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін, – деген екен құмырсқа.</p>	
<p>«Атымтай жомарт»</p> <p>Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-күскы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары сұрады дейді:</p> <p>– Жомарт, құдай бергей дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.</p> <p>Жомарт айтты дейді:</p> <p>– Төрт түрлі себеп бар.</p> <p>Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.</p> <p>Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін.</p> <p>Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.</p> <p>Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.</p>	<p>1-тапсырма</p> <p>Қажет санды қой</p> <p>84</p> <p>14     12</p> <p>81</p> <p>18     9</p> <p>2-тапсырма</p> <p>Логикамызды дамытайық</p> <p>1-А</p> <p>Б-3</p> <p>5-Г</p> <p>?-?</p>

Бастауыш сынып білім алушыларының коммуникативтік дағдыларын күнделікті өмірде қолдануы маңызды болып табылады, себебі бұл олардың тіл дамыту қабілетін арттырады және әлеуметтік коммуникацияларын жақсартады. Міне, олар тілдік дағдыларды қалайша күнделікті өмірде қолдана алады. Білім алушылар күнделікті өмірде жаңа сөздермен танысып, оларды дұрыс қолдану арқылы сөздік қорларын кеңейтеді. Мысалы, ата-аналар балалармен бірлесе берілген әңгімелерді оқып, достарымен сөйлесу кезінде өз пікірлерін білдіреді



және сұрақтар қояды. Бұл олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Балалар күнделікті оқиғаларды, оқу барысында алған әсерлерін немесе хикаяларды айтып береді. Бұл олардың баяндау және түсіндіру қабілеттерін дамытады.

Кітап оқу барысында білім алушылар мәтіндерді түсініп, олар бойынша пікір білдіріп, талқылау жасайды. Бұл олардың оқылым және тыңдалым дағдыларын жетілдіреді.

Білім алушылар өз пікірлерін білдіру кезінде дәлелдер келтіріп, аргументтерді дұрыс пайдалану арқылы талқылау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Білім алушылар ойын барысында немесе басқа әлеуметтік іс-шараларда сөйлесіп, тілдік дағдыларын дамыту арқылы өзара қарым-қатынастарын жақсартады. Осы тәсілдерді қолдана отырып, бастауыш сынып білім алушылары өздерінің тілдік дағдыларын күнделікті өмірде тиімді түрде қолдана алады және бұл олардың жалпы дамуында маңызды рөл атқарады.

Бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дағдыларын қалыптастыруда әртүрлі сөздер мен терминдер үйренеді, бірақ нақты санын анықтау қиын. Әдетте, бастауыш сынып білім алушыларының сөздік қорын дамыту үшін олар күнделікті өмірде кездесетін сөздер мен терминдермен таныстырылады.

Бастауыш сынып білім алушыларының тілдік дағдыларын қалыптастыру қазақ тілін оқытуда бірнеше маңызды әсер етеді. Білім алушылардың жаңа сөздермен танысуы олардың тілдік қорын байытады. Бұл олардың сөйлеу және жазу қабілеттерін жақсартады, сондай-ақ мәтіндерді түсіну және тыңдалым дағдыларын дамытады.

*Алматы қаласы Білім басқармасының «№202 мектеп-гимназия» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шаймаганбетова Алтынгүль  
Кенжегарақызының іс – тәжірибесінен*

Бастауыш сыныпта білім алу кезеңі – білім алушының бойында тұлғалық құндылықтарын қалыптасып, жеке тұлға ретіндегі қабілеттерінің негізі қаланатын, рухани болмысына қатысты сапалық өзгерістер дамып, танысам, білсем деген танымдық қабілеттері ерекше даму үстінде болатын кезең. Сондықтан да бастауыш мектепте білім алушыға білім беріп қоймай, оны жалпы дамыту, қоршаған ортаны объективті түрде бақылап, талдау жасауға, ойын толық жеткізе алуға, дәлелдеуге, өзін-өзі бағалауға, қарым-қатынас мәдениетіне үйретуге бағыттау керек. Осы тұста тілдің атқаратын орны өте маңызды. Өйткені, тіл – елтану мағлұматтарының қайнар көзі. Белгілі бір елдің табиғат жағдайы, географиялық орны, қоғамдық идеологиясы, тарихи даму барысы, әлеуметтік құрылыс сипаты, ғылым мен өнердің даму деңгейі, қоғамдық ой-сана бағыты – яғни елдің өміріне тән барлық ерекшеліктер сол халықтың тілінде өз көрінісін табады. Сондықтан кез келген тілді меңгере отырып, адам өзінің ой-өрісін кеңейтіп қоймайды, сонымен қатар дүниетанымын, қоршаған ортаға көзқарасын дамытады.

Ұлттық мәдениеттік қарым-қатынас жасаудың бүгінгі күннің күн санап артып отырған қажеттілігі қазақ тілі пәні мұғалімінің мәдениетаралық қатысым

тасымалдаушы ретінде кәсіби дайындығын күшейтуді талап етеді. Осыған байланысты мұғалім өзінің кәсіби-педагогикалық құзырлығының құрамына мәдениетаралық компетенцияны да қосуы қажет. Сол сияқты ата-ана да өз баласының ортамен қарым-қатынас жасауының басты құралы тілді меңгеруіне, дамытуына өз үлесінің қосары зор екендігін сезіну керек. Өйткені, баланың сапалы білім, саналы тәрбие алуының жауапкершілігі ата-анада. Ендігі кезекте ата-ана қалай баласына қазақ тілін үйретіп, баласының ойын еркін жеткізіп, тіл тазалығын сақтай отырып сауатты сөйлей алады деген сұрақ туындайды. Оның бірнеше жолдары бар. Соларға тоқталып өтейік. Ең алдымен тілді меңгертудегі көңіл аударатын басымдықтарға назар аударсақ.

Тілді меңгерту барысында пән мұғалімі сол тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі, оны халықтың ойлауымен, мәдениетімен байланысы туралы, тілдің пайда болуы мен дамуы туралы, тілдің дамуы мен қызмет етуіндегі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың арақатынасы туралы негізгі теориялық қағидаларды білуі, тілді құрылымына және деңгейіне қарай жүйелі ұйымдастыруды, тіл біліміндегі қазіргі тенденцияларды білу және оларды сыни тұрғыдан бағалай білуі, оқытылатын тілдің даму тарихындағы негізгі кезеңдерді білуі, оқытылатын тілдің ауызша және жазбаша түрлерінің функционалдық стильдерінің ерекшеліктерін білуі оқытылатын тілдің орфоэпиясы мен орфографиясының негізгі қағидаларын білуі міндетті. Ал білім алушылар мен ата-аналар қалай меңгеріп, үйренуі қажет деген сұрақ туындаған кезде мұғалім мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға ерекше назар аудару керек.

Қазақ тілі пәні мұғалімінің бастауыш сынып білім алушылармен жұмыс жасау үшін мынадай қажетті кәсіби іскерлікті талап етеді:

- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды құра білу қабілеті, олардың қажеттіліктері, қызығушылықтары мен қабілеттеріне жауап беретін тапсырма түрлерін ұсына білу;

- оқу бағдарламаларын түрлендіру мүмкіндігі;

- білім алушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін ынталандыру мүмкіндігі;

- ата-аналарға кеңес беру қабілеті, өйткені олардың әрекеттерін балалардың ата-аналарымен үйлестіру қабілеті тілді ойдағыдай үйрену үшін қажет;

- білім алушылардың іс-әрекетін бағалау кезінде олардың өзіне деген сенімін дамытуға қажетті ізгілік таныту қабілеті;

- білім алушылардың оқу іс-әрекетінің техникасын меңгеріп, сонымен бірге белгілі бір нәтижеге жетуіне жағдай жасау мүмкіндігі.

Қазіргі уақытта қазақ тілін оқытудың мақсаты мен мазмұнына сәйкес толығымен мәдениетаралық қарым-қатынасқа бағыттап, білім алушылардың қазақ тілін оқып-үйренуде ұлттық мәдениетті, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баули отырып меңгертіп, мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін дамыту, танымдық белсенділіктерін арттыру қажет.

Мәдениетаралық қарым-қатынас қабілет-дағдыларын қалыптастыруда таңдалған тақырыптар ұлттық құндылықтарға негізделген, танымдық бағытта болуына баса назар аударған дұрыс. Мәтінді оқи отырып, оның тәрбиелік мәніне де терең бойлата білу өте маңызды.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту барысында ұлттық-мәдени ерекшеліктер, тілдің лингвистикалық бейнесін түсіну арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытып, сөйлеу әрекетін жеткізуші ретіндегі мәдениеттер, халықтың мәдени және рухани құндылықтары, ұлттық бірегейлік диалогы туралы түсінік беріледі.

«Қазақ тілі» пәнінен берілетін білім мазмұны мен мақсаты: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым сынды сөйлеу әрекетінің түрлерін дамыту арқылы білімдерін оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдануға үйретуге, функционалды сауаттылыққа негізделеді. Бұл тұрғыда, балаға оқу мен жазуды үйретіп қана қоймай, мәтіннен ақпарат алу мақсатында білім алушының оқылым және жазылым дағдыларын еркін қолдана білу қабілетін, ал ақпаратты таратуда, жеткізуде тыңдалым, айтылым дағдыларын дамыту міндеті тұр. Себебі тіл арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар бағаланады, жеке тұлға тәрбиеленеді, тілдің көмегімен баланың танымдық қабілеті дамиды. Аталмыш тілдік дағдылар білім алушының айналадағылармен еркін қарым-қатынас жасауына, пікірлесу барысында жеке көзқарасын еркін әрі жүйелі білдіруіне, тыңдаған немесе оқыған ақпаратты сараптау арқылы тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

Мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыруда аталған тілдік дағдылардың ішінде оқылым дағдысының орны ерекше. Себебі оқудың тиімді тәсілін меңгеріп, оқыған ақпарат бойынша талдау жасай алған адам өз пікірін де еркін айтады, сауатты жазатын болады.

«Кез келген мәтінді оқып, ондағы ақпаратқа сенбес бұрын әр адам төрт сатылы сыни оқу стратегиясын қолдана білуі тиіс: шолу, талдау, оқу және бағалау» деген екен Руггиеро. Оқылым дағдысы жазба тілдегі мәтінді түсіну мен қабылдаудың, ақпарат алудың негізгі формасы болып табылады. Күнделікті кездесетін ақпараттың едәуір бөлігі дәл осы оқу процесінде қабылданады.

Әдетте оқылым стратегиясының үш түрі қолданылады: шолып оқу, іріктеп оқу, зерттеп оқу.

Алғашқысында оқырман мәтіннің мазмұны туралы жалпы ақпарат алуға тырысады. Білім алушының алдында тұрған негізгі коммуникативті міндет – тұтас мәтінді жылдам оқу нәтижесінде мәтіндегі негізгі мәселе туралы жалпы түсінік алу.

Екінші жағдайда өзін қызықтыратын нақты ақпаратты табу үшін мәтіннің қажетті бөлігін іріктеп оқиды.

Ал зерттеп оқуда мәтінді жүз пайыз игере отырып, онда көтерілген барлық мәселелерді мұқият талдайды.

Сонымен қатар оқылымда түрлі тәсілдерді қолданамыз: детальді түрде оқу да бар, әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқуды қажет етеді.

Ал болжау тәсілі әдетте оқылым тапсырмасы алдында қолданылады. Білім алушылар мәтінді оқымас бұрын оның тақырыбына, кітаптың мұқабасына, кіріспе бөліміне сүйеніп, оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап, болжап көреді. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мысалы, 3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша Ы. Алтынсариннің «Баланың айласы» әңгімесіне талдау жасау үшін оқылым стратегияларын қалай қолдана аламыз?

Алдымен, болжап оқу стратегиясына тоқталайық. Бұл стратегияны қолдана отырып, бала мәтінді оқығанға дейін онда не туралы айтылатынын мәтіннің тақырыбына немесе ұсынылған суретке назар аудара отырып болжай алады. Мысалы, төмендегі суретке қарап, бүгін танысатын әңгімелеріңіз не туралы болатынын болжау.



1- сурет. «Бір әлім мен жыланның кездесуі»

Бұл тәсіл білім алушының мәтін мазмұнымен танысуға деген қызығушылығын оятады, креативті ойлауға жетелейді. Сол сияқты мәтінді оқу кезінде де мәтінді оқуды қызықты тұсында тоқтатып, оқиганың әрі қарай өрбуін, дамуын болжатып, кейін түпнұсқа мәтінмен салыстыра оқытуға болады. Мысалы:

Бір әлім адам жапанда келе жатып, аяғы астында бір үлкен тасқа сүрініп жығылып, ойлады: бұл тас адамға зиян келтіретін тас екен, жолдан алып тастайын деп. Сол оймен тасты көтеріп еді, астынан бір сандық шықты, сандықты ашып еді, ішінен бір жылан шығып, шағамын деп әлімге ұмтылды, әлім айтты:

Мен сені қараңғы, тар жерден, тұтқыннан шығардым, жақсылыққа жамандық бар ма?

Жылан айтты:

- Бар.

Әлім айтты:

- Олай болса біреуге жүгінелік, төре саған тисе шағарсың, - деп.

Жылан да бұл сөзге тоқтап, екеуі келе жатып, түйеге жолықты. Түйеге бұлар істерінің мәнісін айтып еді.

Оқиганың дамуын болжау. Түйенің жауабы қандай болды?

Болжап оқу стратегиясы білім алушының логикалық және креативті ойлауына оң әсер етеді.

Оқылым стратегияларының келесі бір жиі қолданылатын түрі – нақты ақпараттарды табу үшін оқу. Бұл тәсілде тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мәтіннен қажет деректі, сандық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздер мен сөйлемдерді тауып алу жеткілікті. Мысалы, төмендегі

ақпараттардың дұрыстығын мәтіннен тауып, «ақиқат» немесе «жалған» деп белгілеу.

Ақпарат	ақиқат/жалған
Менің жемісіммен қанша адам күн көріп пайдаланып тұрса да, жемісімді жан ауыртпай қолымен алмай, түбімнен қатты орып, жемісімді жерге түсіріп алып жейді.	
Жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да, манағы қобдиға кіріп жатты	
Түйе әлімнің жыланнан құтылуына көмектесті.	

*1-кесте. Ақиқат/жалған табу*

Мұндай тапсырмалар балаға мәтіннің мазмұнына терең үңілмей, тапсырмада сұралған ақпараттарды ғана мәтіннен көз жүгірте іздеу арқылы табуына, уақыт үнемдеуіне мүмкіндік береді.

Ал іріктеп оқу стратегиясы тапсырмаға сәйкес мәтіннің бір бөлігін ғана оқуға негізделеді. Іріктеп оқуда тапсырмалар мәтіннің нақты мазмұнын, қажетті ақпаратты анықтауға, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға, білім алушылардың оқуға деген өзіндік көзқарасын ашуға бағытталуы мүмкін.

Мысалы, мәтіннің ең соңғы абзацын оқып, балаға мінездеме беру.

Бала тіпті нанбады, «бұл сөзге көзбен көрмей кісі нанып болмас» деп. Сонда жылан баланы нандыру үшін иіріліп барды да, манағы қобдиға кіріп жатты. Бала сонда тарс еткізіп сандықты жауып бекітті де, Әлімнің қолына берді, «апарып алған орныңызға қойыңыз» деп.

Бұл тұста білім алушы мәтінді толық оқымай, белгілі бір бөлігінен қажетті ақпаратты іріктеп қолдана алады.

Ал рөлге бөліп оқу білім алушылардың оқу таным белсенділігін, қызығушылығын арттыруда, сабақтың эмоциялық, психологиялық мәнін нәрлендіруде пайдалы. Білім алушы мәтіндегі негізгі ойды рөлге еніп оқу арқылы саралайды, тілдік нормаларды дұрыс қолдануға дағдыланады.

Зерттеп оқу – күрделі оқу түрі. Ол білім алушыдан мәтінге назарын шоғырландырып, астарлы ойын, мәтіндегі көтерілген мәселені зерделеп оқуды талап етеді. Бұл стратегия білім алушыны сындарлы ойлауға, назарын шоғырландыра оқуға, мәтінге терең талдау жасауға жетелейді.

Демек, бастауыш буыннан бастап оқылым стратегияларын тиімді қолдану білім алушылардың мәтінді оңай түсінуіне, уақытты тиімді пайдалануына, тапсырманы орындаудың тез, ыңғайлы жолын меңгеруіне, ең бастысы – функционалдық оқу сауаттылығының артуына әкелетін құралға айналады.

Оқырман сауаттылығының негізі, оқылым жұмысын ұйымдастырудың басты құралы – мәтін. Мәтінмен жұмыс білім алушының мәтіннен қажетті ақпаратты алуына, нақты мәтіннен қорытынды шығаруына, негізгі кейіпкердің әрекеттерін түсінуге, мәтін құрылымының бастапқы сараптамаларын алуға көмектеседі.

Мәтін – өзара логикалық байланысқа құрылған бірнеше сөйлемдерден, абзацтардан тұрады және тиянақты бір ойды, оқиғаны білдіреді. Мәтінде берілетін оқиға хабарлау, баяндау, әңгімелеу, сипаттау, суреттеу тәсілдері арқылы жеткізіледі. Мәтін белгілі бір құрылыммен беріледі, оның кіріспе,

негізгі, қорытынды бөлімдері болады. Ал мәтіннің тақырыбы мәтінде баяндалатын оқиға мен автор айтқысы келетін негізгі ойдың түйіні болып келеді. Мәтіннің формасы тек қарасөз түрінде емес, қарасөз бен сурет араласқан, тек қана суреттен, кестеден, сызбадан, картадан, тағы басқа графикалық нұсқалардан тұруы мүмкін. Мәтіннің келесідей түрлері бар: әңгімелесу, пайымдау, сипаттау.

Әңгімелеу мәтіні қандай да бір оқиғаны баяндайды. «Не істеді?» сұрағына жауап береді. Сипаттау мәтіні бір нәрсенің бейнесін (затты) немесе табиғат көріністерін сипаттап көрсетеді және «Қандай? Қалай?» сұрақтарына жауап береді. Мысалы: Айнала ақ күміс ақ мамық қарға оранып, аспан тұнжырап тұрды. Пайымдау мәтінде белгілі бір пікір түсіндіріледі, дәлелге құрылады және «Не үшін?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап береді. Мәтіннің түрлерін сұрақ қою, мазмұнына назар аудару арқылы ажыратамыз.

Бастауыш сыныпта мәтінмен жұмыс басты әрі маңызды әрекет деп танылады. Себебі білім алушылардың қабылдау, түсіну, ойлау, интерпретациялау қабілетін арттыруды алғашқы баспалдағы мәтінмен жұмысты ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. 3-4-сынып білім алушылары тұтас мәтінді бөлшекке айналдырып, әр бөлігіне ат қоя біледі, яғни әрбір мәтін бойынша жоспар құрай алады.

Алайда мәтінді бөліктерге бөліп оқыған кезде әр бөлімге не әр абзацқа ат қоя беруге болмайды. Өйткені мәтіннің ішкі мазмұнына, логикалық бірлігіне орай жоспар жасау керек. Жоспар құру немесе бөлімдерге ат қою 3-сыныпта хабарлы сөйлем түрінде, кейін бірте-бірте сұраулы сөйлем түрінде жүзеге асырылса, 4-сыныптан бастап білім алушылар мәтін бөліктерін атаулы сөйлем арқылы жеткізуді үйренеді. Оқу сауаттылығын анықтауға бағытталған тест тапсырмаларында мәтіннің құрылымына, мәтін бөліктеріне атау, мәтін бөліктеріндегі негізгі ойға қатысты сұрақтар көптеп кездеседі. Сондықтан мәтін бөліктерімен жұмыс жүргізу, мәтінді тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа талдату аса маңызды болып саналады.

Мәтінмен жұмыс кезінде берілетін тест тапсырмаларында мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдау арқылы балалар қысқа мәтінді толық түсінуіне, берілген ақпараттан өзіне керек мәліметті ажырата алуына мүмкіндік алады. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табу арқылы мәтіндегі негізгі ойды білдіретін маңызды деректерді іріктеуге үйренеді. Мәтін бойынша нақты және қосымша ақпаратты анықтау арқылы ақпаратты іріктеуге дағдыланса, мәтінге нақты тақырып таңдау арқылы мәтіндегі дәйектемелер тізбегін түсініп, қорытынды жасауға, негізгі ойды анықтауға дағдыланады.

«Мен еш уақытта өз білім алушыларыма ешнәрсе үйретпеймін, тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын», -деп Альберт Эйнштейн айтқандай, еліміздің ертеңін, тәуелсіз ел тірегін, саналы ізбасарларымызды білім нәрімен сусындатуда олардың оқуы үшін жағдай жасау қажет. Мәтіндерге талдау жасау кезінде мұғалімнің шеберлігі, ұсынылған оқылым стратегиялары мен әдістері, мәтін бойынша сұрақтарды жүйелі құрастыра білуі оң нәтижелерге әкелетінін ұмытпаған жөн. Себебі оқылым барлық дағдылардың негізі болып табылады. Ал

оқылым стратегияларын тиімді қолдануға бағыттай отырып, білім алушылардың мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау дағдысының сапасы арттыруға болады.

Қазіргі уақытта қоғам талабына сай бәсекеге қабілетті, яғни жан-жақты дамыған, сын тұрғысынан терең ойлайтын, функционалдық сауаттылығы жоғары, зерттеушілік дағдысы қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеудің маңызы зор. Осы тұста білім алушылардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз – білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету екенін нақты атап өтсек дейміз. Бүгінгі заман талабы да білім алушылардың өздерінің алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу, тәжірибеде жүзеге асыра алу болып отыр. Осы мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін, күнделікті сабақта жаңа тақырып сайын PISA тапсырмаларын қосып дайындау керек деп ойлаймыз. Өйткені, бүгінгі бастауыш сынып білім алушысы PISA зерттеуіне дайын болуы керек. PISA зерттеуі 15 жастағы білім алушылардың қазіргі қоғамға толық қатысу үшін қажетті негізгі білім мен дағдыларды қаншалықты жақсы меңгергенін бағалайды.

Мәтінмен жұмыс жасап үйренген білім алушы кез келген мәтінмен жұмыс жасай алады. Мысалы, мәтін бойынша сұрақ қояды, сұраққа өз пікірін қоса отырып, мәтін бойынша жауап береді, қорытынды жасайды, өз білімінің қандай деңгейде екенін анықтай алады.

Ендігі кезекте оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында қандай әдістерді қолдану тиімді екендігіне тоқталып өтейік. Мысалы:

*«Әдебиет үйірмесі (топтық тергеу)» әдісі*

Бұл әдіс мәтін мазмұнын талдауда өте тиімді болып табылады. Сыныптағы білім алушылардың барлығын шағын топ құрамында қызыға жұмыс жасайды және оларды топтық жауапкершілігіне үйретеді. Сонымен қатар материалды жан-жақты ойлау тұрғысынан қарастыруға, түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәтін тек материал күйінде қалып қоймай, онымен кеңірек ізденіс жасауға және қол жеткізуге болатын ресурстарды пайдалану дағдысын дамытады.

Әдісті жүзеге асырудың тәсілдері:

1-қадам. Мұғалім сынып зерттеу үшін дәлелденген және қызықты мәтін таңдайды (Мұғалім мәтін берместен бұрын, егер ол үй тапсырмасы емес, сабақ уақытында жасалатын жұмыс болса, зерттеу жұмысына қатысты қажеттіліктерді дайындап алуы керек).

2-қадам. Мұғалім сыныпты шағын топқа бөледі де, мәтінмен таныстырады. Мұғалім құралдардың бастапқы топтамаларымен таныстырады және рөлдерде жұмыс жасау барысында, осы құралдарды қалай пайдалану керектігін түсіндіреді.

Баяндаушы. Оның міндеті – өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып, оқиғаның мазмұнын баяндау;

Қуғыншы. Оның міндеті – мәтіндегі кейіпкерлердің ізін қуып, олардың іс-әрекеттерінен, мінезінен көз жазбайды, әр қимылдарынан хабардар болып отыру;

Ізденуші. Оның міндеті – мәтінге қатысты және онда көтерілген мәселе туралы көптеген ақпарат /кино, көркем әдебиет, әлем әдебиеті, саз өнері, поэзия, теле бағдарлама т.б./ жинау;

Сөзтапқыш. Оның міндеті – сынып дауыстап оқығысы келетін мәтіннің маңызды, қызықты жерлерін тауып оқу және мәтіннің тақырыбын, руханилығын ашатын немесе құптайтын афоризмдер мен мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін, құбылту (троп), айшықтау (фигура) түрлерін табу;

Сұрақ құрастырушы. Оның міндеті – топты сөйлету үшін негізгі оқиғаларды қамтитын немесе әңгіменің жалпы мазмұны бойынша сұрақтар дайындау. Бастысы, білім алушылар сұрақ қоюдың мөлшерін, яғни жабық және ашық сұрақтарды құрастыруы қажет. Және тақырып туралы ауытқымай сөйлеу, кезекпен сөйлеу, талқылауға қатысуды қадағалап отырады.

Дәнекер. Оның міндеті – мәтінді, онда көтерілген негізгі идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі шынайы өмірмен байланыстыру.

3-қадам. Білім алушылар зерттеу құралдарымен танысады. Зерттеу жүргізу бойынша сұрақтар қояды және топтарды рөлдерге бөліп алады.

4-қадам. Білім алушылар ой шақыру және мұғалімнің қатысуымен пікірталас жүргізуге, ақпараттың басқа көздерін пайдалануға құқылы.

5-қадам. Білім алушылар өздерінің зерттеулерін жоспарлайды. Мұғалім оларды аралап жүріп, зерттеулерін өткізу бойынша ұсыныстарын суретке түсіріп беруін сұрай алады.

6-қадам. Білім алушылар зерттеудің бөліктерін мәтінді толық қамту үшін талқылайды.

7-қадам. Білім алушылардың мәтінді зерттеу уақыты бірнеше минутқа, ал кейде бірнеше күнге созылуы мүмкін. Мұғалім сыныпта ортада тұрып, әр білім алушының жауапты рөлі болуын қадағалайды. Топтардың зерттеу жұмысына көмектесе алады.

8-қадам. Топ сыныпқа таныстырылымын жоспарлайды. Олар өздерінің ең маңызды жаңалықтарын көрсетеді. Таныстырылым белсенді және қызықты болуы керек.

#### *«Бағытталған оқу» әдісі*

Бұл әдіс – білім алушыларды мәтінді оқу барысында сұрақтар арқылы оны түсінуге бағыттайтын стратегия. Білім алушылардың мәтінді оқу үдерісін мұғалім әр мағыналы абзац сайын тоқтатып отырады. Әдісті жүзеге асырудың қадамдары:

1-қадам. Мұғалім әңгімені алдын ала мағыналы бөліктерге бөлу керек. Сонан соң түсінуге бағытталған әр үзінді бойынша, әр бөлікті оқығанға дейін немесе оқыған соң қойылуы мүмкін сұрақтар ойластырады.

2-қадам. Соңында оқыған мәтінін қайта қарауға және алынған білімді қолдануға ықпал ететін тапсырма беру керек. Бұл сондай-ақ үй тапсырмасы болуы мүмкін.

*«Борттық журнал» (Гудлат) әдісі.* Білім алушы берілген мәтін арқылы қандай тақырыпты меңгергенін, оның өзіне қаншалықты қажеттілігін түсініп, мәтін арқылы қандай жаңалық білгенін жинақтап жазады.



Маған осы тақырып бойынша не түсінікті?	Мәтіннен қандай жаңалық білдім?

2-кесте. «Борттық журнал»

*«Сюжетті кесте» әдісі*

Ақпаратты берген уақыттан бастап жұмыс барысында ойдың кезеңін анықтап отыруға мүмкіндік береді. Есте сақтау қабілетінің қандай деңгейде екенін анықтауға болады.

Кім?	Не?	Қашан?	Қайда?	Неліктен?

3-кесте. «Сюжетті кесте»

Мәтінмен жұмыс барысында қажетті ақпаратты табу үшін «Түртіп алу» стратегиясын қолдану маңызды.

Ақпаратты іріктеу жолдары: кітаптағы сызулар, жиектегі белгілер.

Жиектерге қойылатын белгілер:

«!» – өте маңызды;

«?» – күмән тудырады, түсініксіз;

«v» – негізгі, назар аудару керек;

«=» - қорытынды, түйіндеме, нәтиже.

Бұндай әдіс-тәсілдер арқылы оқылым дағдыларын қалыптастыра отырып, білім алушының білімін өздігінен дамытуына бағыттай аламыз.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында берілетін тапсырмаларды тест түрінде де тіл біліміне қатысты да ұсынуға болады. Мысалы:

Көркем мәтінді оқудағы дұрыс орфоэпиялық норманы көрсетіңіз.

Сөздердің дұрыс айтылу нормасын көрсетіңіз.

Бұл тұста білім алушы да, ата-ана да тест тапсырмасын орындай отырып, тілдік нормаларды сақтауды, тіл тазалығын сақтауды үйренеді.

Мәтінмен жұмыс жасай отырып, білім алушының жазылым дағдылары да қалыптасады. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрап, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылым түрлеріне: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс-қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетінде орналасу тәртібі; ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылымның ішкі дағдыларын – екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

1. Орфографиялық қатесіз жазу;
2. Сөздерді бірге, бөлек дұрыс жазуы;
3. Пунктуацияны дұрыс қолдану;
4. Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу;
5. Сөздерді дұрыс таңдай білу;

6. Грамматиканы дұрыс қолдану;
7. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
8. Абзацты (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

1. Стильді дұрыс таңдай білу;
2. Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;
3. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу. Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады.

Мәселен, «Наурыз мейрамы» тақырыбында мәтін беріледі. Білім алушы мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. Наурыз мейрамының ерекшелігін, оның өзге ұлт мерекелерінен басты айырмашылығын анықтап, түсінеді. Осыдан кейін төмендегідей тапсырмалар беріледі.

*«Төрт сөйлем» әдісі*

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жазыңыз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіз.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.

*«Хат жазу» әдісі.* Хат бірінші жақтан баяндалады. Нақты адресант( хатты жазушы) пен адресат (хат жолдаушы) болуы керек. Хат жазудың алгоритмі төмендегідей:

1. Адресант сәлемдесу түрін анықтауы қажет (хат жолдаушының жасын, әлеуметтік жағдайы мен қарым-қатынасын есепке алуы керек).

2. Жазу барысында:

а) хат жолдаушының өзіне, қызметіне қызығушылық тудыратын мәселені анықтап алу керек;

б) баяндау тәсілін анықтап алу керек;

в) қорытынды жазу;

г) авторға тілек айту;

д) керек болған жағдайда «P.S» белгілеу (постскриптум-хатта үлгермеген хабарлаулар);

е) хаттың безендірілу мәдениетіне көңіл аудару (күні, қолы, сауаттылығы, тазалығы, қағаздың сапасы) керек. Бұл деңгей хат авторын, оның адресатқа деген көзқарасын анықтайды.

Жоғарыдағы алгоритмді сақтай отырып, тапсырманы орындатуын қадағалау керек.

Тапсырма: Шетелдік досыңызға Наурыз мейрамы туралы хат жазыңыз. Хат жазу барысында білім алушы өзінің ұлттық мейрамының басты ерекшеліктерін ашып жазады. Мерекені тойлау барысында өзінің неге басты назар аударатыны туралы айтады. Жазылған хат мазмұны бойынша баланың атаулы тақырыпты қаншалықты меңгергенін байқаймыз. Қосымша ақпараттар қолдана білуіне назар аударамыз.

*«Хабарландыру жазу» әдісі*

Білім алушы хабарландыру жазудың талаптарын сақтай отырып, Наурыз мейрамы туралы хабарландыру жазады.

*«Тұрақты тіркестер» әдісі*

Мәтінге қатысты тұрақты тіркестерді жазып, оның синонимдік қатарын жазып, мағынасын түсінеді. Қосымша жазған тіркестердің орыс, ағылшын тіліндегі баламаларын тауып жазуға тапсырма беруге болады.

Бұл тапсырмаларды орындау барысында білім алушының сауаттылығы тексеріліп, өз ойын қаншалықты нақты жеткізе алатынын айқындай аламыз. Ата-аналар да өз баласының білім деңгейін қадағалай алады.

*«Экспресс – портрет» әдісі*

Бұл әдістің мақсаты материалды бекітуге, сипаттауға, жалпылауға, ақыл-ой қызметін белсендіруге, шығармашылық белсенділік пен қиялды дамытуға; сөздік қорын, жазбаша сөйлеуін кеңейтуге; топта жұмыс істей білуге негізделген.

Құрал-жабдықтар: жазбаларға арналған парақтар, қораптар (топтар саны бойынша), суреттер жинағы (топтар саны бойынша).

Орындалуы: 3-4 топқа бөлінеді. Топтағы әрбір білім алушы жануардың немесе өсімдіктің аты жазылған карточка алады. Топтың алдында жануарлар мен өсімдіктер бейнеленген суреттер жинағы салынған қорапша. 3 минут ішінде қағазға осы жануардың (өсімдіктің) «портретін» жазу керек.

Содан кейін топтағы әркім өз жұмыстарын таныстырады: табиғат аймақтары, қауымдастық, т.б.

«Мен сендерді жануармен (құс, жәндік...) таныстырғым келеді, ол мынаған ұқсайды...» деп оқиды. «портрет». Топтағы білім алушылар кімнің «портреті» сипатталғанын болжайды және қораптағы суреті бар суретті табады. Бұл әдістің тиімділігі білім алушының төрт дағдыны да қалыптастыра алады.

*«Символдар арқылы сөз құра» әдісі*

«Символдар арқылы сөз құра» әдісінің мақсаты – білім алушылар суретке қарап, сөз құрап, сөйлем құрастыру. Балалардың ойлау қабілетін күшейту, тез шешім қабылдау, жылдам ойланып, тиянақты, тұжырымды жауап беру.

*«60-60-60» әдісі*

Мақсаты: оқылатын материалдан нақты фактілерді, кілтті жерлерді таба білу;

Жүргізу: бірінші білім алушы екінші білім алушыға 60 секунд ішінде өз зерттеуінен/ оқығанынан бір факт туралы айтып береді.

Екінші білім алушы біріншіден естіген фактісін 60 секунд ішінде үшінші білім алушыға айтып береді. Ол фактінің қаншалықты нақты екендігін талқылайды.

Үш білім алушы бірігіп (бас қосып) талқыланды тақырып бойынша оқу барысында білім алушылар білуі үшін қажет кез-келген нақты ақпараттар жазады, сынып білім алушыларына ұсынады.

*«Сондай, бірақ басқа» әдісі*

Мақсаты: Тиісті сөздер қатарын басқа сөздермен алмастыру, ойын жинақтай отырып сөйлемдер ( мәтін) құрау, оны аудиторияға белгілі бір уақытта жеткізу.

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану үшін сөздің мағынасы мен грамматикалық ережелерін меңгеріп қою жеткіліксіз. Мәдениетаралық қарым-қатынас ұлттар мен мәдениет арасындағы өзара түсіну құралы ретінде қарастырылатынын естен шығармауымыз керек.

Тілді меңгерту барысында білім алушыларға көмектесу үшін әр түрлі іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастырып, тақырыптық апталықтар мен байқаулар өткізу керек. Бұл шараларды ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастырған дұрыс. Мұғалім балалардың өмірінде үлкен роль атқаратыны шындық. Дегенмен, мұғалімнің ықпалы ата-ана ролінің маңыздылығынан асып кетпеуі тиіс. Мұғалім мен ата-ана арасындағы дұрыс қарым-қатынас баланың жақсы білім алуына негіз болады. Пән мұғалімі ретінде мұғалім қаншалықты тілді үйреткенімен, отбасындағы тілдік қатынас қалай да болсын балаға ықпал етеді. Сол себепті де ең алдымен ата-ана өз баласына жанашыр бола білу керек.

Жобаға негізделген оқыту (PBL) – жобалық және топтық жұмыс арқылы білім алушыны түрлі қырынан ашуға көмектесетін әдіс. PBL өмірлік машықтарды үйретіп, балаларды ересек өмірге дайындайды, жауапкершілік үйретіп, жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастырады. Ең бастысы жоба тақырыбын балалардың өздері таңдағаны дұрыс. Алайда баланың жас ерекшелігіне, қабілет деңгейіне сай болуын естен шығармау керек. Өзін қызықтыратын, өзіне жақын тақырыпты таңдау арқылы жобаны дайындау кезінде нақты мәселелермен бетпе-бет кездесіп, түрлі құралдарды пайдаланып, талдау жүргізеді, әр түрлі мамандармен кездеседі, өз көзқарастарын ұсынады, шығармашылық қабілеттерін, топпен байланыс құруда коммуникациялық қабілетін дамытады. Бұл жобаны орындау барысында білім алушылар сонымен қатар сценарий жазуды, бейнематериалдар өңдеуді үйренеді, сарапшылар алдында өз жобаларын көпшілік алдында өз жұмысын қорғауды үйренеді. Ал ата-аналар осы кезеңдердің барлығында кеңесші, қолдаушы, көмекші ретінде қызмет атқаруы тиіс. Осы тұста айтарымыз: жұмыстың әр кезеңінде ата-ана өз баласының бойындағы қабілеттер мен икем-дағдыларды ерекше тани алады. Жобалық әрекет арқылы ата-ана мен балалар әр түрлі қиындықтарды да көріп, нақты өмірлік жағдайда өз машықтарын жетілдіре алады. Ата-ана тарапынан қолдау көрген баланың қызығушылығы да артады. Бірлесе отырып жасалған жоба жұмысының нәтижесі де жоғары көрсеткіш береді. Ата-ананың ынталандыруы, бағыттауы бала үшін өте маңызды. Практика жүзінде қалай жүзеге асыруға болатынына мысал ретінде «Ұлттық тағамдардың пайдасы» атты жоба тақырыбын ұсынайық. Проблемалық сұрақ: «Саумалдың денсаулығымызға қандай пайдасы бар?». Ең алдымен күнделікті өмірде таныс, қолданатын тағамның пайдасы мен құрамымен танысу үшін саумал туралы үлкендерден сұрап, сұхбат алады. Дәрігерлерден оның құрамындағы пайдалы минералдар мен дәрумендер туралы ақпарат алады. Олардың денсаулыққа қаншалықты пайдасы бар екендігін нақтылайды. Сұхбат алу барысында кей жағдайларда саумал

ішудің зияны бар ма, кейбір адамдардың денсаулығына байланысты қарама-қарсы тұстары бола ма деген сияқты нақтылау сұрақтарын қою керек. Сұрақтарды қою барысында сауатты, нақты, жетекші сұрақтар болуына көңіл аудару керек.

Мүмкіндік болған жағдайда баланың саумалды дайындауды өз көзімен көріп, тәжірибе жұмысын жасағаны дұрыс. Өйткені жоба өмірмен тығыз байланысты болғандықтан, бала тақырып аясында ауқымды ойланып, қызығушылығы арта бастайды. Ата-ана балаға бағыт беріп, жоба жасауына көмектесіп, қоғамдық коммуникациялық қабілетін дамытып, жасаған жұмыстарын әділ бағалауы керек. Мысалы, шаруашылық қожалықтарына, немесе жайлауға барып, бие сауу, қымыз дайындау кезіндегі әрекеттерді көріп, піспек, күбілерді ұстап көріп, күбіні тобылғы, қайыңмен ыстау процесін тамашаласа, бала бір қымыздың дайындалуы үшін қанша еңбек жасау керек екенін түсінеді. Бұның өзіндік тәрбиелік аңызы зор болмақ. Адам еңбегін бағалау осындай қарапайым қадамдардан басталады. Саумалды ішіп, дәмін сезу арқылы қымыз бен саумал арасындағы айырмашылықты анықтайды.

Бір жоба жұмысы аясында бала мен ата-ана бірнеше жұмыс жасайды. Жинақталған барлық ақпаратты өңдеп, бейнематериал дайындайды. Бейнематериал дайындау барысында презентациясы креативті болуы үшін ізденеді. Лексикалық тақырыптың негізінде грамматикалық тақырыпты аша алады. Материалдарындағы сөздердің синонимдік, антонимдік қатарларын, тұрақты тіркестерді ұтымды қолдануына назар аударады. Тіл тазалығына баса көңіл бөледі.

Постер жасайды.

Галерея ұйымдастырады.

Сауалнама жүргізеді.

Ғаламтордан ақпараттар жинайды.

Диаграмма жасайды.

Ақпараттарды өңдейді.

Презентация жасайды.

Жобаның нәтижесінде бала мынаны түсінеді:

1. Саумал – ұлттық тағам.
2. Саумалдың қымыздан айырмашылығы бар.
3. Саумалдың ағзаға пайдасы зор.
4. Саумалды ішудің ережесі бар.

Жоба жасау барысында ата-анамен бала арасында коммуникативтік байланыс орнайды. Бала ата-ана тарапына қолдау мен ынталандыруды сезеді. Ортақ жұмыс нәтижесін бірге көреді. Ата-аналар тарапынан көрсетілген қызығушылық баланың ынтасын арттырады. Ең бастысы бала жүйелі жұмыс нәтижесін көре алады. Бір жоба жасау арқылы тілдік дағдылардың барлығын меңгеруге мүмкіндік зор. Бұл бір мысал ғана.

Баланың танымдық қабілетін дамытуда өзге елдің мәдениетіне тамсанып емес, өз еліміздің мәдениетін терең таныстыру арқылы ұтарымыз мол. Мәселен, балаға әлемнің жеті кереметін таныстырып, жаттатудан бұрын ұлтымыздың жеті

қазынасын қастерлетіп, ұлттық тіліміздің қасиетін бойына сіңіру өте маңызды. Бұл құндылықтарды бала бойына дарыту үшін көп ізденудің қажеттілігі де жоқ деп ойлаймыз. Күнделікті өмірде бір шараны жасау арқылы көп дүниенің тереңіне бойлауға болады.

Қазақ тілін меңгерту барысында білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, үйренудің ең тиімді әдісі болып табылатын ойын түріндегі тапсырмаларды берген дұрыс. Ойын элементтерін қолдана отырып, балалардың тақырыпты жеңіл үйренуіне мүмкіндік береді. Ойын балаға еркіндік береді. Сондықтан ойын кезінде білім алушылардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті арта түседі. Ойынның сан алуандығы білім алушыларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды. Ойын баланың көңіл-күйіне де әсерін тигізеді. Кез келген ойынның өз ережесі болады. Осы ереже белгілі тәртіп қалыптастырады. Ойын ұжымдық түрде өтеді. Ойын белгісіздіктен тұрады, сондықтан баланың қызығушылығы арта түседі. Сондықтанда ойын түріндегі тапсырмалар балаларға ерекше ұнайды. Назарларыңызға бірнеше ойын түріндегі әдістерді ұсынамыз. Ойын түрінде ұлттық құндылықтарды насихаттауға болады.

Атауы: «Күйді тап». Ойын түрінде өткізіледі. Алдымен балаларға күйлерді тыңдауға тапсырма беріледі. Ойын өтетін күні күйлермен қатар әндер де тыңдатылады. Кез келген күй ойнатылып, әуен тоқтаған кезде күйдің авторы, атауы сұрайды. Дұрыс жауап берілген жағдайда ұпай беріледі. Ойын осылай жалғаса береді. Басты мақсат ұлттық күй өнерін насихаттау. Осы ойын арқылы балалардың ұлттық өнерге қызығушылығын арта түседі.

Атауы: «Мақал-мәтел» сайысы. Мақал-мәтелдерді алдын-ала дайындап алып, бірнеше әдіс арқылы ойнатуға болады.

Бірінші әдіс: Мақал-мәтелдердің бірінші бөлігін оқиды, балалар екінші бөлігін табады.

Екінші әдіс: Мақал-мәтелдердің екінші бөлігін оқиды, балалар бірінші бөлігін табады.

Үшінші әдіс: Белгілі бір тақырыпты айтады, балалар сол тақырыпқа сай мақал-мәтелдерді табады.

Бұл ойын тәсілі арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттап, баланың ұлттық санасының қалыптасуына ықпал етеді.

Атауы: «Визуалды өмірбаян». Шығармашылық түрде өткізіледі. Тапсырманы орындау үшін уақыт беріледі. Әр білім алушыға жеке тапсырма беріледі. Ұлтқа қызмет еткен, ұлтын сүйген тарихи тұлғалардың өмірбаянын зерттеп, оны сыныптастарына жаңаша форматта түсіндіру. Білім алушы берілген уақытқа дейін тұлғаның визуалды өмірбаянын (timeline) салады. Ол үшін компьютерді пайдаланып, инфографика ретінде өткізе алады. Бұл шығармашылық тапсырманың мақсаты зерттеген тұлғаның өмір жолын, еңбек жолын көрнекі түрде жеткізе алуы. Сонымен қатар, бала жаңа технологиялық әдістерді үйреніп, ізденіс жұмыстарын жасауға бейімделеді. Ата-анамен бірігіп жасаған шығармашылық жұмыс өзінің оң нәтижесін жоғар деңгейде көрсетеді.

Атауы: «Кітап рецензиясы». Талқылау түріндегі әдіс. Ата-анамен бірге өздеріне таныс бір кітапты немесе сыныпта өткен бір шығарманы талқыға салады. Төменде көрсетілген бөлімдер бойынша ойталқы жасалады:

1. Ерекше идеясы
2. Қызықсыз тұстары
3. Ұсынысым бар
4. Кейіпкерлер туралы ой
5. Ерекше әсер еткен сюжет
6. Кейіпкер орнына не істер едің?

Бұл әдісті қолдану арқылы кітапты жан-жақты талдау арқылы білім алушы өзінің сыни көзқарасын қалыптастыра алады.

Атауы: «Кітап оқу» марафоны. Талдау түріндегі әдіс. Мақсаты – кітап оқу арқылы білім мен рухани құндылықтарды беру, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететінін түйсіндіру. Отбасымен баланың жас ерекшелігіне сай белгілі бір кітап (шығарма) таңдап алынады. Кітапты толық оқып шығу мерзімі белгіленеді, марафон шарттарымен танысады. Белгіленген уақытта марафонға қатысушылар бірге кітап бойынша талдау жасайды. Кейіпкерлер әрекеттеріне, оқиғаларға өз көзқарасына талдау жасайды. Ұйымдастырушы кітап бойынша тест сұрақтарын құрастыру керек. Кітапты толық оқығанын тексеру мақсатында марафонға қатысушылар толық тест тапсырады. Тестілеу нәтижесі бойынша жеңімпаз анықталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталады.

«Кітап оқу марафоны» әдісін сынып жетекшісіне де әр түрлі форматта ұйымдастыруға болады. Мысалы, сынып ішінде кітап оқу сағаты ретінде 20 минуттық уақыт бөліп, білім алушылардың өздері таңдаған кітаптарды оқуына, немесе нақты шығарманы таңдап оқуларын ұйымдастырса болады.

Атауы «Менің әжемнің ертегісі». Мақсаты – білім алушылардың оқу дағдысын, сауаттылығын қалыптастыру. Білім алушылар әжелері айтқан ертегілер желісімен шағын эссе жазып келеді, сурет салады, ермексаздан ертегі кейіпкерлерін бейнелеп жасап береді, немесе презентация дайындайды. Бұл білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытады, топтық жұмыс жасауға үйретеді.

Атауы: «Репортер». Білім алушының айтылым дағдысын қалыптастыратын әдістердің бірі. Сұхбат түріндегі әдіс. Айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану. Сұхбат алу барысында сөйлеу әдебі мен мәдениетін сақтап қана қоймай, бала өз бойындағы жасқаншақты жеңіп, батыл болуға бейімделеді. Мысалы, сұхбат тақырыбы мамандық туралы беріледі. Мүмкіндік болса, балаға өзі таңдаған мамандық иесінен сұхбат алуға тапсырма беруге болады. Бұл баланың тілдік қарым-қатынасқа түсуіне негіз болады. Сұхбат алу үшін ең алдымен қандай сұрақ қоятынын, оның ашық немесе жетекші сұрақ түрінде болуын нақтылайды. Сөйлесу барысында қажетті стильді қолданады. Сөйлеу мәнеріне назар аударады. Яғни, білім алушы бір әдіс арқылы айтылымның мынадай ішкі дағдыларын қалыптастырады:

- Грамматиканы, сөздерді және қарым-қатынасқа түсу функцияларын (қарым-қатынасқа түсу себебі мен мақсаты, мысалы: сәлемдесу, кеңес беру, кешірім сұрау, т.б.) қолдана білу;

- Сөйлеу барысында қажетті стильді қолдана білу;

- Сөздерді дыбыс үндестігінің ерекшелігіне сай айта білу;

- Вербальді емес тілді қолдана білу (ым-ишара, мимика);

- Мәтін түрлерін (жаранама, хат, мақала) жаза білу;

- Ауызша флуенттілік (нормаға сай жылдамдықта, аздаған кідіріспен, қайталаулар өзін-өзі түзете отырып сөйлесе білу және дыбыс үндестігін табиғи түрде қолдана білу);

- Интерактивті стратегияларды (сөйлесу барысында адамдарды қызықтырып, тілдесуге тартудың жолдарын білу) пайдалана білу.

«Суреттерді сәйкестендіру» әдісі – білім алушылардың есте сақтау қабілетін дамытып, зейінін шоғырландыратын әдістердің бірі. Мысалы, «Қазақтың көрікті жерлері» деген тақырыпты меңгерту барысында жаңа тақырып алдында суреттерді ұсынылады. Балаға суреттер таныс болуы немесе таныс болғанымен толық ақпараты болмауы мүмкін. Сондықтан тірек сөздер берген дұрыс. Ол үшін келесі тапсырмаларды бере аламыз. Мысалы: «Суреттерді тірек сөздермен сәйкестендіріңіз» тапсырмасы.


Тірек сөздер: Ақбет тауы, Алатау, Медеу, Оқжетпес, Қайыңды көл, Жұмбақтас.

Орындалуы: Білім алушы берілген суреттерді қарап шығып, тірек сөздер мен суреттерді сәйкестендіреді. Дұрыс сәйкестендірген жағдайда ұпай беріледі. Тапсырманы орындау барысында білім алушының танымдық қабілетін байқаймыз. Суреттер арқылы өз елінің көрікті жерлері туралы мағлұматтары қаншалықты деңгейде білетіндігін анықтайды. Біз жоғарыда мәдениетаралық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді арқылы қазақ мәдениетіне жақындату керек екендігі туралы айтып өттік. Білім алушы назарына ұсынылып отырған суреттер Қазақстанның көрікті жерлері болуымен қатар, олардың әрқайсысының тамыр тереңде жатқан тарихымызбен тікелей байланысты елді-мекендер. Міне, осы тарихи мекендердің атауын біліп, шығу тарихын оқып, нақты деректерді меңгерту арқылы олардың бойына отансүйгіштік құндылықтарды сіңіре аламыз. Өздерін қызықтыратын ақпараттарды ізденіс жұмыстары арқылы меңгереді.

2- сурет. «Сәйкестендіру»







«Сәйкестендіру» әдісі. «Ақпараттарды оқып, суреттермен сәйкестендіріңіз».

Оқжетпес – Ақмола облысындағы Бурабай және Шабакты көлдерінің аралығындағы биік жартас.

Медеу спорт кешені – жасанды мұз айдыны бар дүние жүзіндегі ең ірі спорт кешені. Алматы қаласынан 18 км жерде, Кіші Алматы шатқалында, теңіз деңгейінен 1691,2 м биікте орналасқан.

Алатау таулары Қазақстан мен Қырғызстан жерінде, орташа биіктігі – 4000 м, ең биік жері – Манас шыңы (4484 м).

Қайыңды – Алматы облысындағы сел көшкіні жылжығанның нәтижесінде бір ғасыр астам бұрын пайда болған көл. Алматыдан шығысқа қарай 280 шақырым жерде қарағайлы мен жапырақты ормандармен жабылған Күнгеі Алатауында орналасқан.

Баянауыл тауы – Сарыарқаның солтүстік-шығыс бөлігіндегі тау. Абсолюттік биіктігі – 600-1000 м, ең биік жері- Ақбет тауы (1026 м).

Жұмбақтас – Әуликөлдің сол жағында, Көкше мен Теміртау тауларының айырығында орналасқан жартас.

«Дұрыс/бұрыс» әдісі. Ақпараттарды оқып, дұрыс/бұрыс екенін анықтаңыз. Бұл әдіс білім алушының зейінділігін дамытады.

Ақпарат	Дұрыс/бұрыс
Оқжетпес – Ақмола облысындағы Бурабай және Қайыңды көлдерінің аралығындағы биік тау.	
Қайыңды – Алматы облысындағы сел көшкіні жылжуынан бір ғасыр астам бұрын пайда болған жартас.	
Баянауыл тауы – Сарыарқаның солтүстік-шығыс бөлігіндегі тау.	
Алатау таулары Қазақстан мен Қырғызстан жерінде, орташа биіктігі – 4002 м.	
Медеу спорт кешені – Алматы қаласынан 18 км жерде, Кіші Алматы шатқалында, теңіз деңгейінен 1691,2 м биікте орналасқан.	
Жұмбақтас – Әуликөлдің сол жағында, Көкше мен Теміртау тауларының айырығында орналасқан көл.	

4-кесте. Дұрыс/бұрыс анықтау

«Рөлге бөліп оқу» әдісі – оқу дағдысын қалыптастыратын әдістердің бірі. Білім алушының оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды: оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау), мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату). Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені оқу техникасы жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайтыны белгілі. Мысалы: 3- сынып оқулығында берілген балалар ақыны Ермек Өтетілеуұлының «Түйекүс» өлеңін оқу барысында ата-ана баласымен

рөлге бөлініп оқуға болады. Сол кезде баланың мәнерлеп оқуы, интонацияны дұрыс қоя білуі, орфоэпиялық норманы сақтауын да қадағалай алады.

– Ау, Түйекұс,  
Түйекұс!  
Неге сонша сұстысың?  
Түйемісің?  
Құспысың?  
Түйе болсаң, «құсың не?»  
Ал құс болсаң, «түйең не?»  
Бұны қалай түсінем?  
Бұдан қандай ой түйем?  
– Мен айтайын, білмесең:  
Құс ішінде түйедей,  
Бар бойым да, түр-денем.  
Түйе ішінде түймедей,  
Ұшқан құстай жүгірем.  
Әрі түйе және құс –  
Мен боламын Түйекұс!

Өлеңді рөлге бөліп оқыған кезде дауыстап оқиды. Дауыстап оқу кезінде мәнерлеп оқуына, дұрыс оқуына ерекше назар аударылады. Оқудың іштей оқу түрі де бар. Ғалым С. Рахметова іштей оқу мен дауыстап оқуға қойылатын талаптарды жүйелей келіп, дұрыс оқу, шапшаң оқу, түсіне оқу, мәнерлеп оқу деп төртке бөледі.

Өлеңді рөлге бөліп оқығаннан кейін оқылымға арналған сабақ құрылымы бойынша тапсырмалар беруге болады. Нақты тоқталып өтсек, оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою. Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс. Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар білім алушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек. Мысалы, жоғарыдағы өлеңді мазмұны бойынша «Түйекұс неге ұша алмайды? Өз пікіріңді білдір» деген тапсырма беруге болады. Білім алушы сұраққа жауап береді. Өз пікірін айтады. Ата-ана да өз тарапынан пікірлерін айтып, баланың білімін толықтыра алады. Не себепті түйекұс аталуын, оның сыртқы келбеті туралы, құстың тіршілік ететін географиялық орны туралы қосымша ақпарат берген жағдайда білім алушы мен ата-ана арасындағы байланыс бекіп, бала өз білімін толықтыру үшін ата-анасынан көмек сұрай алатынын анықтауға болады. Байқағанымыздай, бір өлең арқылы әр түрлі дағдыларды қалыптастыратын бірнеше тапсырма орындатып, білім алушының мүмкіндіктері мен қабілеттерін

айқындауға болатынын ата-ана өзі де түйсінетін болады. Жалпы тапсырмаларды өз баласының мүмкіндігіне қарай түрлендіріп беруге болады. Бірақ әділ бағалау өте маңызды. Қателік жіберген болса, міндетті түрде қатемен жұмыс жасап, жіберген кемшіліктермен жұмыс жасағанын қадағалау маңызды. Баланың өзін-өзі бағалау кезінде барынша шынайы болуына көңіл аудару қажет. Әр тапсырма орындалғаннан кейін кері байланыс берілу қажет. Кері байланыс – жасалған жұмыстың нәтижесін көрсететін өлшеуші құрал.

Білім алушының бойына тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастыру білім беру ұйымының, мұғалімнің міндеті ғана емес, бұл ең алдымен ата-ананың өз перзенті алдындағы мақсат-міндеті болуы тиіс. Қазіргі уақытта өкінішке орай, өскелең ұрпаққа адами қасиеттерді, құндылықтарды күнде қарыштап дамып жатқан технология үйрете алмайтынын түсіне бермейміз. Білім беру саласында балалардың тұлғалық, эмоциялық, әлеуметтік, зияткерлік жағынан дамуы үшін жан-жақты мүмкіндіктер жасауда. Дегенмен, әлі де осы мүмкіндіктерді қолдана алмай жатқан жас буын баршылық. Осы тұста балаларға ортасынан бұрын ата-ана тарапынан қолдау мен бағыттау қажеттілік етеді. Қалай үйретсек, не жасасақ деген сұрақтар туындап алыстан жаңалық іздегеннен, бала мен ата-ана арасындағы байланысты, баланың мәдениетаралық қарым-қатынасын дамыту үшін әр түрлі шараларды күнделікті өмірде ұйымдастыруға болады.

Мәселен, тоғыз айға тоғыз түрлі құндылықты бекітіп, әр айдың құндылығына байланысты іс-шаралар ұйымдастыру ең тиімді оқыту тәсілі деп ойлаймыз.

<b>Айлар</b>	<b>Құндылықтар</b>
Қыркүйек	Ынтымақтастық
Қазан	Құрмет
Қараша	Жауапкершілік
Желтоқсан	Адалдық
Қаңтар	Еңбекқорлық
Ақпан	Қайырымдылық
Наурыз	Ұлттық құндылық
Сәуір	Тазалық
Мамыр	Әділдік

*5-кесте. «Тоғыз айға тоғыз түрлі құндылық»*

Берілген кесте бойынша әр айдағы құндылықтарға қарай ұлттық әдебиетке, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, тарихи тұлғаларға, мәдени орындарға, тарихи жәдігерлер мен тарихи орындаған байланысты ақпараттарды беру арқылы түрлі шаралар өткізуге болады. Мысалы, «Құрмет» айына байланысты қарттар күніне арналған іс-шара ұйымдастыру. Үлкендерге құрмет көрсету, шағын концерттік шара өткізіп, үлкендерден бата алу. Немесе, осы тақырыпқа байланысты әңгімелер мен оқиғалар желісі бойынша сценарий құрастырып, фильм фестивалін ұйымдастыруға болады.

«Қайырымдылық» айына байланысты волонтерлер тобын құрып, әр түрлі шаралар өткізуге болады. Бұл – «мектеп-ата-ана-білім алушы» арасындағы үштік қарым-қатынасының нығаюына басты негіз. Білім алушылар қайырымдылық жасау арқылы қайтарымсыз құндылықтарға дағдыланады. Мектеп немесе сынып

ішінде ата-аналармен бірлесе отырып, еріктілер тобын құрады. Іс-шараларды әр түрлі деңгейде ұйымдастыруға болады. Мысалы, сынып ішінде, мектепшілік, тіпті ауқымды деңгейде де ұйымдастырса болады. Іс-шараларды қайырымдылық жәрмеңкесі, акция-марафонда, концерттік іс-шаралар т.б түрінде өткізеді. Мысалы, айықпас дертке шалдыққан балаларға, балалар үйіне қаржылай көмек көрсету үшін қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастыру. Бұл шарада ата-аналар балалармен бірге қолдан жасалған бұйымдарды, немесе тағамдарды жәрмеңкеде сату арқылы қаржы жинап, жиналған қаржыны қайырымдылық қорына аударады. Бұл баланың бойына мейірімділікті ұялатса, сонымен бірге ол өзінің қоғамға пайдалы екенін сезінеді. Ата-ана мен сынып жетекші тарапынан жасалған қолдау баланың белсенділігін арттырады. Бір шара ұйымдастыру арқылы ата-ана баланың болашақта қоғамда өз орнын табуына, еңбектенуіне бағыт бере отырып, қай уақытта болмасын ұлтымыздың бойынан жоғалмаған ұлттық құндылықтың бірі қайырымдылық жасай отырып, оның маңызын түсініп, жомарттыққа, мейірімділікке тәрбиелейді.

Ұлттық құндылықтарға негізделген ата-аналармен мұндай іс-шаралар отбасылық құндылықтардың артуына себепші болады.

Ұлттық құндылықтар арқылы ұлтымыздың мәдениетінің қаншалықты адамдар арасындағы өзара әрекеттесу мен байланыс орнату үрдісінде маңызды екенін түсінуге болды.

Отбасында бала белгілі бір өмір салтына, күн тәртібіне, іс-әрекет түрлеріне, тағамның табиғатына, айналасындағылармен қарым-қатынасқа, мінез-құлық ережелеріне дағдыланады. Ал бала жаңа ортаға келгенде оның бойында өзіне бейтаныс жағдайға үйрену процесі жүреді. Бұл, міне, бейімделу деп аталады. Осы бейімделу кезінде баланың сыртқы ортамен, яғни қоғаммен қарым-қатынасқа түсуі басталады. Осы кезде білім алушының мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларының элементтері қалыптаса бастайды. Білім алушының ортаға деген сыйластығы мен төзімділігі оның өзіндік көзқарасын қалыптастырады.

Біздің ойымызша, тілді меңгерту барысында мұғалім не ата-ана тек белгілі бір оқулыққа сүйенетін болса, білім алушылардың дүниетанымын кеңейту, өздігінен білімін ары қарай жетілдіруге деген қажеттілікті дамыту мүмкіншіліктері шектеулі болмақ. Сондықтан тілді оқыту, меңгерту барысында қолданылған әдіс-тәсілдің көмегімен мұғалім де, ата-ана да білім алушының тілдік қарым-қатынасқа екі адамның өзара іс-әрекеті ретінде қарауға, тілді мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде қолдану біліктілігін қалыптастырып, басқа ел мәдениеті, тарихы жайлы мағлұматтар алу барысында өз елінің мәдениетін тереңірек түсінуге ықпалын тигізуі керек. Атақты лингвист ғалым И. И. Халеева: «Мәдениетаралық қарым-қатынас – әртүрлі тілдер мен мәдениетке жататын адамдар іс-әрекетінің ерекше жемісі. Бұл тек қана әртүрлі мәдениет пен тілге жататын адамдар арасындағы іс-әрекет емес, сонымен қатар олардың бір-бірін «жат» ретінде қабылдайтындықтарынан да байқалады» деп анықтама берсе, ғалым Е.М. Верещагин «Тіпті адамдар бір тілде сөйлесіп жүріп, әрқашан бір-бірін дұрыс түсіне бермейді, оған себеп мәдениет сәйкессіздігі» деп

көрсетеді. Олай болса, тілді меңгеруде мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсу дегеніміз әлеуметтік қарым-қатынас жасай ғана алу емес, сондай-ақ басқа елдің рухани құндылықтарын түсініп, қабылдай білу болып табылады. Осыны естен шығармауымыз керек.

*Riviera International School by Quantum, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі  
Тұрсунова Бота Жұмабайқызының іс – тәжірибесінен*

Білім беру процесінде оқыту түрлері жаңа заман талабына сай өзгеріп, білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретін оқыту түрлері бүгінгі таңда аса өзекті мәселелердің бірі болмақ. Соның ішінде тұлғалық-бағдарлы оқытудың алатын орны маңызды. Жалпы ғылыми еңбектерде термин екі түрлі нұсқада қолданады, бірі «тұлғалық бағдарлы оқыту» болса, екіншісі «жеке тұлғаға бағдарланған оқыту».

Тұлғаны адамның жекелігін құрайтын психологиялық қабілеттер бірлігі ретінде қарастыратын болсақ, тұлғалық бағдарлы оқыту білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен қасиеттеріне баса назар аудару арқылы білім беру тәсілі. Көпжылдық тәжірибе оқытудың бастапқы кезеңінде мұғалім оқытудың негізі болатын сапалы білім беруі шарт. Білім алушылардың өзін-өзі тану, даралығын түсіну қабілетін дамытып, оқу қажеттілігін қалыптастыруы керек. Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың мақсаты жеке танымдық мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, әр білім алушымен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру болып табылады.

Тұлғалық білім берудің мақсаты білім алушының әлеуетін толықтай ашуға мүмкіндік беретін білім ортасын қамтамасыз ету болып табылады. Тұлғаның және оның танымдық қабілеттерінің дамыту – білім беру процесіне қатысушылардың басты мақсаты. Бұл тақырып төңірегінде ғалым И.С. Якиманская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың негізгі ережелерін төмендегідей тұжырымдайды:

- басты мақсаты – білім алушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту;
- білім беру жүйесі басынан-ақ білім алушыдан бастап оқыту және тәрбиелеу мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына қарай бағыттала құрылуы тиіс;
- білім алушы дамуын диагностикалау мен ынталандыруды мұғалім олардың қызметін ұзақ уақыт бойына байқау әдістері негізінде іске асыруы тиіс [1].

Е.В. Бондоревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай төрт компонент міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксеологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық [2]. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір баланың жекелеген дамытуға жағдай

жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту материалды шығармашылықпен меңгеру аясын кеңейтеді және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту мұғалімнен төмендегідей іс-әрекетті талап етеді:

1) өз білім алушыларының темпераменті, мінезі-құлқы, көзқарасы, талғамы мен әдеп-дағдыларының жеке ерекшеліктерін үнемі зерделеп, жақсы білуі;

2) жеке тұлғаның ойлау ерекшелігі, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы, бағытталуы, өмірге, еңбекке көзқарасы, құндылық бағыттары, өмірлік достары және т.б. сияқты аса маңызды тұлғалық қасиеттерінің нақты қалыптасу деңгейін қадағалап, білуі;

3) әрбір білім алушыны өз шамасына сай және біртіндеп күрделене беретін әрі жеке тұлға дамуын қамтамасыз ететін тәрбиелік әрекетке үнемі тартып отыруы;

4) мақсатқа жетуге кедергі келтіретін себептерді уақытылы айқындап, жойып отыруы, ал егер мұны уақытылы істей алмаса, жаңа жағдайларға сай тәрбие тактикасын жедел түрде өзгертуі;

5) жеке тұлғаның өз белсенділігіне неғұрлым көбірек сүйенуі;

6) тәрбие ісін жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуімен ұштастырып, өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын, әдістерін, формаларын таңдауға көмек беруі;

7) білім алушылардың дербес әрекетін, бастамашылдығын, әрекетшілдігін дамытып, басқаруы емес, табысқа жетелейтін қызметті ұйымдастырып, бағыттауы тиіс [3, 123].

В.В. Сериков ұсынған жеке тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасының мәні төмендегідей:

1. Жеке тұлға дегеніміз - адамның арнайы білім алу және даму аясын білдіретін педагогикалық категория.

2. Адам «жеке тұлға болу» тәжірибесін, яғни жеке тұлға функцияларын атқара білу тәжірибесін меңгеруі тиіс.

В.В. Сериков жеке тұлғаға бағдарланған білім беруге тән заңдылықтарды атап көрсетеді:

1. Жобалау элементі – «тұлға өміріндегі оқиға», ол кейіннен біртұтас өмірлік нәтижеге айналады. Ал білім тек оның бір бөлігі ғана болып табылады.

2. Оқыту мұғалім мен білім алушының бірлескен қызметі болады: мұнда сұхбаттасу білім беру субъектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде танылады.

3. Процесс тұлғалық тәжірибенің бастауы болып шығады.

4. Оқыту адамның табиғи өмір сүру жағдайына жақын бола түседі.

5. Мұғалім мен білім алушының өзара бірлескен әрекеті тұлға аралық, субъект аралық қарым-қатынас сипатын алады [4].

Ендеше, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту дегеніміз-тек білім алушыларды бір-бірінен айрықшалайтын жеке ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, бұл-ең алдымен, білім алушыға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапкершіл субъектісі ретінде қарау.

Технолог ғалымдардың пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар әрбір баланың жеке ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерін іздеуде. Мұндай технологиялар психодиагностика әдістерін пайдаланады, білім алушылар қызметін ұйымдастыруға деген көзқарасты өзгертеді, оқудың түрлі құралдарын қолданады. Демек, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар сүйіспеншілік, қамқорлық, ынтымақтастық ахуалын туғызып, жеке тұлғаның шығармашылық әрекеттеріне және өзін-өзі өзіктендіруіне барлық жағдайларды жасайды және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әрбір білім алушының өзін танымдық және оқу қызметінде бейімділіктеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сай жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Сонымен, С.В. Кульневичтің атап көрсеткеніндей, білім беру процесін тұлғаға бағдарлау гуманистік педагогикалық мәдениет құндылықтарына ықпал етеді, бұл дегеніміз-білім алу емес, бала өміріндегі білімнің жеке тұлғалық мәні; жекелеген білік-дағдылар емес, жеке тұлғаның жеке ерекшеліктері, өзіндік дербес оқу қызметі, өмірлік тәжірибесі; педагогикалық талаптар қою емес, педагогикалық қолдау мен қамқорлық көрсету және мұғалім мен білім алушының сұхбаттасуы; білім көлемі емес, меңгерілген ақпарат мөлшері емес, білім алушының жалпы жеке тұлғалық өсуі, дамуы және өзін-өзі дамытуы.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқу процестері: дамыта оқыту; баланың жеке ерекшеліктерін қалыптастыруға педагогикалық қолдау көрсету; тәрбиені баланы рухани-адамгершілік дамыту құралы ретінде қарастырады. Жеке тұлғаға бағдарланған білім берудің мақсаты-адамды қолдау, дамыту, онда өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудің тетіктерін қалыптастыру. Мұндай технологияларға. Ынтымақтастық, сұхбаттастық, әрекетшілдік-сипатшылық әрекеті, баланың жеке дамуын қолдауға бағытталуы, оған дербес шешімдер қабылдауға, шығармашылыққа, мұғаліммен өзара шығармашылық ынтымақтастығына қажетті кеңістік пен еркіндік беру сипаты тән.

Бүгінгі таңда мынадай жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиялары бар:

- В.Ф.Шаталовтың тірек белгілер негізіндегі технологиясы;
- П.М.Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді шоғырландыру технологиясы;
- В.В.Фирсовтың саралай оқыту технологиясы;
- Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы;
- Л.В.Занковтың, Д.Б.Эльконин-В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы;
- Ю.К.Бабанскийдің оқу процесін оптимизациялау технологиясы;
- М.Чошановтың, П.И.Третьяковтың, К.Я.Вазинаның, В.М.Монаховтың модульдік оқыту технологиялары;
- Г.К.Селевконың өзін-өзі дамыта оқыту технологиясы;
- Ж.А.Қараевтың, Т.Т.Ғалиевтің, Ә.Жүнісбектің, М.М.Жанпейісованың, Н.Н.Нұрахметов пен К.Әбдіғалиевтің оқыту технологиялары кеңінен танымал.

Тұлғалық бағдарлы оқыту жүйесінің принциптері тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған. Бұл мектеп жеке тұлғаны дамыту мақсатын қойған жоқ деп айтуға болмайды. Керісінше, бұл мақсат тұлғаның жан-жақты, үйлесімді дамуының міндеті ретінде үнемі қолданып отырады. Оқыту мен тәрбиелеу процесін құра отырып, тұлғаға бағытталған педагогика негізінен жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуынан гөрі сыртқы әсерлердің жетекші рөлін (детерминациясын) (мұғалімнің, ұжымның, топтың рөлін) танудан туындағанын көреміз.

Аталмыш оқыту даму векторын белгілемейді, ол үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды. Осылайша, оқыту функциясы айтарлықтай өзгереді. Оның міндеті - психикалық дамудың жалпы, біртұтас және міндетті бағытын жоспарлау емес, әр білім алушыға өзінің жеке қабілеттерін жетілдіруге, тұлға ретінде дамуына қолда бар білім тәжірибесін ескере отырып көмектесу. Бұл жағдайда оқытудың бастапқы нүктелері оның түпкі мақсаттарын (жоспарланған) іске асыруды көздемейді, әр білім алушының жеке танымдық мүмкіндіктерін ашу және оларды қанағаттандыру үшін қажетті педагогикалық жағдайларды анықтауға бағытталады.

Білім алушының қабілеттерін дамыту - бұл тұлғаға бағытталған педагогиканың негізгі міндеті, ал дамудың «векторы» оқытудан оқытуға емес, керісінше білім алушыдан оның дамуына ықпал ететін педагогикалық әсерлерді анықтауға құрылады. Бұл бүкіл білім беру процесіне бағытталған болуы керек.

Білім алушыға бағытталған оқыту жүйесін жобалау туралы бірнеше ойларға тоқталатын болсақ, оның ерекшеліктеріне сүйене отырып, әдеттегідей идеалды модельді құру мүмкін емес екенін көруге болады. Білім алушы субъективті тәжірибенің тасымалдаушысы болып табылатын «материалдың қарсылығын» есепке алмай, жалпы мақсаттар мен соңғы нәтижелерді белгілеу. Осы мағынада біз «проекция» терминін (бір нәрсені ойша, идеалды түрде салу) және дизайнды (жобаны құру және практикалық жүзеге асыру ретінде) ажыратамыз. Тұлғалық бағдарлы оқытуды құру мен басқарудың әсері ұйымға ғана байланысты емес, білім беру процесінің негізгі субъектісі ретінде көп дәрежеде білім алушының жеке қабілетіне байланысты екеніне тағы да назар аударамыз.

Тұлғалық бағдарды оқыту жүйесін жобалау төмендегі факторларды қамтиды:

- білім алушыны оқу процесінің негізгі субъектісі ретінде тану;
- жобалау мақсатын анықтау – білім алушының жеке қабілетін дамыту;
- білім алушының субъективті тәжірибесін, оның оқу процесінде бағытталған дамуын анықтау және құрылымдау арқылы алға қойылған мақсаттың орындалуын қамтамасыз ету құралдарын белгілеу.

Білім беру процесін жобалау кезінде екі негізгі факторды есепке алған жөн: оқыту және оқу [5]. Соңғысы тек біріншісінің туындысы (туындысы) емес, тәуелсіз, жеке маңызды, сондықтан жеке тұлғаны дамытудың өте тиімді көзі болып табылады.

Жеке тұлғаға бағытталған оқытуды жүзеге асыру тек ғылыми білімді ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік білімді де қамтитын білім беру мазмұнын



әзірлеуді талап етеді. Оған қолданылатын әдіс-тәсілдер мен ұйымдастырылатын жұмыс түрлерін жатқызамыз.

Білім алушының танымдық қабілеттерінің даму деңгейі мен бағытын бақылау үшін де арнайы іс-шаралар қажет:

оның даралығын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау;

баланың психикалық даму нормасы туралы мәдениетіміздегі басым идеяларды өзгерту (көлденең емес, тігінен салыстыру, яғни баланың даму динамикасын басқамен емес, өзімен салыстыру) аса маңызды.

Мектеп қабырғасында білім алушыға бағытталған оқыту моделін енгізу үшін не қажет?

біріншіден, оқу-тәрбие процесі ұғымын оқыту мен тәрбиелеудің үйлесімі ретінде емес, оқыту мен тәрбиелеу органикалық түрде үйлесетін жеке тұлғаны дамыту, қабілеттерді қалыптастыру ретінде қабылдау;

екіншіден, оқу-тәрбие процесінің негізгі қатысушылары: басшылар, мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар арасындағы қарым-қатынастардың сипатын анықтау;

үшіншіден, оқу-тәрбие процесінің жаңашылдық тиімділігінің критерийлерін белгілеу [7].

Тұлғаға бағытталған білім беру процесін технологияландыру оқу мәтінін, дидактикалық материалды, оны қолдануға арналған әдістемелік ұсыныстарды, оқу диалогының түрлерін, білімді игеру барысында білім алушының жеке дамуын бақылау формаларын арнайы құруды қамтиды. Білім берудің субъективтілік принципін жүзеге асыратын дидактикалық қолдау болған жағдайда ғана тұлғаға бағытталған процесті құру туралы айтуға болады. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру процесін дидактикалық қолдауды дамытуға қойылатын негізгі талаптарды қысқаша тұжырымдауға болады:

✓ оқу материалы білім алушының тәжірибесінің мазмұнын, оның ішінде оның бұрынғы оқу тәжірибесін анықтауды қамтамасыз етуі тиіс;

✓ оқулықтағы білімді ұсыну (мұғалім) олардың көлемін кеңейтуге, құрылымдауға, интеграциялауға, пәндік мазмұнды жалпылауға ғана емес, сонымен қатар әр білім алушының білім алуындағы тәжірибесін үнемі өзгертуге бағытталуы керек;

✓ оқу барысында білім алушылардың дағдылары берілген білімнің ғылыми мазмұнымен сәйкес болуы;

✓ оқытудың мазмұны мен формалары білім алушының білімді меңгеру барысында өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік беруі тиіс және білім алушының оқу әрекетінде өзіндік құндылығын арттыру аса маңызды;

✓ оқу материалын жобалау және ұйымдастыру, білім алушыға тапсырмаларды орындау кезінде оның мазмұнын, түрі мен формасын таңдау мүмкіндігін беру;

✓ білім алушының өз бетінше, тұрақты, өнімді пайдаланатын оқу жұмысының әдістерін анықтау және бағалау. Әдіс таңдау қабілеті тапсырманың

өзінде болуы керек. Оқулықты мұғалім пайдалана отырып, білім алушыларды оқу материалын меңгерудің ең мағыналы жолдарын таңдауға және қолдануға ынталандыру;

✓ жаңа білімді, яғни тәрбиелік іс-әрекеттерді орындау әдістері туралы білімді енгізген кезде олардың тұлғалық дамудағы функцияларын ескере отырып, тәрбие жұмысының жалпы логикалық және нақты пәндік әдістерін бөліп көрсету;

✓ нәтижені ғана емес, негізінен оқу үдерісін, яғни білім алушының оқу материалын меңгеру кезінде жасайтын түрлендірулерді бақылау мен бағалауды қамтамасыз ету;

✓ білім беру процесі субъективті қызмет ретінде оқытуды құруды, іске асыруды, рефлексияны, бағалауды қамтамасыз етуі керек. Ол үшін сізге қажет оқу бірліктерін бөлу, мұғалімнің сабақта, жеке жұмыста (түзетудің, жеке жұмыстың әртүрлі формалары) оқытуды ұйымдастыру мақсатында пайдалану.

Оқыту баланың даму деңгейімен келісілуі керек екендігі дәлелденді. Л.С. Выготский былай деп тұжырымдайды: «Даму деңгейін және оның оқу мүмкіндіктеріне қатынасын анықтау - бұл сөзсіз негізгі факт». Сондықтан бала дамуының кем дегенде екі деңгейін анықтау қажет, оны білмейінше біз баланың даму барысы мен әрбір нақты жағдайда оның оқу мүмкіндіктері арасындағы дұрыс байланысты таба алмаймыз.

Біріншісі - баланың психикалық функцияларының нақты даму деңгейі, оның дамуының белгілі, әлдеқашан аяқталған циклдері нәтижесінде қалыптасқан. Мұнда біз білім алушының ересектердің көмегінен өз бетінше қандай тапсырмаларды орындай алатындығымен сипатталатын қазіргі дайындық деңгейі туралы айтып отырмыз.

Екіншісі – жеке тұлғаның дамуының психикалық әлеуетін көрсететін деңгей, бұл жақын даму аймағы. Бұл деңгей баланың өзі орындай алмайтындығын, бірақ ол кішкене көмекпен не істей алатындығын көрсетеді. Білім алушылардың өзекті және жақын даму аймақтары бар, сондықтан психикалық дамудың әртүрлі динамикасы (қарқыны) болады.

Мұғалім білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін білмейінше, сабақта өз жұмысын тұлғалық-бағдарлық бағытқа сай ұйымдастыра алмайды. Дәл солай ата-ана тарапынан бұл бағыт бойынша баланың қабілеттерін жетілдіріп, ынта-жігерін арттырғыңыз келсе, балаңыздың талғамын білуіңіз аса маңызды.

Өткенімізге зер сала қарасақ, білім беру жүйесінде осыған дейін білім алушыға білім, білік, дағдыны қалыптастыруды талап етсек, бүгінгі күннің мақсаты – іскерлік қарым-қатынас, оларды өз бетімен білім алуға бағыттау. Сондықтан да қазіргі замандағы педагогикалық ғылымның ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа білім технологияларын қалыптастыру ұмтылу болып табылады. Төмендегі үлгіден білім беру жүйесіндегі кешегі мен бүгінгі қатынасты салыстыра отырып, бүгінгі таңдағы қатынастың артықшылығын байқауға болады.

Технолог ғалымдардың пайымдауынша, тұлғалық бағдарлы оқытудың жаңа технологияларын әрбір баланың жеке ерекшеліктеріне сай оқыту және тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерін іздеуде. Мұндай технологиялар психодиагностика әдістерін пайдаланады, білім алушылар қызметін ұйымдастыруға деген көзқарасты өзгертеді, оқудың түрлі құралдарын қолданады. Демек, жеке тұлғаға бағдарланған технологиялар сүйіспеншілік, қамқорлық, ынтымақтастық ахуалын туғызып, жеке тұлғаның шығармашылық әрекеттеріне және өзін-өзі өзіктендіруіне барлық жағдайларды жасайды және жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әрбір білім алушының өзін танымдық және оқу қызметінде бейімділіктеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сай жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаға бағытталған жұмысты ұйымдастыру барысында төмендегідей ұсыныстарды назарға алу қажет:

- жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру;
- білім алушыға материалдың түрін формасын (ауызша, графикалық) таңдауға мүмкіндік беру;
- орындалатын тапсырма соңында білім алушымен «Сен не білдің?» (нені игердің?) ғана емес, сонымен бірге не ұнады/ұнамады? және не үшін; мен тағы не істегім келеді? сұрақтарын талқылау;
- үй тапсырмасын орындау кезінде оқу жұмысын қалай ұтымды ұйымдастыру керектігін егжей-тегжейлі түсіндіру [6].

Қазақ тілін оқыту бойынша тұлғалық бағдарлы оқыту баланың өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру процестерін қамтамасыз етуге және қолдауға, оның ерекше даралығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқытуда тұлғалық бағдарлы тәсілді тиімдірек жүзеге асыру үшін келесі дидактикалық ұсыныстарды қолдану ұсынылады:

- оқу материалын білім алушының тапсырмаларды орындау кезінде таңдау мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастыру;
- білім алушыны өзін-өзі бағалайтын білім беру қызметіне ынталандыруды қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету,
- білімді игеру барысында өзін-өзі дамыту;
- білім алушының тәжірибесін берілген білімнің ғылыми мазмұнымен үнемі үйлестіру;
- оқулықта баяндалған материалды жинақталған білімді кеңейтуге, құрылымдауға, интеграциялауға, пәндік мазмұнды жалпылауға, сондай-ақ әр білім алушының жеке тәжірибесін өзгертуге бағыттау;
- оқу іс әрекеттерін орындау әдістері туралы білімді енгізу кезінде олардың жеке дамуындағы функцияларын ескере отырып, оқу жұмысының жалпы логикалық және нақты әдістерін бөліп көрсету;
- бұл тек нәтижелерді ғана емес, сонымен бірге, негізінен, оқу процесін, яғни білім алушы оқу материалын игеру арқылы жүзеге асыратын өзгерістерді бақылау мен бағалауды қамтамасыз етеді [6].

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін кейінгі жылдары арнайы ғылыми тұрғыда қарастырған, бастауыш мектеп білім алушыларының жас ерекшеліктері мен танымдық қызметтерін ескере отырып, олардың тілін дамыту мәселесіне арналған бірнеше іргелі ғылыми еңбектер бар. Соның бірі – бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту мәселесін түбегейлі қарастырған әдіскер-ғалым, профессор С. Рахметованың еңбегі. Ғалым бастауыш мектеп білім алушыларының тілін дамытудың мазмұны мен нені қамтуы қажет деген сұраққа былай деп жауап береді: «Мұнда мынадай негізгі мәселелерді үйретуіміз қажет: белгілі бір тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамытатын сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгеру барысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге сөйлей білуге үйрету. Сонда осы үшеуі /сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып сөйлеуге үйрету/ күнделікті өтілетін сауат ашу, грамматика, оқу сабақтарымен байланысты, біртұтас жүргізіліп отырса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады [6, 92]. Ғалым білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда сөздерді мағыналарына қарай тіркестіру керек екенін олардың тілдік қатынаста орынды сөйлеу алу қабілеттерінің бір бағыты екендігін тұжырымдаған.

Психологтардың пайымдауынша, «бастауыш мектеп білім алушысының интеллектісі, даралық қабілеттері, әлеуметтік қатынастары өзгеше болады. Оның танымдық белсенділігі артады, талғамы өседі, қабылдау дағдысы жетіледі, логикалық есі мен ерікті зейіні тұрақталады [6, 201]. Сондықтан бастауыш сатыда білім алушыға қазақ тілінен берілетін білім өмірлік қажетті білімдердің бастауы болуы анық.

Креативті ойындарды ұйымдастыру мақсат, міндеттеріне жетуде оған сәйкес бірқатар педагогикалық қағидаларды ұстанатын боламыз:

- баланың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы
- баланың денсаулығы, психикалық және дене дайындығы, жеке ерекшелігі, бейімділігін ескеру;
- таңдау еркіндігі қағидасы – балаларға ойын түрін, желісін, рөлдерді және т.б. әрекеттерінде таңдау құқығын беру.
- белсенділік қағидасы – балалардың ойын үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- жаңашылдық және тартымдылық қағидасы ойын үдерісінде балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін ойында жаңа элементтердің болуы және қызықты ұйымдастырылуы;
- дербестік қағидасы - ойын барысында шешім қабылдауда және іс-әрекетте балалардың дербестігін сақтауы;
- бәсекелестік қағидасы - балаларды ойында жетістікке жетуге ынталандыру;
- мәселелік қағидасы - мәселені шешу қабілеттерін көрсету үшін ойында проблемалық жағдаяттар туғызу;

- еркіндік қағидасы - ойын қимылдарын жүзеге асырудың еріктілігі мен өзгермелілігі;

- нәтижелілік қағидасы - ойынның нәтижелі болуын болжау;

- кері байланыс қағидасы – жаңа ойынмен танысқанда баланың ойын ережелерін қаншалықты меңгергендерін білу, алған әсерлерімен бөлісу үшін кері байланыс жасап отыру.

Тұлғалық-бағдарлы ойындарды ұйымдастыру алгоритмін жүзеге асыруда ескерілетін мәселелер:

- ойынның мақсаты нақты қойылып, қажетті материалдардың алдын-ала дайындалуы;

- ойынмен таныстыру кезеңінде ойынның ережелерінің, жүргізілу тәртібінің балаға толық түсіндірілуі;

- ойын әрекетіне баланың белсенді қатысуын қадағалау;

- ойын үстінде балаларды ойлануға, шешім қабылдай білуге, шығармашылық танытуға жетелеу;

- ойынға қызығушылықтарын арттыру үшін ойын түрлерін, әдіс-тәсілдерін үнемі ауыстырып, өзгертіп, жаңа элементтермен толықтырып отыру;

- ойынның тәрбиелік мақсаттарын естен шығармау.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың қазақ тілінді тілдік дағдыларын дамытуда ойынның түрлерін, маңызын, қызметін қарастыра келе, баланы дене, танымдық, эмоционалдық, зияткерлік, әлеуметтік жағынан дамытудағы ойынның мүмкіндіктерін анықтауға болады. Ойын үдерісінде балалардың тілдік әлеуетін дамытуға бағытталған ата-ана мен бала арасындағы интерактивті әрекеттестік; тұлғааралық тиімді қарым-қатынасы; заттық-дамытушы ортаны құру және балалардың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына қосымша мүмкіндіктер жасау; қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру, баланың тілдік қабілеттерін дамытудың бірлескен білім беру бағытын жасауда ата-аналар мен педагогтердің тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін мазмұндық, ұйымдастырушылық, әдістемелік шарттарын белгілеу қажеттілік туындайды.

Төменде балалардың қазақ тілінде құзыреттіліктерін дамыту үшін тәжірибеде қолдануға болатын әдістер

#### *«Кубизм» әдісі*

Мақсаты: Білім алушы кубикпен жұмыс жасайды. Тақырыппен танысып, әртүрлі ойлау дағдыларын жүзеге асыру.

Сипаттамасы: Ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды, сөздерді суреттермен де алмастыруға болады. Қандай да бір затты жан-жақты талдап талқылайды, сол арқылы сөздік қорын көбейтіп, білімін толықтырады.

Сипатта (түрі, түсі, көлемі)

Салыстыр (ұқсастығы, айырмашылығы)

Ұсын (қалай және қай жерде пайдаланылады?)

Дәлелде (қарсы және қарсы емеспін)

Талда (қалай жасалған? неден тұрады?)

Ой толғау (пайдасы мен зияны)

Тиімділігі: белгілі бір тақырып аясында рефлексия жасайды, ұсынған мәселе бойынша өз көзқарасын шығармашылық тұрғыда жеткізуге дағдыланады.

*«Әңгіме кестесі» әдісі*

Мақсаты: көркем шығарманы жан-жақты талдау.

Сипаттамасы: білім алушыға оқылған мәтін бойынша төмендегідей кесте беріледі.

Шығарма атауы

Оқиға қайда өтеді?

Басты кейіпкер кім?

Ертегі қалай басталады?

Оқиға қалай аяқталады?

Жақсы және жаман қасиеттер қандай?

Бастауыш сыныпта көркем шығармаға талдау, салыстыру жұмыстарын жүргізу барысында «Әңгіме кестесі» ең ұтымды әдістің бірі. Тақырыбы, кейіпкер, оқиға желісі мен шешімі толық қамтылады. Бұл тұста балаңызбен шығарманы бірге оқып талдасаңыз, жұмыс нәтижелі болмақ.

*«Үш қаламды сұхбат» әдісі*

Мақсаты: Өтілген тақырыпты қайталауға, өз пікірін дәлелдеуге, өз ойын еркін жеткізе бөлуге үйрету.

Сипаттамасы: Бұл әдісте сұхбаттасушы мен сұхбат алушы ретінде сұхбат жүргізіледі. Мысалы:

1) Сұхбат алушы:

Хабарлы сөйлем дегеніміз не?

2) Жауап беруші:

Іс-оқиғаны баяндап, нақты бір ақпаратты хабарлау мақсатымен айтылған жай сөйлемнің түрі.

1) Сұхбат алушы:

Хабарлы сөйлемнің соңында қандай тыныс белгісі қойылады?

2) Жауап беруші:

Хабарлы сөйлемнің соңында нүкте қойылады.

1) Сұхбат алушы:

Хабарлы сөйлемгі мысал келтір.

2) Жауап беруші:

Жаңбыр жауды. Мен мектепке келдім.

Тиімділігі: сұхбат беруші мен жауап беруші арасындағы сұрақ-жауап арқылы хабарлы сөйлемнің жасалуы мен ерекшелігіне тоқталып, мысал келтірілді. Осылайша әр тақырыпта балаңызбен пайдалы сұхбат ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс ойлау дағдылары мен сөйлемді дұрыс құрап айтуға дағдыландырады.

*«Бес саусақ» әдісі*

Мақсаты: білім алушының мектептегі психологиялық көңіл-күйін бағалау.

Сипаттамасы:

Бас бармақ – өзімді қалай сезіндім?

Балаң үйрек – басқаларға көмегі тиді ме?

Ортан терек – бүгінгі көңіл күйім қандай болды?

Шылдыр шүмек – бүгінгі сабақ ұнады ма?

Кішкентай бөбек – бүгін не үйрендім?

«Бес саусақ» әдісі, білім алушының бір-біріне бес саусақтай бірігуіне ықпал ету. Бас бармақ – басты мәселе. Балалы үйрек – бірлесу. Балалар паракқа алақандарын қойып, оны жиегімен қаламмен айналдырып өтеді. Осыдан соң олар сабақ туралы мынандай сұрақтарға жауап беріп, салынған саусақтарына жазады.

1) «Бас бармақ» - басты мәселе. Бүгін мектепте ең құнды мәселе не болды?

2) «Балалы үйрек» - бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза қылдым?

3) «Ортан терек» - ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

4) «Шылдыр шүмек» - шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

5) «Кішкентай бөбек» - көңіл-күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

Тиімділігі: білім алушының мектепте алған тәжірибесін пайдалана отырып диалог жүргізу.

«Ертегі құрастыру» әдісі

Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын дамыту.

Сипаттамасы: бастаушы ертегінің біріні сөйлемін айтады. Қалғандар бір-бір сөйлемнен өздері қалауынша ертегінің сюжетін құрастырады. Білім алушылардың қиял жүйріктігі, тіл байлығына қарай түрлі ертегі құрастырылып шығады.

Тиімділігі: идеяларды жинақтайды, түйіндейді.

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі

Мақсаты: бүгінгі сабақ бойынша білім алушылардың сабақтан алған әсерлерін білу, эмоциясын анықтау арқылы жазылым дағдысын дамыту.

Сипаттамасы: Білім алушы өзіне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырып жазады.

Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім.

Бүгін сабақта қуантқаны ...

Мен өзімді ... үшін мақтар едім.

Маған ерекше ұнағаны ...

Сабақтан соң маған ... келді

Бүгін маған ... сәті түсті.

Қызықты болғаны ...

... қиындық тудырды.

Менің түсінгенім ...

Енді мен ... аламын.

Тиімділігі: білім алушы ойын білу, ары қарай қалай жұмыс жасай білу керек екенін пайымдай алады.

«Бұрын не болған?» ойыны

Бұл ойын бала танымын дамыуға, салыстыруына, ойлауына, ой қорытындысын шығаруға үйретуімен ерекшеленді.

Ойынның мақсаты: балалардың заттардың неден жасалатыны немесе жан-жануарлар мен өсімдіктердің пайда болуы туралы түсініктерін қалыптастыру, салыстыруға, талдауға, қорытынды шығаруға үйрету, ойлауын, қиялын, тілін дамыту.

Ойын барысы: Ата-ана балаларға сұрақ қояды. Олар ойлана отырып, ол заттардың бұрын не болғанын табады.

- Қой бұрын не болған?
- Ол бұрын қозы болған.
- Едендегі кілем бұрын не болған?
- Кілем бұрын қойдың жүні болған.
- Қалам бұрын не болған?
- Қалам бұрын пластмасса болған.
- Киім бұрын не болған?
- Киім мақта болған немесе синтетикалық талшық болған.
- Гүл бұрын не болған?
- Гүл бұрын дән болған.

Бұл ойынды бірнеше рет ойнап, жаттығып алғаннан кейін келесі кезеңге өтуге болады.

- Велосипед бұрын не болған?
- Ол бұрын темір болған.
- Темір бұрын не болған?
- Ол бұрын темір рудасы, яғни тас болған.
- Аяқ киім бұрын не болған?
- Ол бұрын былғары болған.
- Былғары бұрын не болған?
- Ол сиырдың терісі болған. Сиырдың ғана емес, қойдың, жылқының, тіпті қолтырауынның терісі болған.
- Олар бұрын не болған?
- Сиыр бұзау, қой қозы, жылқы құлын, қолтырауын қолтырауынның баласы болған.

Балалардың жауаптары әр түрлі болғанмен, әрбір жауапқа мән беріліп талдануы аса маңызды. Ойын нәтижесінде балалардың байқампаздықтары, зейіні артып, сөз қорлары молаяды. Аталған заттардың бұрын не болғаны немесе неден жасалғаны туралы ойланып, бір-бірімен салыстыра білуге, ойша жіктеуге үйренеді. Аталмыш ойын нәтижесінде балалардың қызығушылық, ұмтылыс, қиял, ойлау, сөйлеу, белсенділігі, өзіндік бағалауы арқылы креативті әлеуеттің тұлғалық, зияткерлік, қоғамдық, эмоционалдық, танымдық түрлері дамиды.

Балалар көзімен көрген, қолымен ұстаған заттар және құлағымен естіген оқиға желісін өз бетінше өрбітіп, ойдан құрастырып, эмоциялық көңіл-күйге түсіп, ойын жеткізуде еркіндік пен сенімділікке ие болады. Ал, еркіндік пен сенімділік бала креативтілігінің дамуының негізі.

Д. Родари фантазияның белгілі комбинаторлық техникасын сипаттап, оған «Қиял биномы» деген ат берді. Балалар суреттерді, ойыншықтарды көріп отырып, бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі затты таңдайды. Сол таңдалған заттар



туралы өз ойларынан әңгіме, ертегі құрастырады. Автор кітабында «ит пен шкаф», «жарық пен бәтеңке» жұптарына құрылған әңгімелерді баяндайды [8,102]. Эксперимент барысында Д. Родари әдісі негізінде құрастырылған «Қиял биномы» атты ойын пайдалануға болады.

Ойын мақсаты: балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын, тілін дамыту, дербес әрекет етуге үйрету.

Ойын барысы: Балалар кітап суреттерін, айналасындағы заттарды, ойыншықтарды көріп отырып, бір-біріне ұқсамайтын екі затты таңдайды. Мысалы, мынадай сөз жұптарын ұсынуға болады: қасқыр мен бала, қоян мен қызанақ, орындық пен гүл, ит пен дәптер т.б.

«Қасқыр мен бала» жұбын бір-бірімен байланыстыра отырып, тақырыпты қасқырдың баласы, баланың қасқыры, қасқырдың үйіндегі бала деп түрлендіріп алып, қызықты әңгімелер құрастыру тапсырылады.

Мысал ретінде ұсынылатын әңгіме: «Баланың қасқыры»

Ауылда бір мейірімді бала болыпты. Ол достарымен орманға қыдыруға барып, қайтарда күшік тауып алыпты. Ол күшікті үйіне әкеліп, тамақтандырып, бақты. Үлкен кісілер оның «қасқырдың бөлтірігі» екенін айтты. Күшік өсе келе қасқырға ұқсай бастады. Бала оны үнемі қасынан тастамай ертіп жүретін. Қасқыр оның сенімді досына айналды.

Ойын нәтижесінде әр бала қиялға беріле отырып, оқиға желісін ойлап тауып, түрлі әңгімелер құрастырады, шығармашылықтарын жетілдіруге мүмкіндік алады. Ұқсас заттардың қатынасын табу жеңіл болғандықтан, ата-ана тарапынан баланың таным үдерістері іске қосылып, ойлануға, ойлап табуға әрекет жасайтындай күрделірек жағдайлар туғызылуы әбден мүмкін.

«Таңғажайып болжамдар» ойыны

Балалардың ойына айрықша қозғау салды. Ойынның мақсаты: балалардың шығармашылық ойлауын, қиялын, тілін дамыту.

Ойын барысы: Мұндай болжамдардың техникасы өте қарапайым. Олар сұрақтар түрінде болды: «Не болар еді, егер де...?» Кез келген нәрсені әрекеттің атауларымен біріктіре отырып, ойлануға болатын болжам шығарамыз.

Мысалы: «Егер көліктер болмаса, не болар еді?», «Егер өмірімізде ақша болмаса, не болар еді» «Күн кенеттен ғайып болып кетсе не болар еді?», «Көшеде аю жүрсе, не болар еді?» Білім алушы қалаулары бойынша өздері жауап береді, қайталап ойнау барысында өздері сұрақтар қойып, әңгіме де құрастыра алады.

Бастауыш мектеп білім алушыларын дамытудың теңдессіз құралы ретінде, ойынға зор мән беріп, оны ұйымдастыру формалары мен әдістерін түрлендіру, жаңа әдістер мен тәсілдерді іздестіру, ойынды балалар іс-әрекетінің басқа түрлерімен байланыстыра пайдалану, ойын тәжірибесін, білімін байыту, ойын міндеттерін қоюға және шешуге баулу және т.б. арқылы ойын әрекетін ұйымдастыру әдістемесін жетілдіре отырып, балалардың қазақ тіліндегі коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатына жетудің мүмкіндігі зор.

«Керісінше ата» ойыны

Мақсаты: білім алушының сөздік қорын толықтыру, антоним сөздерді қолдануға дағдыландыру.

Сіз мұны келесі жолмен ойнай аласыз: ата-ана біздің досымыз Әли мектепке барғанын айтады. Онда қазақ тілі сабағында қиын тапсырма болды. Балалар әр сөзге қарама-қарсы мағыналы сөз таңдап жазуы керек. Бірақ әлі зейінсіз болғандықтан, ол бұл тіркестерді жазып үлгермей, нашар баға алды. Оған жаңа сөздерді жазуда көмек керек.

Ойын барысы:

-Мен «жоғары» деген сөзді айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («төмен»).

-Мен «алыс» сөзін айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («жақын»).

-Мен «ақылды» сөзін айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («ақымақ»).

-Мен «биік» сөзін айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («аласа»).

-Мен саған «қорқақ» сөзін айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («батыл»).

-Мен саған «үлкен» сөзін айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («кішкентай»).

-Мен саған «қысқа» сөзін айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («ұзын»).

-Мен саған «жуан» сөзін айтамын, ал сен қалай жауап бересің? («жіңішке»).

Сұрақтарды кез келген сөз табымен құрастыруға болады. Ойынды уақыт қойып жылдамдыққа да ойнауға болады. Бастысы, білім алушының қызығушылығы мен таңдауын ескеру керек.

«Басқаша айт» ойын жаттығуы

Мақсаты: мағынасы жақын сөздерді (синонимдерді) таңдау арқылы балалардың сөздік қорын көбейту.

Ойын барысы:

Ата-ана: «Бүгін бір баланың көңіл-күйі нашар. Бүгінгі бала қандай? Сіз бір нәрсені қалай айта аласыз, бірақ әртүрлі сөздермен? Бүгін бала көңілсіз, мұңды, ренжулі және т.б.

Келесі сөз тіркестеріне ұқсас тапсырмалар беріледі:

-Таза су (мөлдір су).

-Таза ыдыс (жуылған ыдыс).

-Бала жүгіріп келеді (асығып келеді).

-Әдемі қыз (сұлу қыз).

-Тәртіпті білім алушы (тәрбиелі, ұқыпты білім алушы).

-Білімді бала (білгір, оқымысты бала).

-Досыңмен ақылдасу (кеңесу, пікірлесу)

Сөз тіркестерін баланың жасы мен мүмкіндіктеріне қарай ыңғайлап беру керек. Оқу процесінде қамтылған тақырыптарға да сүйенуге болады.

«Жазда» ойыны

Мақсаты: балалардың мәтінді қайталау қабілеттерін дамыту; қарама-қарсы іс-әрекетті білдіретін етістіктерді сөйлеуде қолдану; III жақ етістіктерден бірінші жақ етістіктер жасау (аналогия бойынша); жанама жағдайда зат есімдерді етістікпен дұрыс қолдануды бекіту.

Ойын барысы:

Мәтін:

Ая мен Айша шалғында серуендеп жүрді. Олар гүлдер жинап, гүл шоқтарын тоқыды. Ал жақын жерден өзен ағып жатты. Ая мен Айша өзенге қарай жүгірді. Өзеннің суы таза және жылы. Ал, мұнда қалай суға түспейсің! Енді олар шешініп, өзенге түсетін болды.

Балаларға арналған сұрақтар:

-Қыздар шалғында не істеп жүр еді?

-Ая мен Айша қайда жүгірді?

Келесі кезеңде білім алушыға мәтінге жақын қарама-қарсы әрекеттерді салыстыруды ұсынады (көрсетілген әрекеттерге сәйкес):

-Ая суға түседі. Ал сен? Мен суға түсемін.

-Айша аяқ киімін киеді. Ал сен? Мен аяқ киімді киемін.

-Ая бетін жуады. Ал сен? Мен бетімді жуамын

-Айша өзенге барады. Ал сен? Мен өзенге барамын.

-Ая гүл тереді. Ал сен? Мен гүл теремін.

-Айша өзенге барады. Ал сен? Мен өзенге барамын.

Сұрақтар мен мәтінді кез-келген грамматикалық құрылымға сай құрастыруға болады. Ойын жұрнақ, жалғауларды дұрыс қолдануға дағдыландырып, айтылым барысында белсенді қолдануға жол ашады.

«Бір зат – көп зат» ойыны

Мақсаты: сөйлеудің грамматикалық құрылымын жетілдіру, балаларға жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді сөйлеуде дұрыс қолдана білуге үйрету.

Керекті құралдар: оқу құралдары, ойыншықтар немесе суретті карточкалар.

Ойын барысы:

Білім алушыға бір зат көрсетіліп, «Бұл не?» сұрағы қойылады. Мысалы: қалам-қаламдар. Қажет болса, ересек адам көпше түрдегі сөздердің соңындағы баланың қателерін түзетеді. Жаттығу кезінде ойынды суретсіз, көрнекі құралсыз допты лақтыру арқылы ойнауға болады.

Білім алушының көптік жалғауды дұрыс қолдануға үйретеді.

«Мамандықтар» ойыны

Мақсаты: білім алушыларды балаға таныс мамандықтардағы адамдар туралы сөйлемдер құрауға үйрету.

Керекті құралдар: белгілі бір мамандық иелері: сатушы, аспаз, мұғалім, жүргізуші, полицей, құрылысшы, шаштараз, суретші, өрт сөндіруші, дәрігер бейнеленген тақырыптық суреттер.

Ойын барысы:

Бала осы мамандықтағы адамның міндеттері туралы суретке сүйене отырып, ұсыныс жасауы керек. Мысалы:

«Жүргізуші көлік жүргізеді»; «Құрылысшы үй салады»; «Мектепте мұғалім балаларды оқытады», «Аспаз дәмді ас әзірлейді».

Білім алушының құраған сөйлемдері мысалдан өзгеше болуы әбден мүмкін. Сөйлем құрау үдерісі сөздік қор мен қиялға тікелей байланысты.

«Сөйлемді түзе» ойыны

Мақсаты: балаларды қате құрастырылған сөз тіркесін түрлендіруге жаттықтыру, тіл байлығын дамыту.

Қажетті құралдар: алдын ала дайындаған дұрыс емес сөз тіркестері мен сөйлемдер.

Ойын барысы: Ата-ана қате құрастырылған сөйлемдерді оқиды, ал бала қалыпты сөйлемді алу үшін оларды қайта реттеп, өзгертуі керек.

Мысалы:

Кітап мен оқимын қызықты. – Мен қызықты кітап оқимын.

Досым мультфильм менің көрді. – Менің досым мультфильм көрді.

Барады әкем көлікпен жұмысқа. – Әкем жұмысқа көлікпен барады.

Саябаққа анаңмен сен барасың. – Сен анаңмен саябаққа барасың.

Бұл ойынды әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып түрлендіруге болады. Мәтінді де осы ойын арқылы ойнатуға болады.

«Сөйлемді аяқта» ойыны

Мақсаты: балаларды күрделі сөйлемдер құрауға үйрету.

Керекті құралдар: тақырыптық суреттер.

Ойын барысы:

Ата-ана балаға жемістер мен көкөністердің екі суретін көрсетіп, сөйлемді бастайды, ал балалар сөйлемді аяқтап, қайталау керек.

Лимон қышқыл, ал қарбыз (тәтті).

Қауын тәтті, ал шалғам... (ащы).

Балық тұзды, ал қант... (тәтті).

Жүзім тәтті, пияз... (ащы)

Бұрыш ащы, ал бал... (тәтті) т.б.

Бұл ойынды ауызша да ұйымдастыруға болады. Жасыратын сөздерді әр сөз табының сөзімен алмастыру арқылы білім алушының зейінін тұрақтандыру септігін тигізеді.

Ойындар мен қатар цифрлық дәуірде көгілдір экранның да басымдылығын жоққа шығаруға болмайды. Теледидардан берілетін өнімдер бала тіліне өз әсерін тигізбей қоймайтыны жасырын емес. Сондықтан сапалы контент ұсыну арқылы бала тілінің дамуына өзіндік септігін тигізері анық. Бұл ретте қазақ тілінде балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған Youtube желісіндегі арналардың тізімін ұсынамыз:

1.Білімкідс. BilimKids. (119 видео) [43]

Bilimland Kids – балаларға арналған қазақша әндер.

Балаларға арналған көңілді әндер топтамасында түрлі түсті сүйкімді кейіпкерлеріміздің өлеңмен баяндайтын қызықты оқиғалары балаңыздың тілінің тез шығуына жәрдемдесіп, қазақ тілін сауатты меңгеруіне негіз бола алады. Бұл арнадағы танымдық видеоларды көру арқылы балалар сандар, түстер, мамандықтар, жемістер және күнделікті қолданатын қарапайым сөздермен сөздік қорын толықтыра алады.

2. «Балапан». Balapan TV. (9200 видео) [44]

2010 жылы хабар тарата бастаған балаларға арналған телеарнаның бүгінгі таңда атқарған жұмысы аз емес. Тіл тиек етіп айтатын мәселенің бірі – арнаның толыққанды қазақ тілінде хабар таратуы.

«Balapan» телеарнасының алға қойған мақсаты - келешек ұрпақтың тамырына рухани нәр беріп, «интеллект» иесі, білім мен ғылымның шыңына шығар азамат болып ержетуіне ықпал жасау. Сондай-ақ, дені сау, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы мол, еңбексүйгіш, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

3.Дәрия кидс. DARIYA kids (Көк трактор, бала балық, көк автобус әндерінің қазақша нұсқасы бар) (6 видео) [45]

Бұл арнаға балалардың сүйікті мультфильміне айналған «Көк автобус», «Бала балық» сынды мультфильмдер жүктелген.

4.Балафанни. Balafunny. (356 видео) [46]

Балаларға арналған көңілді және танымдық видеолар арнасында қызықты санамақтар, түрлі тақырыптарды қамтитын көңілді әндер бар.

5.Шаңырақ. SHANYRAK (47 видео) [47]

Бұл арнаның басты миссиясы – балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіндіре отырып қазақ тілінде тәрбиелеу.

6.Балбілім. BAL BILIM. (6 видео) [48]

Балбілім арнасында қазақша ұғымдарды үйретуге арналған әндер бар.

7.Бөбек. Bobek. (303 видео) [49]

Бөбек арнасы кішкентай бүлдіршіндер мен мектеп жасындағы балаларға қызық болатын әндер мен мультфильмдер, сонымен қатар танымдық ойындар да бар.

8.Егеменнен ертегі. Балаларға базарлық. Egemen TV. (27 видео) [50]

Бұл каналда балаларға арналған қызықты ертегілер жүктелген. Бала таңдауына орай кез-келген ертегіні көру арқылы сұхбаттасуға болады. Феноменал кидс. Phenomenal Kids. (35 видео) [51]

Phenomenal kids – балаларға арналған авторлық білім беру және ойын-сауықтық авторлық жоба. Каналда ертегілер, бала тілін дамыту видеолары бар.

9.Сәлем тәй-тәй. SALEM TAI-TAI. (21 видео) [52]

Бұл каналға балаларға арналған әндер мен қазақша мультфильмдер енгізілген.

10.Еркетай кз. ERKETAI KZ. (85 видео) [53]

Арнада ертегілер мен мультфильмдер, балаларға арналған қазақша караоке, қазақтың мақал-мәтел, жұмбақтары жүктелген.

11. Балақай (69 видео) [54]

Балақай каналында қазақша мультфильмдер жинақталған.

12.Торғай тв. Torghai-TV (35 видео) [55]

Торғай тв балаларға түрлі әндер мен өлеңдер, оқу видео материалдарын ұсынады, олардың ішінде: әліппе, сандар, пішіндер, түстер видео-өлеңдері.

13.Дін-діл студио. DINDIL STUDIO (236 видео) [56]

Дін-діл студио арнасы кішкентай балаларға арналған. Ең алғашқы сөздерді үйретеді. Бұл арнада логикалық ойлауды жетілдіретін бейнероликтер

«Жануарлар әлемі», «Құстар әлемі», «Ертегілер әлемі», «Су асты әлемі», «Жәндіктер әлемі», «Сандар әлемі» сияқты топқа бөлініп берілген.

14. Қаз-қаз балапан. QAZ Balapan. (28 видео) [57]

Кішкентай көрермендерге тіл дамыту видеолары, танымдық мультфильмдер енгізілген.

15. Қошақан: балалар әндері (37 видео) [58]

Бұл каналда балаларға арналған қызықты әндер, караоке бар.

16. Зерек тв. Zerek TV. (64 видео) [59]

«Zerek Tv» - қазақ тіліндегі алуан түрлі дамытатын, ой-өрісті жетілдіретін қызықты логикалық ойындар мен сұрақ-жауаптар, өнерге баулитын кішкентай балаларға бастапқы білім беретін арна.

17. Ербатыр мен Алина. (598 видео) [60]

Бұл каналда танымдық видеолармен қатар мектеп программасын түсіндірме видеолары да жүктелген.

18. Балаларға арналған әндер. (46 видео) [61]

Балаларға арналған әндер арнасында екі және үш түрлі графикаға заманауи өңдеуден өткен дәстүрлі қазақ әндерін енгізілген. Жаңа мәдениет пен салт-дәстүрлерді оңай тану мақсатында көптеген әндер әртүрлі тілдерден аударылған.

19. Қазақша ертегілер. Anima Book (219 видео) [62]

Бұл каналда фольклор туындылары мультфильм түрінде берілген.

20. Балапан. Қазақ тіліндегі ертегілер. (378 видео) [63]

«Балапан» арнасында әлемдік ертегілер қазақ тіліне аударылып, балаларға ұсынылған.

21. Балақай. Қазақша мультфильмдер. (69 видео) [64]

Бұл арнада қазақша мультфильмдер, ертегілер жинақталған.

22. Мультпланета кз. Multplaneta KZ. (465 видео) [65]

Мультпланета кз каналында бірнеше бөлімді қызықты анимациялы мультфильмдер енгізілген.

23. Бала тайм тв. Bala Time TV. (236 видео) [66]

Бұл арнада балаларға арналған қызық, танымдық видеолар, дамытушы ойындар, мультфильмдер және ертегілер жүктелген.

24. Томпи. Әндер. (36 видео) [67]

Қазақша мультфильмдер, әндер, караоке, әліппе, бояуларды, сандарды, түстерді, үйрететін видеолар жинақталған.

25. Детки ангелы. Баланың ісі шала. (197 видео) [68]

Бұл каналда балаларға арналған қазақша сериал енгізілген. Сериалда жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге үйретеді.

26. Kazformoms Мама, қазақша сөйлеші! (21 видео) [69]

Бұл каналда шет тілді кітапты бірге оқып, талдау жасайды.

27. Чилдрен мюзик. Children Music (30 видео) [70]

Арнада балаларға арналған қазақша караоке жинақталған.

28. Зерекбала. ZEREKBALA TV (109 видео) [71]

Зерекбала арнасында кішкентай көрермендерге арналған «Әліппе үйрену», «Жануарлар дауысы», «Үй жануарлары мен құстары», «Жұмбақтар», «Түстер үйрену», «Пішіндер түрлері», «Қазақша сөздер» сияқты видеолар бар.

29. Балапан тв. Balapan TV (324 видео) [72]

Бұл каналда өз қолынан жасаған бұйымдарды қазақша түсіндіреді.

30. Ерекше анимациялық мультфильмдер. Marzhan Zhubanysh. (18 видео) [73]

Аталмыш арна балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында қазақ ертегілерін ерекше анимациялық мультфильмге салып түсіндіреді.

31. Қазақша мультфильмдер (132 видео) [74]

Қазақша мультфильмдер арнасы сапалы қазақша мультфильмдер топтамасын ұсынады. Мұнда қазақша ертегілер, батырлар ертегілері, баланы дамытуға арналған мультфильмдер, оған қоса, “Балапан” телеарнасы қолдауымен жасалған көптеген мультфильм топтамаларды ұсынады.

32. Сақ киностудиясы. SAQ Kinostudiasy (70 видео) [75]

Сақ киностудиясында тарихи орындар мен тарихи тұлғалар туралы мультфильмдер құрастырылған.

33. Әдина Жүсіптің аудиоертегілері. (72 видео) [76]

Бұл каналда қазақ ертегілерінің аудио нұсқасы берілген.

34. Құлыным. Qulynum. (24 видео) [77]

Qulynum - YouTube-тегі ойын-сауық және қазақша мазмұндағы балаларға арналған арнасы. Мектеп жасына дейінгі балаларға әріптерді, сандарды, жануарлардың дыбыстарын, түстерін және т.б. білуге көмектесумен қатар ата-аналарға балаларымен бірге оқуға және бірге ойнауға қосымша мүмкіндік жасайды.

35. Ерке тв. ERKE TV. (23 видео) [78]

Қазақ тілін дамыту мақсатында балаларға арналған танымдық видеолар ұсынылған.

Тұлғалық бағдарлы оқыту білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады деген қорытынды жасауға болады. Қазіргі білім беру үдерісі білім алушылардың жан-жақты дағдыларын дамытуға, оның мүмкіндіктерін, таланттарын ашуға, өзін-өзі тануға, өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталуы керек. Тұлғаға бағытталған оқыту білім алушының өзі, оның мотивтері, мақсаттары, қайталанбас психологиялық қоймасы, яғни білім алушы тұлға ретінде оқудың орталығында екенін болжайды.

Білім алушының жеке тұлға ретінде дамуы (оның әлеуметтенуі) оның нормативтік қызметін игеру арқылы ғана емес, сонымен бірге өзінің дамуының маңызды көзі ретінде субъективті тәжірибені үнемі байыту, өзгерту арқылы жүреді. Білім алушының таным процесін қамтамасыз ететін субъективті іс-әрекеті ретіндегі ілім процесс ретінде ашылуы керек, оның табиғатын, психологиялық дамуына әсер ететін әдістер таңдап алынуы шарт. Оқытудың негізгі нәтижесі тиісті білім мен дағдыларды игеру негізінде танымдық қабілеттерді қалыптастыру болуы қажет.

Мұндай оқыту процесінде өзін-өзі бағалайтын білім беру іс-әрекетіне белсенділікті арттыру аса маңызды, оның мазмұны мен формалары білім алушыға білімді игеру барысында өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беруі керек.

*Қарағанды қаласы білім бөлімі Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі*

*Аралбай Толкын Аралбайқызының іс – тәжірибесінен*

Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы өмір сұранысына сай білімі бар, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын азамат тәрбиелеу оның өзін белсенді жағдайға қоятын жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліне оқытуда интерактивті әдістердің маңызы зор. Ағылшын тілінен енген «интерактив» сөзі де «өзара әрекет жасау» деген мағынаны білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда тығыз қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру, бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның мазмұны мен қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, түсінігімен алмасады, жоғары нәтижеге қалай жете алатындығын анықтайды. Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдылық пен қолдау атмосферасында өтіп, жаңа білім игеруге жағдай жасайды. Интерактивті әдістерді қолдану арқылы көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Оған бірлескен жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар, жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, жағдаяттық және рөлдік ойындар, акпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау, шығармашылық жұмыстар жатады.

Интерактивті негізде оқу мақсаты-білу емес, үйрене білу.

Өзіне деген сенімге тәрбиелейді;

Шешендік өнерін жетілдіреді;

Танымның мәнін түсінуге көмектеседі;

Сыни ойлау дағдыларын дамытады;

Өз пікіріне деген құқығын түйсінуі артады;

Интерактивті оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен «Маған айтып берсең ұмытып қаламын, көрсетсең -есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң-үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интерактивті оқыту білім алушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары әм тәсілдері ретінде танылады. Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен әдістемелік амал қандай болса да, балалардың өздерінің өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі болып саналады. Интерактивті әдіс барысында бала мынадай қарым-қатынасқа түседі:

Отбасы мүшелерімен ( ата-анасының сұрағына жауап берген кезде;

Өзге балалармен (қосақтасып жұмыс істеу барысында)



Шағын топтарда  
Үлкен топтарда  
Кейбір техника түрлерімен  
Танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыда

Қазіргі таңда білім алушылардың қазақ тілінде қиналып сөйлеуі барлығымызды алаңдатуда. Бастауыш мектеп жасындағы білім алушыларымыздың басым бөлігі мектепке келгенде орыс тілінде сөйлеп келеді. Өз тәжірибемізде қазақ тілінде 10 сөз ғана білетін білім алушылар да кездесті. Әрине бұл отбасының қазақ тілінде сөйлемеуі, басқа тілдегі контенттердің көптігінен, балалардың шектен тыс ұялы телефондарға бағыныштылығы және қазақ тілінде қарым-қатынас жасайтын ортаның болмауынан. Жалпы бастауыш мектеп жасындағы баланың қазақ тілінде сөздік қорын дамытуда ата-ана мен мұғалімнің бірлескен әрекетінің нәтижелі жұмысынан көрініс табады. Әр бастауыш сынып мұғалімі өз жұмысының өнімділігін арттырғысы келсе, ата-анамен бірлесе жұмыс істегені жөн. Ал білім алушының мектепке бейімделу кезеңінде ата-ананың міндеті: моральдық және эмоционалдық қолдау көрсету. Педагогпен тығыз байланыс орнату, кеңестерге құлақ асу, мектеп өміріне белсене қатысу.

Бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың қазақ тілінде сөздік қорларын дамытуда ата-аналардың көмегімен қандай бірлескен жұмыстар жүргізуге болады? Осы сұраққа жауап ретінде интерактивті әдістер арқылы сөздік қорды толықтыруда түрлі іс-әрекеттер мен тәсілдерді тиімді қолдануға болады. Бұл әдіс баланың коммуникативтік қарым-қатынасын дамыта отырып, қазақ тілінде сөйлеу машығын арттыратыны сөзсіз. Ата-аналар интерактивті әдістер арқылы баланың бойында мынадай білім, білік, дағды, құзырлылық машықтарды қалыптастыра алады.

Терең және жүйелі ойлану;  
Ақпаратты өздігінен түсініп, оны таразылап, екшеп, керектісін тандап алу;  
Ақпаратты жан-жақты талдау және бағалау;  
Өздігінен жаңа түсінік пен білім құрастыру;  
Пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеу;  
Шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;  
Өз біліміне, өміріне деген жауапкершілікті тереңінен сезіну;  
Басқалармен тиімді қарым-қатынас құру;  
Өзіне деген сенімге тәрбиелейді;  
Танымның мәнін түсінуге көмектеседі;  
Сыни ойлау дағдыларын дамытады;  
Құндылықтарды игеру

Бұл дағдылар мен құзыреттіліктер болашақта білім алушыларды бүгінгі күні тіпті де болжауға мүмкін емес проблемалардың шешімдерін табуға жетелейді.

Балаға қажет нәрсенің ең маңыздысы-бұл ата-ананың ықыласы. Табысты оқу көп жағдайда отбасы мен мектептің тиімді ынтымақтастығына байланысты. Ата-ана баламен тең құқықта сөйлесіп, мінез-құлық қалыптастыруда,

айналадағылармен қарым-қатынас жасау үлгілерін көрсетіп отырғаны жөн. Әр отбасы және оның барлық мүшелері баламен сөйлесудің бірыңғай тактикасын жасағаны орынды. Баланың мектеп білім алушысы болу талпынысын қолдап, оқуға деген ықыласын дамыту мен көтермелеу де ата-ананың басшылыққа алатын рөлі.

Қазақ тілінде сөздік қоры аз баланың мектеп қиыншылықтарына сабырлық сақтап, оны сұрақтың астына алмай, өзін еркін ұстауына мүмкіндік беріп, ренжіп тұрғанын көрсеңіз, сабырлы әңгіме барысында мазасыздығының себебін біліп қолдау көрсететін де ата-ана. Адам бірдеңені үйренгенде, бірден меңгеріп кетпейді, бұл табиғи нәрсе. Алғашқы сәтсіздіктерге ата-ананың үмітінің күйреуі де дұрыс шешім емес. Бала ата-анасының байсалдылығын, сенімділігін көргенде, қиыншылықтарынан қорықпауға сенімділігі артады. Ата-ана баласының мұғалімдерімен ынтымақтастық қарым-қатынаста болғаны, көмегін ұсынып, белсенділік танытқаны жөн. Сыныпта ата-аналар белсенді болса, балалар арасындағы қарым-қатынас та жақсарады. Сондықтан ата-аналар тарапынан балаларға арналған мерекелер, саяхаттар, театр күндерін ұйымдастырып отыру аса маңызды шаралардың бірі.

Ойын-адамзаттың ұлы ұстазы! Ойын-үйренудің ең тиімді әдісі. Ал интерактивті әдіс-тәсілдер сол ойын элементтерін қолдана отырып, балалардың еш қиындықсыз қызықты үйренуіне жол ашады. Ойын балаға еркіндік береді. Ойын көңіл-күйді басқа қалыпқа түсіреді. Ойын жасөспірімнің өз өмірінің қатал талаптарынан арылып, оларды өзінің рухани және физикалық күштерін ерікті және қуанышты түрде іс-әрекетке жұмылдырумен алмастырады. Ойын белгілі тәртіп қалыптастырады. Ережелерді бұзып, ойын аймағында қалуға болмайды. Ойын үйлесімділікті тудырады. Кемелдікке, дамудың шегіне ұмтылуды қалыптастырады. Ойын қызығушылықты қалыптастырады. Ойын адамды толығымен баурап, оның барлық қабілеттерін белсендіреді. Ойын ұжым құрып, оны біріктіру мүмкінділігін береді. Ойын белгісіздіктен тұрады, ал бұл адамды қызықтырады, қажетті шешімдерді табу ісіне жұмылдырады. Ойын қажетті әдебиетке деген қызығушылықты қалыптастырады, өйткені рөлдік ойын әдеби модельдеу әдісімен құрастырылады. Өз әлеміңді жасау үшін алдымен өзгелер туралы оқу керек. Ойын балаға өз миын дамыту мүмкіндігін береді, өйткені шым-шытырық нәрселерді құрастырып, оларды жүзеге асыру керек. Ойын эзілкештікті дамытады, өйткені ойын барысы мен кеңістігі міндетті түрде күлкілі жағдайлар мен анекдоттарды тудырады. Ойын ойнау арқылы бала қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, диалог құрады. Сондықтан қазақ тіліне оқытуда ата-аналар ойын элементтерін жиі пайдаланса, едәуір нәтижелі көрсеткішке ие болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліне оқыту бойынша ата-аналар төмендегідей интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдануына болады.

1-сыныпқа келген білім алушыларды әліппе кезеңінде, әріптерді танытуда жаңа сөздер қорын енгізуге болатын қызықты әрі нәтижелі жұмыстардың бірі «Коллаж жасаймын» ойыны арқылы жүзеге асыруға болады.

«Коллаж жасаймын» оқыта үйрету ойыны

Әрбір жаңа әріпті танытуда мұғалім білім алушыларға шығармашылық тапсырма береді. Мұндай үлгідегі шығармашылық тапсырмалар баланың қызығушылығын оятып, отбасы мүшелерінің де басын біріктіретіні сөзсіз. Білім алушы жаңа әріп пен дыбысқа байланысты, сыныпта айтылмаған жаңа сөздер тізбегін ата-анасымен бірге ізденіп, суреттерден ( салуға немесе қиып алып жапсырмалауға болады) коллаж жасайды. ( Мысалы: А әрпіне байланысты мынадай сөздерді енгізуге болады: аялдама, арқар, Алакөл, Алатау, Алматы, алхоры, Абай т.с.с.) Жаңа сөздер қорын жинақтауда ақын-жазушылар, Қазақстанның киелі, көркем жерлері, қалалары, жан-жануарлар, өсімдіктердің атаулары т.с.с сөздер тобын алуға болады. Бұл жерде қолдау білдіретін ата-ана мен баланың ойлау қабілеті шексіз. Яғни коллажға неғұрлым көп сөз іздесеңіздер, соғұрлым баланың да сөз қоры көбейетінін естен шығармаған дұрыс. Балаңыздың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын жетілдіргіңіз келсе, қиялға ерік бергеніңіз жөн. Ата-ана үйде баланың іздену, зерттеу, айналасын бақылау сияқты дағдыларын әрі қарай дамыта отырып, қолдау көрсетеді. Бала іздену барысында отбасы мүшелерімен қарым-қатынасқа түседі және өзіне таныс емес сөздердің мағынасын біледі. Дыбыстың дауысты немесе дауыссыз екендігін ажыратып, тиісті түспен көрсетеді( дауысты дыбыстарды –қызыл, дауыссыз дыбыстарды-көк). Сол әріптің сөз ішіндегі орнын анықтайды (басында, ортасында, соңында), буынның қай бөлігінде тұрғанын анықтайды, сөзбен сөз тіркесін, сөйлем құрастырып үйренеді. Балалар өздерінің ата-анасымен бірлесе жасаған коллажын сыныпқа әкеліп, шағын топтарда таныстырылым жасайды. Шағын топтағы 5 білім алушының әрқайсысы өткен әріпке байланысты 10 жаңа сөз біліп келсе, топтағы 5 білім алушы 50 сөзге сөздік қорларын толықтыра алады. Бұл интерактивті әдіс арқылы бала мен ата-ананың арасында мынадай құзыреттіліктер дамиды:

Ата-ана баласымен бірлесе отырып, жаңа ережелер мен нормаларды талқылайды;

Жаңа сөздер қорын толықтырады, қайталайды, мағынасын таниды

Баланың ұсақ моторикасының дамуына ықпалын тигізеді;( себебі өзі қияды немесе суретін салады, бояйды)

Жаңа түсінік пен білім құрастырады;

Бала ізденеді, бақылайды, зерттейді;

Ата-ана баланың қабылдауы мен түсінігіндегі олқылықтарды көреді;

Қоршаған ортаны таниды;

Баланың бойында сенімділік пен жауапкершілік пайда болады;

Әртүрлі тақырыптарда сөздік қорды дамыту ( атақты тұлғалар, Қазақстанның көрікті жерлері, аң-құс, мамандықтар т.с.с.)

«Маршрут» оқыта үйрету ойыны

Жоғарыда аталған «Коллаж жасаймын» ойынынан кейін бұл жаттығу баланың есте сақтау қабілетін әрі қарай дамытатыны сөзсіз. Бала сөздік қорына жинақтаған жаңа сөздерді күнделікті қайталау арқылы жаттығады. Отбасы мүшелері арасында бірнеше адам ойнаса, тіптен қызығырақ болады. Отбасы мүшелерінің бірі бір сөз айтады, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің

алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, келесі адам жаңа сөз құрастырады. Осы заңдылықпен ойын жалғасады. (Мысалы: Әмиян -нар-радио т.с.с). Сөз тізбегін жалғастыруда шатысқан ойыншы ойыннан шығады. Бұл ойын- жаттығуды орындай отырып, ата-ана баласының бойында қандай қабілеттерді дамыта алады?

Балаға ұнайтын іс-әрекет;  
Кемсіту мен келемеждеу, жазалау жоқ;  
Ережелерді балалардың өздері құрастырады;  
Отбасы мүшелерін біріктіреді;  
Ешкім де үстемдік жүргізбейді, барлығы бірдей;  
Барлығының құқығы қадағаланады;  
Барлығы да нәтиженің сәтті болуына мүдделі;  
Мәжбүрлеу жоқ, бәрі де өз бетімен әрекеттенеді;  
Алдыңғы білімін жаңғыртады;  
Ізденеді, зерттейді;  
Сөз мағынасын түсінеді;  
«Жолға шығу» оқыта үйрету жаттығуы

Бұл ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Ата-ана жолға жиналудың әртүрлі нұсқасын қарастыруына болады. Бала белгілі бір көздеген мақсатына жеткеннен соң, ойынды басқа тақырыпта қозғап түрлендіруге болады. ( Саяхатқа жиналу, мектепке жиналу, серуенге шығу, балық аулауға жиналу т.с.с) Яғни бұл ойын арқылы баланың қазақ тіліндегі сөздік қорын әр басқа мазмұнда толықтыру мүмкіндігіне ие боласыз. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? Деген сұрақ төңірегінде жүзеге асады. Анасы бір топ керекті заттардың тізімін айтады, ал бала ол заттардың не үшін қажет екенін айтып беруі керек. Немесе бала мен ананың рөлдерін айырбастап түрлендіруге де болады. Бұл ойын баланың қазақ тіліне үйренуінде сөз мағынасын тануы немесе танысуын машықтандырады. Баланың қазақ тілі грамматикасын жүйелі игеруге, ой-өрісін кеңейтуге бейімделген ойын-жаттығулардың бірі. Бұл ойын-жаттығу арқылы ата-ана баланың бойында қандай қасиеттерді дамыта алады?

Сөз мағынасын түсіне отырып, жауап беру;  
Сөйлем құрылымын сақтау;  
Байланыстыра отырып сөйлеу;  
Тыңдалым, айтылым дағдыларын жаттықтырады;  
Диалог құру;  
Берілген тақырыпқа байланысты сөздерді таңдау;

Ата-анамен бірге жүргізілетін бұл ойын-жаттығулар балаға ойы бір адамдармен қауышу қуанышын, өмірдің нақты жағдайларын өзінің ойдан шығарған әлемінде талай рет ойнап шығып, олардың шешімін табу білігін береді. Психологиялық тұрақтылықты қалыптастырып, ата-аналардың әдетте балаларына берілетін алаңдаушылығын төмендетеді. Ал бала қазақ тіліндегі сөздің мағынасын түсінсе ғана оны қолдана алады. Сөз мағынасын түсінбеген бала, оны өз сөздігінде қолданбайтынын естен шығармау керек. Аталған ойын-

жаттығулар интербелсенді әрекеттесуді меңзеп, қазақ тіліне оқытудың да тиімді жолы деп айтсақ қателеспейміз.

Сыни ойлау баланың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/ мәселелерді өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау баланы ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақты тұрғыдан кез келген жайтты талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Балалар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды. Сыни ойлау әр баланы табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: бала басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы беделдердің пікірлерін ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Кез келген проблема не ақпаратпен өздігімен жұмыс жасай алады. Нақты сұрақтар қойып, ең маңызды мәселені көре алады. Қарастырып отырған мәселені басқалармен салыстырып, балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды. Өз пікіріне жоғары жауапкершілік ала отырып, талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды. Ақпаратты шығармашылық тұрғыда түрлендіріп, шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады. Интерактивті әдістің мұндай түрлері де ата-аналардың баланы қазақ тіліне оқытуда көп септігін тигізетіні сөзсіз.

«Кемпірқосақ» оқыта үйрету ойыны

Балаға бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма беріңіз. Мысалы:

Кемпірқосақ түстері	заттар
Қызыл	қызанақ
Қызғылт сары	асқабақ
Сары	лимон
Жасыл	қияр
Көгілдір	аспан
Көк	қарындаш
Күлгін	бөртегүл

Ата-ана түстердің реттілігін ауыстырып, алмастырып айтса да болады. Баланы түстер бойынша қызықтыра отырып, ойлауын дамытудың ерекше түрі. Бала көз алдына елестете отырып, күнделікті өмірде зерделеген заттардың атауын қайталап айта алады. Айналадағы заттардың атауын білуге және айтуға машықтанады. Жаттығуды түрлендіріп рөлдерді алмастыра отырып та жаттықтыруға болады. Белгілі бір тақырып бойынша да ойын жаттығуды жалғастыра аласыз. Мысалы: «Көкөністер» тақырыбын алып, жеті түсті атаңыз. Бала сол түстерге байланысты көкөністерді айтып шығады. Бұл жаттығуда тек қана кемпірқосақ түстерін ғана алу міндетті емес.

Қоңыр	картоп
Қызыл	қызанақ
Жасыл	бұрыш
Күлгін	баялды

Қызғылт сары сәбіз

Бала өзінің пікірін түрлі мысалдар арқылы дәлелдей алады. Баланың сөздің мағынасын түсіну арқылы есте сақтауына әсерін береді.

Интерактивті әдістің тағы бір ерекше құралы – диалог. Диалог дегеніміз – өзіне және өзгеге деген қарым-қатынасты қалыптастыру. Диалог шын мәнінде балалардың бір-бірімен сұхбаттасуынан немесе білім алушы мен мұғалім, ата-ана арасындағы пікір мен ой қорытындысын жүйелеу мен дамытуының көмектесуіне арналған амал. Бұл әдіс білім алушының ой – өрісін дамыту мен қатар жан-жақтылыққа, өз ойын еркін әрі нақты жеткізуіне мүмкіндік жасайды. Баланы қазақ тіліне үйретуде диалог әдісімен құрылған оқыту үйрету жаттығуларын барынша тиімді қолданған жөн.

«Жетелеуші 7 сұрақ» оқу үйрету жаттығуы

1. Кім?
2. Не?
3. Қайда?
4. Қашан?
5. Қалай?
6. Қандай?
7. Егер олай болса, не болар еді?

Берілген сұрақтардың төңірегінде оқылған шығарма бойынша түсінігін ілгерілетуге арналған жаттығу. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың оқыған шығармасын есте сақтауына, тірек сөздерді анықтап қолдануын, жүзеге асырады. Шығарма таңдауда кез келген жанрда жазылған шығарманы алсаңыз болады. Мысалы: «Алматы қаласының алтын алмасы» қиял-ғажайып ертегісі <https://ertegiler.kz/story/almaty-golden-apple>

Ертегіні балаңызға тыңдатып немесе оқытуыңызға болады. Енді ертегіні бала қаншалықты түсінгенін білу үшін осы жеті сұрақ бойынша сұрап көріңіз.

- Іле Алатауының баурайында не орналасқан?
- Алаңдаған жұртқа кім ақыл айтты?
- Халық қайда жиналды?
- Іле Алатауының баурайындағы қала қашан пайда болыпты?
- Алматылықтар бұл жемісті қалай атады?
- Алтын алманың қандай қасиеті болды?
- Егер қария көмекке келмесе, не болар еді?

Бұл жаттығу сұрақ қою арқылы баланы:

- тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады
- шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады
- білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі
- сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді
- шығармашылық қабілетті арттыруға көмектеседі
- бір-бірінен үйренуіне, басқаның идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді.

Қазіргі таңда балалардың кітап оқуға құштарлығының азайып бара жатқаны бәрімізге мәлім. Кітап оқуға қызығушылығы төмен баланың сөздік қорының да аз болатыны сөзсіз. Сондықтан баланы тілге үйретуде қызықтыру бастамасы отбасында қалыптасуы керек. Осыған орай құрылған қызықты әрі нәтижелі әдістердің бірі:

«Жол шетіне белгі қоя отырып оқу» әдісі (смайлик қоя отырып оқу)

Бұл оқу түрін балаңызбен бірлесе отырып орындасаңыз болады. Кез келген шығарманы таңдап алып, балаңызбен бірге оқыңыз. Шығарманы оқу барысында балаңызға өз көңіл күйіні білдіріп, смайлик қалдырып отыруын тапсырыңыз. Өртүрлі көңіл күйдегі смайликтерді қою себебін сұраңыз:

-Күліп тұрған смайлик қоюыңның себебі неде?

-Мұңайып тұрған смайлик қоюыңның себебін айтшы?

-Неліктен бұл жерге таңғалған смайлик қойдың?

Бала өз идеясын дәлелдеуге тырысады. Идеясын дәлелдеуде оқылған шығармадағы тірек сөздерді дұрыс қолдануын талап етіңіз. Егер тірек сөздерді қолдана алмай отырса, қағазға жазып есте сақтауын қадағалаңыз. Бастапқы кезде есте сақталу үшін неғұрлым ірі көлемде жазсаңыз, соғұрлым баланың көріп есте сақтауын да іске қосасыз. Диалог арқылы баланың айтылым дағдысын жетілдіріп, шығармадағы тірек сөздерді қолданып сөйлеу, сөйлем құрылымын сақтау, жаңа сөздер арқылы сөздік қорын молайту әрекеттері іске асады.

Диалог барысында бала күтілген нәтижеге жету үшін күш – жігерін жұмсайды, ынталанады, ойларымен бөліседі, пікірлеседі, білімді бірлесіп алады, өз білімдерін толықтырады. Проблеманы шешуде өз идеяларын ортаға салып, талқылайды, оған баға береді, және ұжымдық білім мен түсініктері қалыптасады. Топпен жұмыс жүргізгенде әңгімелеріне қарай ой – пайымдаулары айқындалып, олардың топ алдында, жұрт алдында сөйлеу мәдениеттері қалыптасады. Тыңдап қана қоймай, тапсырманы белсенді орындайды, ынтасы артып, өз бетінше жұмыс жасау дағдылары артатындығы байқалады.

«Жасырын сөздер» оқу үйрету жаттығуы

Мақсаты: идеяларды қорытындылау және кері байланыс жасау үшін қолданылады. Бұл оқу үйрету жаттығуы арқылы баланың идеялары талқыланады, жинақталады, шығармашылық қабілеттері дамиды. Баланы өзіңізге қарама-қарсы бағытта отырғызып, көзін жұмып отыруын талап ету. Балаға көрсетпей, арт жағынан балаға үйрету келген жаңа сөзді жазып қою. Сол затты сипаттайтын сөздер қою арқылы балаңыз жасырылған сөзді табуы керек. Немесе рөлдерді ауыстырып, түрлендіруге де болады. Сөзді түрлі ресурстарға жазуға болады. (Кішірек маркер тақтасы, сурет, ақ қағаз, планшет, телевизор т.с.с құрылғыларды қолдансаңыздар болады). Сөздік қорды белгілі бір тақырып төңірегінде де қозғауға болады. Мысалы:

Балаға «Жапалақ» деген жаңа сөзді үйрету барысында:

Сөзді сипаттау үлгісін төмендегі үлгімен құруға болады. Затты сипаттау сөздерін айтқан кезде, кідіріс жасап, баланың ойлануына мүмкіндік берген жөн.

- сүйкімді;

- көздері үлкен;

- тұмсығы өткір;
- ұшады;
- жыртқыш;
- қауырсыны ұлпа;

Егер баланың жауабы берілген сөзден алшақ болса, неғұрлым сипаттау сөздерін бала табатындай жақындату керек. Енді осы ойын жаттығуды басқаша түрлендіріп жүргізуге де болады.

Керсінше сұрақты балаға қойғызу. Бала сізбен диалогқа түсу арқылы жасырылған сөзді табуға мүмкіндік алады. Баланың ықтимал сұрақтары мынадай үлгіде болуы мүмкін.

- Бұл тірі зат па?
- Адам ба, жануар ма, құс па?
- Түсі ақ па, әлде қара ма?
- Мойны ұзын ба?

Аталған оқу үйрету жаттығуы арқылы баланың сөздік қорын жаңа сөздер легімен толықтырып, әрі ол сөздің мағынасын тануына ықпал етесіз. Бала сөздің мағынасын тану үшін өзі ізденеді, өзі зерделейді, салыстырады және сипаттауды үйренеді. Мұндай интерактивті әдістер баланың терең ойланып, тілдік нормаларды қалыптастыруға, шешім табуға жетелейді.

Ойын- үйренудің ең тиімді әдісі. Ойын балаға еркіндік береді. Ойын-қалыптан тыс әрекет. Ойын-көңіл күйді басқа қалыпқа түсіреді. Адам тек ойынның ережелеріне бағынып, әртүрлі әлеуметтік, пайдақорлық және басқа да шарттылықтан бос болады. Ойын жас өспірімнің өз өмірінің қатал талаптарынан арылып, оларды өзінің рухани және физикалық күштерін ерікті және қуанышты түрде іс-әрекетке жұмылдырумен алмастырады. Ойын белгісіздіктен тұрады, ал бұл адамды қызықтырады. Оның миын белсендіреді, қажетті шешім табу ісіне жұмылдырады. Ойын қажетті әдебиетке деген қызығушылықты қалыптастырады, өйткені рөлдік ойын әдеби модельдеу әдісімен құрастырылады. Өз әлемінді жасау үшін әуелі өзгелер туралы оқу керек. Ойында қатысушыларды біріктіретін идея бар: ол осы ойынның қызықты өтуіне барлығының да мүдделілігі.

- Балаға ұнайтын іс-әрекет
- Кемсіту мен келемеждеу, жазалау жоқ
- Ережелерді балалардың өздері құрастырады
- Бірлескен әрекеттер
- Ешкім де үстемдік жүргізбейді, барлығы бірдей
- Барлығының құқығы қадағаланады
- Барлығы да нәтиженің сәтті болуына мүдделі
- Мәжбүрлеу жоқ, бәрі де өз еркімен әрекеттенеді

Рөлдік ойындар-тиімді интерактивті әдістердің бірі. Адам жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар арқылы бала өзін түрлі кейіпкердің орнына қойып, мәселе немесе проблемаларды солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өздері тауып шығуды меңзейді. Рөлдік ойындар сюжетті рөлді, қимыл-қозғалыс,



драматизация, музыкалық дидактикалық, құрастыру, дамытушы болып бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы, сюжеттік-рөлдік ойын арқылы балаға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлесу қабілетін үйрету, жан-жақты білімін көрсетуге дағдыландыру, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеуге болады. Диалогтік сөйлеу мектеп жасындағы бала үшін ерекше маңызға ие, өйткені ол әлеуметтік сипатта болады. Дамыған диалогтік сөйлеу балаға бір нәрсемен бөлісу, бір нәрсе туралы білу, хабарлау және қарсылық білдіру, бір нәрсені ынталандыру үшін ересектермен және құрдастарымен оңай байланыста болуға мүмкіндік береді. Коммуникативтік ниет осылай туындайды. «Сөйлеу әрекеті - бұл белсенді, мақсатты, тіл арқылы жүзеге асырылатын және қарым-қатынас жағдайына байланысты адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында сөйлеу хабарламасын қабылдау немесе шығару процесі. Білім алушыларыма шығармашылық жұмыстар беру арқылы сөздік қорларын дамытуда ата-аналарымен бірге саусақ театрын ұйымдастырып келуін тапсырдым.

#### «Саусақ театры» рөлдік ойыны

Әдебиеттік оқу пәнінен «Кімнің мекені жақсы?» тақырыбындағы ертегіні баяндауда білім алушылардың айтылым дағдысын дамытуда үйде ата-аналарымен бірге кейіпкерлерді саусаққа ілінетіндей етіп, кез келген материалдан дайындауға беріледі. Алғашқы кезде трафареттерді немесе суретті кітаптардағы дайын үлгіні қиып үйретсеңіз болады. Кейін бала сурет салып үйрене бастағанда өзінің салуына да болады. Саусақ театры — баланың алақанына ертегі қоюдың бірегей мүмкіндігі, онда ол кез келген кейіпкердің рөлін атқара алады. Бала кез-келген кейіпкерді саусағына кигізіп, ойнай алады. Ойын барысында балаға, оның ішінде ойынға жүгіну өте маңызды. Театр сонымен қатар тамаша сөйлеу және сенсорлық-қимыл-қозғалыс аппараты болып табылады. Қуыршақтар екі қолдың саусақтарының қимылын дамытады, кейіпкерлердің сөйлеу тілін меңгеруге, сөздік қорын дамытуға, сөйлеу функцияларын белсендіруге көмектеседі. Оқылған шығармадан алған тірек сөздер мен термин сөздер баланың тілдік қорына едәуір әсерін тигізеді. Саусақ театры интерактивті әдісі де баланың қазақ тілін жете игеруде маңыздылығы жоғары әдістердің бірі. Саусақ ойындары ұсақ моториканы жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар ертегілердің мазмұны туралы білімдерін бекітуге, сөйлеу және бейнелі ойлауды дамытуға көмектеседі. Кез келген диалогке құрылған шығармаларды рөлдік ойын ретінде сахналау арқылы орындауға болады. Бұл әдіс арқылы балаңыздың сөйлеу дағдысының жетіліп, қазақ тіліндегі шығармаларды оқуға қызығушылықтары артады. Әрбір оқылған шығармадан қанша сөз есінде қалғанын білу үшін сөздік қорды тексеруге болады. Балаңызға оқылған шығармадан кейін бір парақ қағазға қандай сөздер есінде қалғанын жаздыруға немесе ауызша сұрауға болады. Мысалы: «Түлкі мен маймыл» ертегісін оқысаңыздар Түлкі мен маймыл - Ертегілер - (bilim-all.kz) осы ертегінің кейіпкерлерін трафарет арқылы жасап көріңіздер.

Жұмыс тәртібі:

1. Трафарет арқылы таңбаларды сызу. (Балалар контур ішінде ертегі кейіпкерінің бейнесін бейнелейді (таңдау бойынша).

2. Алынған кейіпкерлерді бояу. (Бала белгілі бір фигураның контурын сызып болғаннан кейін оны бояуды ұсынуға болады. Көптеген трафареттер жиынтығында бояуға дайын үлгі бар. Немесе сіз балаңызға тек қарындашпен ғана емес, бояумен де бояу тәсілдерін таңдауда толық еркіндік бере аласыз. Балалар болашақ театр қойылымының кейіпкерін өз қалауынша бояйды. Бұл жағдайда бала өз кейіпкеріне басқа көңіл-күй сыйлай алады, оны басқа түске бояй алады (бірнеше кейіпкер болуы мүмкін: мысалы, түлкі, маймыл, балық). Мұндай жұмысты орындау баланың шығармашылық қиялын дамытуға көмектеседі.

3. Фигураны ою. (Бала қайшының көмегімен өз ертегісінің кейіпкерінің мүсінін қиып алады. Бұл жағдайда бірнеше тапсырма шешіледі: бала қайшымен жұмыс істеуді үйренеді, саусақ қимылдарының үйлестірілуін жақсартады. Бұл, сөзсіз, жалпы қолдың дамуына ықпал етеді. Балаға қиын болса, кейіпкердің мүсінін қиюға көмектесіңіз. Баланың қайшыны қалай қолданатынын қадағалаңыз – қайшымен жұмыс істеу ережелерін еске түсіріңіз.

4. Ата-ана мен баланың бірлескен іс-әрекеті. Кейіпкерлердің фигурасы сызылып, кесілгеннен кейін оны картон сақиналарға желімдеу (немесе степлермен бекіту. Сақиналар саусаққа тағылады.

Мұнда да балалардың сөйлеу, коммуникативтік дағдылары, режиссерлік қабілеттері дамиды. Ата-аналар балаға саусақ қуыршақ актерлерін жасауға және ертегіні рөлдік ойынға айналдыруға көмектесе алады. Сондай-ақ, қуыршақтар сөйлескен кезде оларды бір-біріне бұру керек екенін түсіндіру. Саусақ қуыршақ қозғалса, оны сәл бұрады немесе еңкейтеді. Дайындық кезеңі аяқталғаннан кейін негізгі кезеңге - келісімді сөйлеуді дамытуға көшу керек. Балаңыз ертегі кейіпкерлерінің фигураларын пайдалана отырып, диалогтік әрекеттестікке кіріседі. Жұмыс жұппен жүреді, сондықтан сіздің көмегіңіз қажет. Баланы жұмыс барысында бақылай отырып, ересек адамға баланың қандай позицияны ұстанатынын - белсенді немесе пассивті екенін түсіну оңай. Рөлдік ойындарда ең бастысы бала мен ересек адамның өзара әрекеттесу процесінің өзі және баланың дұрыс сауатты сөйлеуі екенін түсіну маңызды.

«Радиоға қоңырау шалу» оқу үйрету жаттығуы

Бұл рөлдік дидактикалық ойын жаттығуының мақсаты баланың оқылған шығармалары бойынша ойын өрбітіп, алған ақпаратты жинақтап, пікірін білдіруге бағытталған. Отбасы мүшелерінің арасында пікірталас ортасын ұйымдастыруға болатын интерактивті әдістердің бірі. Әрі оқылған шығарма бойынша сөздік қор мен көркем сөйлеу дағдысын жетілдіреді. Мысалы: Ыбырай Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесін алайық. Балаңызбен бірлесе отырып, шығарманы бірінші өзіңіз оқып беріңіз, содан соң өзіне оқытуға да болады. Содан кейін отбасы мүшелерін оқылған шығарманың ішіндегі кейіпкерлерге бөліп беріңіз. Яғни біздің кейіпкерлеріміз:

Радио жүргізуші

1-жолаушы

2-жолаушы

3-жолаушы

Радио жүргізуші:

-Қайырлы күн, құрметті радиотыңдаушылар! Күндеріңізге сәттілік тілей отырып, радиомыздың бүгінгі қонақтарымен таныстырамыз. Олар Ы. Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесіндегі бұлақ басында кездескен үш жолаушы. Осы үш жолаушыға көкейлеріңіздегі сұрақтарыңызды қоюға болады.

(Сюжеттік-рөлдік ойынға баланы қызықтыру үшін қоңыраулы телефон, кейіпкерлердің киімдерімен әрлеп, ресурстарды да қолдануға болады.)

Радиотыңдаушылардың сұрақтарын мынадай үлгіде құрастырсаңыз болады.

-1-жолаушы, таста жазылған сөзге қатысты ойыңызды қалай түсіндіресіз?

-2-жолаушы, «Біреуге жақсылық қылсаң, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе» деген ойыңызды, қандай ісіңізбен дәлелдей аласыз?

-3-жолаушы, егер үш жолаушы бұлақ басында кездеспесе, не болар еді?

Баланың өзіндік пікірімен сол пікірге берген бағасын білгіңіз келсе, күрделілігі жоғары сұрақтар қою арқылы, шешім табуға бағытталған сұрақтар легін қойсаңыз болады. Осы сұрақтар төңірегінде жауап беру үшін бала:

терең ойлану арқылы жеке рефлексиялық қасиеттерін дамыта алады.

Өз идеялары мен әрекеттеріне талдау жүргізіп бағасын береді

Ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, тандап алады;

Өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастырады;

Пікірталасқа қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдейді;

Шешім қабылдап, қиын мәселелерді шеше алады;

Осындай білім, білік, дағды қалыптастыра отырып, қазақ тіліне оқытуды жүзеге асыруға болады.

Тәжірибе барысында, пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интерактивті әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетті. Ал дидактикалық ойындар баланың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында балалардың бойында жағдаят кезінде өзінің атқаратын ролін сезіну, әңгімеге қатысушы мүшелері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

«Желпуіш» оқу үйрету жаттығуы

Мақсаты: идеяларды жинақтау, жазбаша кері байланыс беру болып табылады.

Балаңызға түрлі түсті парақ қағазды желпуіш тәрізді бүктеп дайындатыңыз. Бір бөлігіне кез келген оқылған шығарманы талқылауға арналған жағдаятты сұрақ ойластырып жазыңыз. Бала осы сұрақтың дәлелі ретінде өз жауаптарының бірнеше нұсқасын дәлелдер келтіре отырып жазу керек. Бұл оқу үйрету жаттығуында да идеялар талқыланады және жинақталады.

Мысалы: «Байлық пен ақыл» тұрмыс-салт ертегісін оқи отырып, оқылған шығармадағы идеяларды талқылауға болады. Желпуіштің бірінші бөлігіне

«Ал өзің байлыққа нені жатқызар едің?» деген сұрақ төңірегіндегі ойларының бірнеше нұсқасын жазуы мүмкін. Неге бұл сөздерді алғанын балаға ауызша дәлелдету арқылы сөйлеу дағдысын дамытуға болады.

Бала өмірдегі тәжірибесіне сүйеніп мынадай сөздер тізбегін жалғастырып жазуы мүмкін: денсаулық, ата-ана, табиғат, отбасы, достар, білім, еңбек.

Ертегі мазмұнынан ақсақалдың балаларының сөзіне қанағаттанбағанын зерделей отырып, түсіну арқылы «байлық» сөзінің мағынасын аша алады. Оқылған шығарма арқылы тірек сөздерді есте сақтау арқылы проблеманың шешімін табуға үйренеді. Балаңызбен бірге өзіңіз де отбасы мүшелерімен бірге осы тапсырманы орындаңыз. Орындап болғаннан соң әрқайсысы өз жазған идеяларымен бөлісу. Бала жазбай кеткен сөздерді толықтырып, неліктен бұл сөздерді жазғаныңызды түсіндіріп өту.

#### «Кейіпкерге хат» оқу үйрету жаттығуы

Мақсаты оқылған шығарма бойынша өз ойын тұжырымдауға, бағалауға үйретеді. Баламен бірге оқылған шығарма төңірегінде ой бөлісіп, шығарма кейіпкері туралы пікірін талқыға салуға болады. Кейіпкердің бойындағы жағымды немесе жағымсыз тұстарын көре білуге, кейіпкердің іс-әрекетіне баға бере білуге, өзінің пікірін қалыптастыруға септігін тигізеді. Балаға кез келген жанрдағы шығарманың бірін оқып шығуына кеңес беру. Шығармадағы басты кейіпкерді анықтау. Енді сол кейіпкерге хат жолдауға тапсырма беру. Бұл жаттығу сіздің баламен жазбаша сөйлеуін дамытатын ұтымды жұмыстардың бірі.

Мысалы:

#### Асау өзен

Шілденің шыжыған күні еді. Ауылдың бір топ балалары Түрген өзеніне қарай улап-шулап жүгіріп келеді. Жейделерін шешіп алып, бұлғап-бұлғап қиқулайды. Тау өзенінің суы тастай. Балалар өзді-өзінің шуылымен қаперсіз келе жатқан.

Кенет Әлжан суға түсіп кетті. Ол ә дегенде-ақ бір батып, бір шығып, әбігерге түсті. Мұны аңғарған Ернар дереу көпірге қарай құйындата жөнелді. Ойы – осы маңнан құтқарып қалу. Ернардың артынан Жаппар,

Жұмағұлдар да тұра ұмтылды.

Олар Әлжанды үшеулеп жағаға шығарды.

«Балдырған» журналынан

Бұл шығармадағы басты кейіпкер Әлжанның атына хат жолдап жаз.

Баланың ықтимал жауабы мынадай үлгіде болуы мүмкін:

Қымбатты досым, Әлжан!

Суға үлкендердің қарауынсыз түсіп кеткенің дұрыс болмады. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін естен шығарма. Сақ бол!

Жазбаша сөйлеуді дамыту жаттығулары да, тек сөздік қорды толықтыру ғана емес, грамматикалық жағынан сауатты болуды қалыптастырады.

#### «Стикердегі диалог» оқу үйрету жаттығуы

Мақсаты: көпшілік алдында «сөз сөйлеу» қажеттілігі жоқ ашық пікірталас жүргізу арқылы визуалды, кинестетикалық және тыңдау аспектілерін

дамытудағы тиімді интерактивті әдістердің бірі. Балаңызбен бірге талқылауға арналған маңызды тақырыптың бірі. Бұл жаттығуды кәдімгі үйдегі тоңазытқыштың бетіне стикерлерді жапсырмалау арқылы жүргізсеңіз де болады. Бұл оқу үйрету жаттығуы да баланың жазбаша сөйлеу, грамматиканы қалыптастыру, сауатты жазуға дағдыландырады. Бұл үйрету жаттығуын да балаңызға қызықты кез келген тақырыпта қозғауыңызға болады. Түрлі түсті стикерге бірнеше сөздер жазып іліп қойыңыз да, сол заттар туралы пікірін жазып кетуді ұсыныңыз. Ең қызығы бұл жаттығуды өзіңіз жұмысқа кетіп бара жатып, кешке дейін балаңызға орындап қоюын тапсырып кетсеңіз де болады. Жәнеде баланың бұл сөздер туралы ақпарат іздеуіне де уақыты болады. Баланы өз бетімен ізденуге, шешім табуға да баулуға болады. Диалогты кез келген тақырыпта өрбітуге болады. Мысалы: «Дәнді дақылдар» тақырыбын алайық. Стикерлерге мына сөздерді жазып қойыңыз: қарақұмық, тары, сұлы, күріш, бұршақ, жасымық, бидай т.с.с. Бала аталған дәнді дақылдар туралы ақпарат жинақтап, сөздің астына жазып қояды. Бұл оқу үйрету жаттығуын түрлендіріп қолдансаңыз да болады. Мысалы: «Ақын жазушылар» тақырыбын алайық. Онда стикерлерге төмендегі үлгідегі тапсырмаларды қоюға болады.

-Абай Құнанбаевтың табиғатқа байланысты жазған өлеңдерін ата.

- Мұзафар Әлімбаев кім?

-Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін ізде, зерделе

Егер балаңыз көп ізденіп, нәтиже көрсетсе, кері байланыс ретінде түрлі мадақтау жүргізуге болады. Мынадай мадақтау, марапаттау түрін қолданып көріңіз.

#### «Копилка» әдісі

Стикерлердегі әрбір дұрыс жауапқа 10 теңге немесе 20 теңге көлемінде монетаны беру арқылы копилкаға ақша жинатуды бірге үйретіңіз. Бұл балаға ақшаны жай ғана бере салмай, белгілі бір еңбектің табысы ретінде берілгенін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге балаңыз ақша жинап, өз бюджетін құрауды да қоса үйренеді. Табысты болу үшін еңбектену керек деген түсінік қалыптасады.

#### «Логикалық ойсергектер» оқу үйрету жаттығуы

Сонымен бірге баланы қазақ тіліне оқытуда логикаға негізделген ойсергектердің де нәтиже көрсететінін сөзсіз. Ойсергектердің бұл түрін қолданудың басты мақсаты- баланы ойландыру ( адамның миы ойлану арқылы дамиды деп ұйғардық емес пе?) егер балалар берілген уақыт ішінде (30 секунд немесе 1-2 минут) жауап таппаса, онда бағыт-бағдар беріп (мәселен, «сыбырлақ» арқылы, олардың бұл тапсырманы міндетті түрде шешуіне жәрдемдесу қажет, балаларды дұрыс жауапқа жетелей беру керек. Мұнда тек дұрыс жауапты ата-ананың өзі айтпауы тиіс. Бірден дайын жауапты беріп қойсаңыз, балалар ойлануды қажет етпейді.

#### «Орны ауыстырылған әріптер» ойыны

Тақтаға немесе қағазға орны ауыстырылып берілген бірнеше сөздердің атауларын ( немесе тақырыпқа қатысы бар терминдер, ұғымдар, түсініктер,

ақын-жазушылардың есімдері, ҚР облыстары, қалалары, футбол командаларының атаулары, мемлекеттер т.с.с) жазылады.

Мысалы: егер балаға Қазақстанның қалаларының атауларын үйрету үшін өте тиімді логикалық ойсергекті жасатып көру. Бала жасырылған сөздерді табу арқылы Қазақстан қалалары туралы білімін кеңейтеді.

АРТЗА – ТАРАЗ  
ЫҚАҒРААНД- ҚАРАҒАНДЫ  
ЙЕСЕМ-СЕМЕЙ  
ШАҚБЛА-БАЛҚАШ  
УҚААТ-АҚТАУ  
ШУКЕТАӨК-КӨКШЕТАУ  
АТӨҚЕБ-АҚТӨБЕ  
УЛТЫҰА-ҰЛЫТАУ

Осындай үлгіде басқа да жаңа сөздермен балалардың қазақ тіліндегі сөздігін белсенді түрде үйретуге болады.

«Сөзден сөз құра» оқу үйрету жаттығуы

Мақсаты: берілген сөздегі кездескен әріптерді қолдана отырып, жаңа сөздер құрастыру. Құрастырылған сөздер кез келген сөз таптарынан болуы мүмкін. Бұл оқу үйрету жаттығуының миссиясы неғұрлым көп сөз құрастыру, баланың сөз мағынасын тануы және сауатты жазу дағдыларын жетілдіреді. Бір ғана жаттығудың ішінде баланың білім, білік, дағды қалыптастыратын бірнеше әрекет жатыр. Тапсырма баланың ойын машықтандырады Балаңызбен бірге бірнеше жаңа сөздің туындауына үлес қосыңыз.

Мысалы: «Тоңазытқыш»

тоң, аз, аң, ат, зат, қыш, тық, шаң, азық, оң, от, ық, шық, қаш, озат, т.с.с

«Мобилограф» оқу үйрету ойын-жаттығуы

Мақсаты: бала түрлі гаджеттердің мүмкіндіктерін қолдана отырып білім алады. Бұл ойын-жаттығуды отбасыңызбен бірге кітап оқу дағдысын қалыптастыру кезінде тиімді қолдансаңыз болады. Заманауи баланы гаджеттердің көмегімен оқуға құштарлығын арттыру мақсатында қызықтырыңыз. Түрлі жанрда жазылған шығарманы отбасыңызбен бірге таңдап алыңыз. Алынған шығарма баланың жас ерекшелігіне сай келетіндігіне көз жеткізіңіз. Баланың оқуға құштарлығымен қоса, цифрлық сауаттылығын да бірге дамытуды көздеңіз.

Мысалы: «Балықшы мен балық» ертегісі авторы А.С. Пушкин Балықшы мен балық - Ахмет Байтұрсынұлы - Өлеңдер - Vilim - All Отбасыңызбен бірге ертегіні оқып, ертегі бойынша өз пікірлеріңізді бейнежазбаға түсіру арқылы беріңіздер. Яғни, « Ертегі арқылы автор не айтқысы келді?» деген сұрақ төңірегінде ой қозғаңыз. Ертегіні оқыған отбасы мүшелерінің жауаптарын бейнеге түсіруді балаңызға тапсырыңыз. Құнды пікірлерді өзіне тыңдатып, өз тұжырымын жасауға дайындау.

Бала камераға қарап сөйлеуді үйренеді;

Ойын кедергісіз жеткізуге машықтанады;

Цифрлық ресурстарды қолдана алады;

Гаджеттердің пайдалы жақтарын меңгереді;  
Сұхбат жүргізе алады;  
Жауапкершілік алады;  
Шығарманың негізгі ойын табуды үйренеді;  
Жауаптарды саралайды;  
Қарым-қатынасқа түседі

«Жаңбырлы сұрақтар» оқу үйрету ойын-жаттығуы

Мақсаты: білім алушылардың зерттеушілік қасиеттерін дамыта отырып, сөздік қорларын толықтыру. Бұл оқу үйрету жаттығуын отбасы мүшелерімен бірге белгілі тақырыпта ұйымдастырсаңыздар болады. Мысалы: егер сіздің балаңызды «Мемлекеттер» тақырыбы қызықтырса, оқу үйрету жаттығуын оған сәйкес етіп жоспарлаңыз. Ақ парақты тең екіге бөліп жыртып, бірнеше етіп дайындап алыңыздар. Әр ойыншыға бір-бір парақтан үлестіріп беріңіз де, бір әріпті жазуын сұраңыз. Мысалы: «А», қағазды умаждап, бір-бірлеріңізге лақтырып, қасыңызға жақын түскен орамды алып, ішіндегі жазылған әріпке сәйкес бір мемлекеттің атауын жазыңыз. Егер балаңызға қиындық туса, қолына дүниежүзілік карта беріп қойсаңыз болады. Бұл жаттығу арқылы баланың мемлекеттер туралы білімі қалыптасады, сөздік қоры ұлғаяды, өз бетімен ізденуге баулисыз. Қағазды қайта умаждап лақтыруды жалғастыруда қолдың ұсақ моторикасын дамытады.

Оқу ойындарында бірінші кезекте балалардың қиял мен фантазиясына жол ашу керек. Бұл әсіресе саяхат ойындарында сәтті түрде жүзеге асырылады. Балалар саяхат ойындарында көркем шығармалар мен кітаптар, тарихи оқиғалар, аңыздар, карталар, құжаттар бойынша тарихи, географиялық, өлкетанушылық, ғылыми экспедицияларды ұйымдастырып, өз қиялдарынан туындаған оқиғалар мен ситуацияларды құрастырады. Мысалы «Түркістанға саяхат», «Көкшетауға экскурсия», «Алтын адам заманында», «Қазақстанның көркем жерлері» т.с.с. тақырыптарда қамтуға болады. Саяхат ойындары барысында бала күнделік жазып, оқиға болған жерлерден репортаждар беріп, өз жұмысы немесе ашқан жаңалықтары бойынша есеп дайындап, достары мен туыстарына хат жазып, әртүрлі мағлұмат жинау ісімен айналысуы мүмкін. Әрине мұндай мақалалардың қиял мен фантазия негізінде жазылуы мүмкін.

Мысалы: балаларыңызбен жазғы демалыста саяхаттап барған жерлері туралы жазғызуға болады. «Қарқаралыға саяхат» тақырыбын алу.

«Қарқаралыға саяхат» саяхат ойын-жаттығуы

Демалысыңды өткізген ортаның географиясымен танысу;

Өлкетанушы адамдармен кездесіп, сұхбат жүргізу

Сол өлкенің тарихы туралы ізден (энциклопедия, анықтамалық, кітапхана, интернет, жасанды интеллект)

Экспедициялар жүргізіп, сол өлкеде өсетін өсімдіктер мен жануарлар әлемін біліп ал

Бейнежазба, аудиожазба, фотосуреттер түсіріп, цифрлық сауаттылығын жетілдіру.

Өзіңді таңғалдырған оқиғалар мен таныс емес сөздерді түртіп ал

Репортаж түсіруді үйрен

Әртүрлі мағлұмат жинақтауды үйрен

«Қос жазба күнделігі» оқу үйрету жаттығуы

Балаңызға жазбаларын жинақтайтын ресурс ( дәптер, блокнот немесе планшет, смартфон т.с.с) беруіңізге болады. Бала саяхат барысында көрген білгенін түртіп, фотоға түсіріп алады. Тауларға, орманға қатысты әңгіме-аңыздарды сол аймақтағы мекендейтін адамдардан сұрастырып, жазба дәптеріне түртіп немесе рұқсатымен аудиожазбаға түсіріп алады. Жаңа терминдер кездесе, оның мағынасын анықтап, түсініп алу үшін энциклопедия, анықтамалықтар, кітапхана, интернетпен жұмыс жасау керек болады. Ендеше балаңыздың өз бетімен іздене отырып оқу қабілеті іске қосылады. Жаңа сөздерді күнделігіне түртіп алып, мағынасын біліп, түсіндірме сөздігін өз бетінше жүргізе алады. Саяхат ойындарын меңгерген білім алушылармен мұғалім де жұмысын жеңіл жүргізе алады. Яғни мұндай үлгідегі шығармашылық жұмыспен дайын келген білім алушылар тобын ұйымдастыра отырып, демалыстан кейінгі әсерлерімен бөлісе алады. Білім алушылар диалог құру барысында, жаңа жерлермен танысады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, өз сөздіктеріне жаңа сөздер енгізеді.

«Галереяға ой шарлау» оқу үйрету жаттығуы

Мақсаты: белгілі бір тақырып төңірегінде ой қозғау, білімді жаңғырту, іздену. Бұл оқу үйрету жаттығуын «Сөз таптары» тақырыбын қорытындылау барысында, немесе жаңа сөздерді енгізуде ескі білімін жаңғыртуда, жаңа тұжырымдарды қалыптастыруда қолдансаңыз болады. Ол үшін балаңыздың бөлмесінің кез келген жеріне ақ парақтарды іліп қойыңыз. Ақ парақтың әрқайсысына сөз таптарын жазып қойыңыз. Енді балаңызға сол топтарға қатысты білетін сөздерін маркердің көмегімен жазуды ұсыныңыз. Белгілі бір уақыттан соң балаңыздың нәтижесін бағалаңыз. Балаңыздың қиналып жүрген тұстарын бірден аңғара аласыз. Олқылықтарды толықтыруға жәрдемдесіңіз.

Мысалы:

Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік
Шырша	тәтті	төрт	төгілді
Көбелек	қызыл	үшеу	көріп отыр
Қалам	көңілді	он төрт	қарады
Таяқ	үлкен	бесінші	жарылды

Осы оқу үйрету жаттығуын баланың қызығушылығын оятатын тақырыптар төңірегінде де түрлендіріп жасауға болады. Балаңызбен бірге түрлі маркадағы машиналар, телефондар, футбол командалары, гүлдердің атаулары, континенттердің атауларын т.с.с бірігіп жаттауларыңызға болады. Бұл оқу үйрету жаттығулары баланың функционалдық сауаттылығын да қалыптастыратыны сөзсіз. Әрі баланың сөздік қорының толығыуына да септігін тигізеді. Баланың айналаға көзқарасын дамытады. Мысалы: баланың бөлмесіне бірнеше ақ парақтарды іліп, әрқайсысына мынадай сөздерді жазып қою:

Машина маркалары	Футбол командалары	Гүл атаулары
Мерседес	Жетісу	раушан



Тойота	Қайрат	бөртегүл
Опель	Барселона	бақбақ
Лексус	Арсенал	түймедақ
Хонда	Манчестер Юнайтед	рауғаш
Форд	Ливерпуль	бәйшешек
Фиат	Ювентус	қызғалдақ

Бөлме ішінде қозғала жүріп, балаңызды қызықтыра отырып оқуға үйретуге болады. Бұл жұмыстың соңынан да осы тақырыптарға байланысты балаңыздың бойындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді бірден анықтай аласыз. Кемшіліктерді жою мақсатында баланың өз бетімен ізденуіне әрекет жасаңыз. Жұмыс барысы мен нәтижесінде туындайтын сәтсіздіктердің алдын алу, оларды болдырмауға ұмтылу; ал сәтсіздік болған жағдайда кімнің кінәлі екенін іздемей, оның себептерін талдап, болашақта оны қайталамаудың жолдарын қарастыруға тырысыңыз. Баланың өзін-өзі бағалауын арттыруға ықпал етіңіз, оны не үшін екенін білетіндей етіп жиі мақтаңыз. Баланың қиындықтары - бұл сіздің де қиындықтарыңыз. Қиындықты бірге жеңу оңай және жеңіл! Балаңызға шартсыз махаббат сыйлаңыз. Ол материалдарды қандай сайттардан немесе бағдарламалардан, анықтамалықтардан іздеуге болатындығы жөнінде нұсқау беріңіз. Балаңыздың ішкі уәжін оятуға тырысыңыз. Балаңыздың оқуға, үйренуге деген ықылас-ынтасы, ниеті мен зауқы болмаса, оқу нәтижесінің мардымды болуы екіталай. Француз жазушысы Анатоль Франс «Тамақ тек зор тәбетпен ішкенде ғана сіңеді» деген екен. Оқу мотивациясы дегеніміз дәл осы сияқты білімге, білуге, үйренуге деген «тәбет». Мотивация (уәж) – әр үйренушінің білімге деген қажеттілігі мен мұқтаждығы, құлшынысы мен ұмтылысы, ынтасы мен көңілі, қызығушылығы мен құмартушылығы, оның білім процесінде алдына қойған мақсаттары мен мүдделері. Ал мотивацияны тудырмай, қызығушылықты оятпай, белгілі бір тақырыпты терең игеруге жетуіміз екіталай. Ендеше балаңыздың тәбетін ашатын әрекеттерді тиімді пайдаланғаныңыз жөн. Баланың бойындағы танымдық мүдделер мен әлеуметтік мүдделерді қалыптастырыңыз. Сонда ғана көздеген нәтижелерге жете аласыз. Ал баланың ішкі уәжін ояту үшін кез келген нәрсені қызығатындай етіп жеткізу керек.

Баланың қызығушылығын тудыратын тәсілдер:

Қызықты бір оқиғаны сипаттап беріңіз;

Қандай да бір талқыланған мәселе бойынша баланың пікірін білу үшін дауыс беруін сұраңыз;

Сұрақ қойыңыз;

Уәде беріңіз,

Балаңызды күлдіріңіз;

Даулы немесе басқалардың көзқарасына қарама-қарсы пікір айтыңыз;

Әдеттен тыс мәліметтер келтіріңіз;

Көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдарды қолданыңыз;

Өз өміріңізден мысалдар келтіріңіз;

Баланың шешімін қажет ететін проблемалық ситуацияны суреттеңіз;

Баланың қызығушылығын бәсеңдететін әрекеттер:

Ата-ана баладан өзін тысқары ұстаса;

Балаңызды бәсең тыңдаушылар қатарында ұстап, оларды сол күйде қалдырса;

Өз ұсыныстарыңыз бен идеяларыңызды бала үшін міндетті түрде қажетті болады деген ойы мен пікірі;

Ата-ананың балаға сын айтуы, олардың кемшіліктерін бетіне басуы;

Балаңыздың қойған сұрақтарға жауап бере алмай, өздерін дым білмес ретінде сезінуі;

Жағымды уәждеме - ойынын құрудың тиімді тәсілдерін қолданып көріңіз. Олар әртүрлі болуы мүмкін. Ең дұрысы ойынды ең маңызды болып табылатын сөздерден бастаған жөн. Яғни балаға алғашқы кезде сөздерді таңдауда көмектескеніңіз жөн. Бұл тапсырманы да өз ыңғайыңызға қарай түрлендірсеңіз әбден болады. Таңдалған сөздер бастапқы берілген сөздің мағынасын ашатындай сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға болады. Бұл жаттығу арқылы да балаңыз өз есіміне сәйкес жағымды уәждеме тудыра алады.

«Сиқырлы сөздер» оқу үйрету ойын-жаттығуы

Мысалы:

Баланың есімінен	Маңызды сөздердің мағынасын табу	
ЕЛДОС	МЕКТЕП	СЕРТ
Е-ер	М-мұратқа жету	С-сенім
Л-лайықты	Е-елдің ертеңі	Е-ерекше іс
Д-дарынды	К-киелі білім ордасы	Р-рақымшылық
О-озат	Т-таным әлемі	Т-талап
С-сыпайы	Е-еріншектікпен күрес	
	П-парасат бастамасы	

Ендеше ата-ана мен мұғалімнің ынтымақтасқан әрекеттері, үйлесімді жұмыстары, позитивті көзқарастары баланың ішкі уәжін оятуға көмектеседі. «Жақсы сөз-жарым ырыс» деген халық даналығы да адамзатты сәттілікке бағыттауға байланысты айтылған, яғни басты назарды жұмыстың сәтті шыққан жерлеріне аудару керектігіне баса назар аударған жөн. Бала ересектер оған қалай қараса, өзін солай сезінеді. Теріс сөздер баланың мінез-құлқын алдағы бірнеше жылдарға бағдарлауы мүмкін. Көп жағдайда ата-ананың асығыс, ойланбай айта салған сөздері директивке айналады (әрекеттеріне, мінез-құлқына, ойлау қабілетіне) және баланың одан әрі дамуын айқындайды.

Сонымен бірге балаңыздың табысқа жету сенімін көркем сөздер арқылы бағалап отырыңыз. Балаңыздың қазақ тілінде көркем сөйлеуі күнделікті қарым-қатынас тілінің дұрыс жолға қойылуынан басталады. Әрқашан балаңызға үлгі болыңыз! Көркем сөйлеу мәнерін өзіңізден бастаңыз! Өзіңіздің сөздік қорыңызды да толықтырып, жаңалап отырғаныңыз жөн. Үнемі «Жарайсың!» немесе «Тамаша!» деген сөздерді қайталамай, сөздік қоржыныңызда мынадай сөздер мен сөйлемдерді қолдансаңыз, балаңыз да сізді қайталайды. Себебі бала айна секілді, сіз қандай әрекет жасасаңыз, қалай сөйлесеңіз соны айнытпай қайталайды.

Баланың мотивациясын көтеруде қолданатын сөздер мен сөйлемдер тізбегін мысалға ұсынамын. Балаға «Мен сені жақсы көремін» деп айтудың 50 тәсілін ұсынамыз.

«Мадақтаудың 50 тәсілі»

1. Керемет жетістік!
2. Тек ештеңе жасамайтын адам ғана қателеспейді!
3. Мұқият ойланыпсың!
4. Саған сенемін!
5. Бүгінгі жетістіктерің керемет!
6. Ғажап
7. Мен күткеннен әлдеқайда жақсы!
8. Тамаша!
9. Таңғажайып!
10. Орасан зор еңбек!
11. Ұмтылмастай!
12. Дәл осыны біз көптен күткенбіз!
13. Бұдан жан толқытарлық әсер алдым!
14. Қалай жақсы айттың-қарапайым әрі нақты
15. Сен тапқырсың!
16. Экстра-класс
17. Ақылды, зерексің!
18. Сен бүгін көп нәрсе істедің
19. Өте жақсы!
20. Енді керемет болды!
21. Таңғаларлық әрекет!
22. Көркем сөйледің!
23. Ертегідегідей сезім алдым!
24. Өте түсінікті!
25. Ойың жарқын, әрі анық!
26. Тамаша бастама!
27. Сен дұрыс жолдасың
28. Сен бұны өте жақсы орындадың!
29. Алғыр баласың!
30. Сен өте ептілікпен жасадың!
31. Бұл нағыз керек нәрсе
32. Міне, ғажап!
33. Құттықтаймын!
34. Сенің қолыңнан бәрі келеді!
35. Мен саған сенемін!
36. Ойыңды тез жинақтадың!
37. Өзіңе сен!
38. Талабың зор!
39. Бүгін ерекшесің!
40. Әдептілік көрсеттің!

41. Өзіңе сенімді отырсың!
42. Жарайсың!
43. Қатеңді бірден байқадың!
44. Сенімді отырсың!
45. Тек қана алға!
46. Мықты жауап!
47. Сені қолдаймын!
48. Зеректігіңді байқаттың!
49. Байқампазсың!
50. Бәрекелді, жарадың!

Балаңызға қатысты қолдау сөздерін әрі қарай толықтырып, жалғастыруға болады. Балаңызға шартсыз махаббат сыйлаңыз, ол туралы ақындар былай деген екен:

Біз сені себепсіз сүйеміз  
Немере болғандығың үшін,  
Ұл (қыз) болғаның үшін  
Сәби болғандығың үшін,  
Өсіп келе жатқандығың үшін,  
Әкеңе, анаңа тартқандығың үшін.  
Және бұл махаббат өміріңнің соңына дейін  
Сенің құпия сүйенішің болып қалады.

Балаңызға «Мен сені жақсы көремін!», «Мен саған сенемін!» деген сөздерді жиі айтыңыз. Кейде сөзсіз ыстық алақаныңыз бен жылы құшағыңыз үлкен мәселелердің шешімі екендігін есте сақтаңыз.

*Астана қаласы әкімдігінің Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-  
гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі  
Смагул Айжибектің іс – тәжірибесінен*

Қазақ халқы үшін алмастай өткір, қалықтаған қырандай нәзік, қорғасындай жұмсақ, қару-жарақ, қалқан, көне, мәңгі жас ана тілінен артық, асыл тіл жоқ.

Тіл – мәдениеттің мәңгілік құрамдас бөлігі. Ол уақыттан жоғары тұрады, өйткені ол болашақта жеке адамды да, қоғамды да қозғалысқа келтіреді.

Бүгінгі балалар – еліміздің ертеңі, олардың қалай өсетіні, туған елін мақтан ететіні, оның өсіп-өркендеуіне алаңдайтыны өзімізге байланысты. Бірақ мақтанатын нәрсеміз бар, елді өркениетті қоғамға көшіру үшін әлі де көп жұмыс істеу керек. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ол еліміздің барлық азаматтарын біріктіретін, Отанымыздың Туы, Елтаңбасы және Әнұранымен тең дәрежеде рәміз болып табылады. Барлық ұлт өкілдері, республикада тұратындар қазақ тілін білуге міндетті. Қазақ тілін мектепке дейінгі жастан бастап меңгеру – уақыт талабы. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы емес. Тіл үйрену – халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, халықтың ауызекі дәстүрін меңгеруді қамтиды.

Мемлекеттік тіл әрбір қазақстандықтың күнделікті өміріне енуі үшін оған сұранысты қалыптастыру қажет.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі мектеп жасындағы балалардың қазақ тілін меңгеру іс-әрекетін жан-жақты дамытудың қажетті шарты болып табылады. Өйткені, педагогтер мен ата-аналар бірлесе әрекет еткенде жақсы нәтиже байқалады. Мотивация мен орта оқуда ең тиімді болып табылады.

Ұрпақ дәлелдеген әдіс, ол қазақша сөйлейтін ауылға баланы жіберу. Бұл әдіс жұмыс жасайды.

Ересектер қаншалықты таң қалса да, балалар өз жолдарын оңай тауып, «өз ортасына үйренеді» және табиғи түрде қазақ тілінде оңай сөйлей бастайды. Баланың тілге деген қызығушылығын қалыптастыратын орта, ойын және құрдастарымен қарым-қатынасы. Бала біреуді түсінбей қалады деп қорқудың қажеті жоқ, өйткені ойындағы өзара әрекеттесу кезінде бұл мәселе, әдетте, туындамайды.

Сонымен қатар, мектеп жасындағы балалардың қазақ тілінің дамуының маңызды шарттарының бірі, ол ата-аналарымен тығыз қарым-қатынас екені анық. Өйткені, отбасы – қоғамның бірлігі, ұлттық салт-дәстүрдің сақтаушысы. Отбасылық тәрбие арқылы алған мәдениет қана адамның моральдық құлдырауын, жан дүниесінің дөрекіленуін тоқтата алады. Мұның барлығын отбасымен жұмысты жоспарлау кезінде ескеру қажет. Оны жүзеге асыру үшін:

1. Әр баланың жанұясымен әріптестік қарым-қатынас орнату, тілге қатысты күш біріктіру және мектеп жасындағы балаларды қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдеп-ғұрыптарымен таныстыру.

2. Ата-аналардан жанұяның қазақ тілін үйренуге деген көзқарасын сұрау (анықтау).

3. Оқыту процесінде: тиімді жұмыс түрлерін іздестіріп, жүзеге асыру арқылы мектеп жасындағы балаларды мемлекеттік тілде оқытуға ата-аналарды тарту және белсендіру.

4. Балалардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін дамыту мақсатында ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру және жұмысты жоспарлау.

Сонымен қатар:

Педагогикалық білімді насихаттау көрнекі құралдар жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сыныпта «Қазақ тілін үйренеміз» бұрыштары, тақырыптық кеңес беретін ақпараттық стендтер, ата-аналарға арналған жадынамалар, буклеттер және т.б. болуы керек.

Арнайы сырғымалы папкаларда пән мұғалімінің құрастырған, ата-аналарға арналған әдістемелік ұсыныстарды да жинақтау қажет. Әр мерекеге арналған, оның мазмұнын көрсететін буклеттер дайындалуы тиіс (қазақ тілін отбасында үйрену, ата-аналар арасында тәжірибе алмасу бойынша қазақ тілі мұғалімінің ұсыныстары болуы керек).

Сондай-ақ «Қазақ тілін оқыту» тақырыбында ата-аналарға арналған кеңестер берілуі тиіс.

«Ойын» түрінде оқыту.

Кітаптар, аудиожазбалар және бейнематериалдардың көмегімен балаға тілді ойын түрінде арнайы үйретуге болады. Айналадағы заттардың,

ойыншықтардың және олармен байланысты әрекеттердің атауларын белсенді түрде қолдану қажет. Бұл кезеңде жаңа ойыншықтардың пайда болуын тілмен байланыстыруға болады. Мысалы, балаға бұл қуыршақ қазақша түсінбейді деп сендіру керек, себебі оның есімі қазақша, ол тек қазақ тілінде сөйлейді, егер сен оған көмектеспесең, ол басқа қуыршақтармен ойнай алмайды. Себебі олар оны түсінбейді. Үй жануарлары туралы да осыдай мысалдар келтіру арқылы, қазақ тіліне үйретуге болады.

Кейбір ата-аналар балаларын қазақ тілінде сөйлеуге, қосымша үйде үйреткенді ұнатады. Олар балаға үйде, қазақ тілінде нақты нені үйреткісі келетіндерін алдын ала ойластырып, мамандардан кеңес алғандары абзал.

Баланы ата-ана, үйде қазақ тілін меңгеруге үйреткісі келсе:

1. Қазақ тілінде күнделікті балаларымен қарым-қатынас жасау үшін, арнайы балаға бағытталған лексика мен фразеологизмдерді өздері меңгерулері қажет.

2. Егер қазақ тілінде, күнделікті сөйлеуді толық көлемде жүзеге асыру керек болса, ана тілінде ата-ана үлгі болып, өздері де сөйлеулері қажет.

3. Мәдениетті танытқысы келсе, шынайы материалдар, әндер, өлеңдер, ойындар, бейнебаяндар, әдет-ғұрыптар туралы ақпараттар, балалар кітаптарын қолдануларын ұсынуға болады.

4. Егер сөздік қорын дамытып, грамматиканы үйреткісі келсе, әдістемелік, жүйелілік пен бірізділік маңызды.

Ата-аналар балаларымен сөйлескенде: нақты, анық, баланы қызықтыратын тақырыптарды қамтып, құрметпен, достық қарым-қатынаста, кемсітпей, ұсынылған мазмұнға шын жүректен қызығушылық таныту керек.

Егер бала түсінбесе, ата-ана өз ойын қайта тұжырымдауы керек. Сөйлеуді бірте-бірте күрделендіріп, жеке сөздерді атап, контекстке қосып, анық, баяу айтып, қайталап, толық түсінуге және адекватты жауапқа қол жеткізуі қажет. Балаларының ескертулерінің нысаны мен мағынасын нақтылау керек яғни, баласы түсініксіз бірдеңе айтса қайта сұрау қажет.

Баланың қазақ тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айтатынына, тез дамитынына сенбеу керек. Пайда болатын қиындықтар айтарлықтай болуы мүмкін, бұл кішкентай балалардың сөйлеу-моторлы аппаратының жеткіліксіз дайындығымен байланысты.

Егер бала бірден қазақша сөйлей бастамаса, онда тілді пассивті меңгеру жүріп жатыр деген сөз. Сонымен қатар, баланың тілдік материалды игеруінің жеке қарқыны бар екенін ескеру қажет. Балаларды теріс бағаламау керек. Бұл олардың көңіл-күйіне, демек, оқу нәтижелеріне әсер ететіні сөзсіз.

Сабақтарды жүйелі түрде өткізу, шыдамды, эмоционалды, өнерлі болу, балаға сену арқылы, міндетті түрде баладан «Қазақша сөйлесейік!» деген сөзді есту дәрежесіне жетуге болады.


Қазіргі уақытта балалар, теледидар немесе компьютер жанында көп уақыт өткізеді. Балалар арасында сауалнама жүргізгеннен кейін, үйінде қазақтың халық ертегілерін немесе Қазақстан жазушылары мен ақындарының кітаптарын оқитын, ата-аналар өте аз екені байқалды. Сондай-ақ, дүкендердегі кітаптардың

бағасын ескере отырып, әрбір ата-ана оларды жиі сатып ала бермейтіні анық. Осыған байланысты сыныпта жаңа балалар әдебиетінің көрмелерін өткізу туралы шешім қабылданды. Балалар қуана-қуана кітаптарын сыныпқа әкелді, бір-бірімен айырбастап оқыды, содан кейін қайтарды. Сонымен қатар, ата-аналар өздері әкелген кітапты оқуға балаларын баулыды.

Қайырымдылық арқылы тұрақты кітапхана мен кітапхана қорын, жаңа әдебиеттер көрмесін ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Ата-аналарды халық педагогикасының ежелден келе жатқан даналығы негізінде, бала тәрбиесіне қатыстыру. Отбасымен оқу үшін, ұсынылған әдебиеттерді пайдалануды үйрету.

### 3 – сурет. Ұсынылған әдебиеттер



Қойылған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру, осы міндеттер туралы идеялар мен оларды шешу әдістері, мектептегі балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен ата-аналар арасында, сәйкес келген жағдайда ғана мүмкін болады. Сонымен қатар, отбасымен өзара әрекеттесу жүйесі, ешбір жағдайда біржақты болмауы керек. Бұл ата-анаға педагогикалық білім беру ғана емес, сонымен қатар отбасының қажеттіліктерін зерттеу, белгілі бір отбасынан шыққан жеке баланың даму тенденцияларын бірлесіп әзірлеу, ата-ананың өмір мен іс-әрекетке қатысуы және хабардар болуы.

Төмендегі іс-шаралар жүйесі, ата-аналарды қалыптастырудағы педагогикалық құзыреттілігін арттыруға көмектеседі.

Ата-ана мен баланың бірлесіп орындауға арналған үй тапсырмасы.

Ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту.

1. Ата-аналармен ең тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін жаңа оқу жылында, ата-аналар жиналысында, сауалнамалар жүргізіледі. Осы мәселе бойынша, ата-аналар қауымдастығымен жұмыс жасалады.

Оқу жылының басында ата-аналар лексикалық тақырыптармен танысады және ұсынылған сөйлеу дидактикалық жаттығулары бар осы тақырыптар бойынша материалдарды (жыл бойы балалар оқуы керек) алады. Лексикалық тақырыптарды оқу жоспары ата-аналарға арналған бұрышта ілініп тұру керек. Яғни, ата-аналар әрқашан баласымен үйде немесе үйге қайтып келе жатқанда қандай тақырыпта сөйлесетінін біледі. Лексикалық тақырыптарды оқу, сөздер жаттау тапсырылады. «Бір сөз, екі сөз...» сөздік ойының жауапкершілікпен ойнайды.

Бұл ойын оқу жылы бойы үздіксіз жұмыс істейді.

Ойынның мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, үйлесімді сөйлеуді дамыту және қоршаған әлем туралы балалардың түсініктерін байыту.

Ойын барысы: Ата-аналар баласын демалыс күндері бір сөзбен (балаға таныс емес) таныстырады. Мектепке бала келеді де, осы «жаңа» қызықты сөзді

басқа балаларға таныстырады. Мұғалім бұл сөздердің барлығын бөлек журналға жазады. Белгілі бір уақыттан кейін (апта, 2 апта, ай) барлық сөздер ойын түрінде қайталанатын. Ең көп сөз әкелген балалар ғана емес, сонымен қатар «жаңа» сөздерді көп есте сақтап, мағынасын түсіндіре алған балалар да мадақталады.

2. Ең белсенді ата-аналарды, моральдық тұрғыдан ынталандыру мақсатында, жыл соңында сыныппен қабырға газеттері шығарылып, жалпы ата-аналар жиналысында, мекеме әкімшілігінің алғыс хаттары, «Ең белсенді» фотогазеті балалармен ата-аналардың фотосуреттерімен шығарылып жарияланады. Балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмыстарының тақырыптық көрмелер «Бірге сурет саламыз» - бұл балалар мен олардың ата-аналары салған суреттер көрмесі ұйымдастырылады.

3. Ата-аналар: балаларға арналған кештерге, туған күндерге, байқауларға, викториналарға, орманға, театрға, мұражайға бірлескен саяхатқа, сыныпта өткізілетін бірлескен іс-шараларға қатысуы арқылы, біздің жұмысымызбен танысуға мүмкіндік алды.

Мұндай жұмыс түрлері ата-аналар арасында ең танымал, өйткені олар әрбір баланың нақты жетістіктерін көруге мүмкіндік береді. Мұның бәрі отбасы өміріне еніп, бірге өмір сүрудің маңызды мазмұнына айналады.

4. Бастауыш сынып мұғалімі, ата-аналармен көп жұмыс жасайды. Ата-аналармен «Батырлар сайысы», «Денсаулық үшін күрес», «Мықты, епті болып өс» отбасылық спорттық жарысы, әр түрлі сынып ата-аналар арасындағы достық кездесулер, дәстүрге айналған. Ата-аналар музыкалық ойын-сауықтарға, байқауларға, викториналарға, спорттық-сазды ойын-сауық: «Аталарымыз бен әжелеріміз қалай ойнаған» атты халық ойындары кешіне (қазақтың халық ойындары, ептілікке, тапқырлыққа жаттығулар) қатысады.

5. Ата-аналар жиналысына ерекше көңіл бөлінеді. Оларды өткізуге мұқият дайындық қажет, ата-аналардың жиналыста әрекет етуі, оларға ұсынылатын сол немесе басқа жұмысқа араласуы, әрбір отбасында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру бойынша тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету.

Кеңестерді ресми емес, мүмкіндігінше ата-аналарды мәселелерді шешуге қатыстырып, жемісті ынтымақтастық рухани дамытатындай етіп құру маңызды, өйткені қазіргі заманғы ата-ана мұғалімнің ұзақ және дәлелді есептерін тыңдағысы келмейді. Кеңестер өте анық болуы керек, тек ата-аналарға қажетті нақты материалды қамтуы және көрсету үшін емес, мәселенің пайдасы үшін жүргізілуі керек. Сыныпта ата-аналарды қызықтыратын кеңес берудің өзекті тақырыптары: «Балалардың ойын әрекетіндегі қазақ халқының салт-дәстүрлері», «Қазақтың ауызекі халық өнері – педагогикалық даналықтың және денсаулықтың қоймасы», «Оптимизмге баулитын ұлттық салт-дәстүрлер мерекелері және халықты өзіңізге насихаттау жолында мектеп жасындағы балаларға сенім».

«Топ қонағы» (бірлескен ойындар, қызықты кездесулер) топтық жиналыстар топтарда өткізіліп, онда ата-аналар балаларды қазақ халқының ұлттық тегін таныстыру және қазақ тілін үйрету, негізгі талаптар мен білім мен атаулы ән айту міндеттерімен таныстырады.



Бұл ата-аналарды біріктіруге көмектесетін, оларды мектеп ұжымына, өз сыныбына көмектесуге бағыттайтын және балаларының оқу процесіне белсенді араласатын жиналыстар. Жиналыстарда ата-аналар отбасы тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөліседі.

6. «Балаларға ересектер» театрландырылған қойылымдар, ертегілер (драмалық ойындар) ұйымдастырады.

Ертегі балалар мен ата-ананы жақындастырып, олардың ішкі дүниелері арасында, көзге көрінбейтін көпір жасайды. Сондықтан ертегілер бойынша викториналар өткізу, сондай-ақ ата-аналардың, мұғалімдер мен балалардың қатысуымен ертегілерді көру және сахналау сияқты жұмыс түрі өте қызықты.

Мектепте «Бауырсақ», «Шалқан» атты педагогтардың, балалар мен ата-аналардың қатысуымен қазақ тіліндегі ертегілер қойылымдары сәтті өтті. Балалар әр түрлі рөлдерде тек өз ұстаздарын көруге дағдыланған және балалар ата-аналарын ертегі кейіпкерлерінің ролінде көргенде, оның үстіне бұл балаларға тосын сый ретінде ұсынылса, өте жақсы әсер алады. Ал ата-аналарды дайындық процесінің өзі қызықтырады: толқу, киім ауыстыру, қазақ тіліндегі мәтінді жаттау.

7. «Бірге ертегі жазамыз» сайысы.

8. Балалар мен ата-аналардың бірігіп жасаған «Менің отбасым», «Алдар-Көсемен ертегілерге саяхат» атты тақырыптық көрмелерін, «Мен сені сүйемін, Қазақстаным», «Наурыз планетада серуендейді», атты қолөнер көрмесін жүйелі түрде өткізу қажет.

«Шебер қолдар» ата-аналарды «Қазақстан, қымбатты мекенім!» топтық шағын мұражайының көрмесін толықтыру үшін өлкетану және оқу материалын дайындауға тартады.

Ата-аналар мұндай жұмыс түрлеріне қатысуға қуанышты. Олар балаларға үлкен қызығушылық пен ата-аналардың айналысуға деген ұмтылысын тудырады.

Бұл қиын, ата-аналармен жұмыс (өзара түсіністікке байланысты), бірақ қызықты және пайдалы жұмыс. Жоғарыда аталған жұмыс түрлері мен ұсыныстардың барлығы жаңашылдығымен қызығушылық тудырады. Алға қойған мақсат, жалындаған тілек бар жерде міндетті түрде табыс болатынын есте ұстаған жөн. Біз мұны әрқашан есте ұстауымыз керек.

Күтілетін нәтиже:

1. Әрбір отбасында мемлекеттік тілді меңгеру және дамыту үшін жағдай жасау.

2. Мектептің отбасымен жұмысында, озық дәстүрлерді сақтау және тиімді нысандар мен әдістерді енгізу.

3. Әрбір отбасында қазақстандық патриотизм және қазақ тілін үйрену сезімін дамыту.

4. Білім алушылардың отбасымен қарым-қатынас жасауда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

5. Педагогтар арасындағы өзара әрекеттестіктің тиімді формалары анықталды. Педагогтар мен отбасының өзара әрекеттесуінің анықталған тиімді

нысандарын мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері іс жүзінде қолданатын болады.

Ата-аналармен бірлесе өткізген, тәрбие жұмыстардың әзірлемесі:

1-тапсырма

6-кесте. Тәрбие жұмысының әзірлемесі

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Сынып сағаты		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып:		2 сынып.		
Сынып сағатының тақырыбы:		Кітап қайдан келеді?		
Сабақтың мақсаты		балаларды кітап жасау процесімен таныстыру; кітапқа деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу . Адамның еңбегін бағалауға, еңбекті құрметтеп, кітапқа жауапкершілікпен қамқорлық жасауға баулу.		
Сынып сағатының түрі		Мектеп кітапханасына саяхат. Ата-аналармен жұмыс		
Қонақтар		Кітапханашы мен ата-аналар		
Құндылықтар		Талап: Сыни және креативті ойлау. Жеке және командамен жұмыс істей білу. Білуге жаңаны тануға құштар болу. Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу. Қоғам игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан мүддесіне еңбек етуге ұмтылу. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Ұлттық мұраға ұқыпты қарау. Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдану. Адал еңбекті құрметтеу. Сөзіне серік, ісіне адал болу. Отбасының өз ортасының абыройын асыру. Халыққа адал қызмет ету. Әдеп нормаларын ұстау. Шешім қабылдай білуге және жауапкершілікті сезіну. Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту. Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.		
Барысы				
Сабақтың кезеңі уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Тақырып бойынша жұмбақтар.  Орыс тілді білім	Өлеңдерді оқу. Мұғалім. 1. Бір қобди дүние жүзін бағалаған, Әсемдеп, талай адам қамалаған. Қобдидың ашылмайтын кілті өзінде, Ашылса табылар еді не қалаған. - Сүйікті кітаптарыңызды атаңыз. Кітап – біздің досымыз Адамның досы – кітап, өмір кілті, Тең келмес оған жиған дүние мүлкі.	(Кітап.)  Сүйікті кітаптарын атайды.  Жаттап келген тақпақтарын бірінен соң бірі	Мадақтау	Шаймолданова К. Ж.

<p>алушылар оқиды</p>	<p>Ақылшы, жанға серік жол бастаушы,  Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.  Тұрады басын құрап әріп неден,  Басталған білім басы әліппеден.  Қарасақ шалқар теңіз, түпсіз мұхит,  Оқысақ кітап сырын ашып неден.  Түлекті тәрбиелер кітап – мектеп,  Өседі сол кітаптан бұтақ көктеп.  Молайтып ақылыңды сан еселеп,  Береді білім нәрін кітап көптеп.  Кітаптар – бейне жапырақ,  Жырлайтын сырын өмірдің.  Оқисың кейде жаттап,  Көтеріп күйін көңілдің.  Елімізде де атақты,  Ғалым ата не тапты?  Бәрін, бірін білесің,  Оқи берсең кітапты.</p>	<p>жалғастырып айтады</p>		<p>Кітап – біздің досымыз. / К. Ж. Шаймолда нова // Бастауыш мектеп. - 2008. - № 5. - 52 б.</p>
<p>Кітапханашы</p>	<p>Бұл кітаптардың барлығы қалың орманда дүниеге келген. Алғашында кішкентай қарағай болды, кейін қарағайға айналды, жылдар өте келе қарағайдың басы күнге қарай жетті. Бірақ бір күні ағаш өңдеушілер орманға келіп, мына құдіретті ағашты кесіп тастайды. Трактор ағаш кесушілерге асығады, тайгада оны орманды барлық жердегі көлік деп атайды. Ағаш дайындаушылар бұтақтарды кесіп, оларды байлап, діндерін темір арқандармен және кабельдермен мықтап байлайды. Орман таситын көлік дірілдеп, ауыр жүкті өзенге қарай тартады. Өзен - орман үшін ең кең жол. Үлкен балықтар сияқты, бөренелер ағыспен жүзіп келеді. Бүкіл өзен орманға толы сияқты. Кейде бөренелер соқтығысып, бір-біріне жабысып, кептелістерді құрайды. Ал кептелістің алдын алу үшін салшылар орман қозғалысын жіті қадағалайды. «Күшті, батыл» шебер адамдар. Олар</p>			<p>Көрнекілікті арқылы мұғалімнің әңгімесі.</p> <p>Кітаптар</p>

	<p>моторлы қайықтарда орман кептелісіне дейін жүзіп, бір-біріне жабысатын бөренелерді итеріп, тарату үшін өткір ұштары бар ұзын ілмектерді пайдаланады. Осылайша ағаштар тағы да терең, кең жол бойымен өз жолын жалғастырады.</p> <p>Көгілдір жол діңдерді зауытқа апарады. Олар қағаз жасау үшін пайдаланылады. Мұнда діңдер шеберханадан шеберханаға ауысады. Ол жердегі ағаштар кесіліп, үгіндіге айналады. Содан кейін қамырға ұқсас талшықты масса алу үшін қайнатылады. Машиналар қағаз қамырын созып, жаяды, содан кейін жолақтар қағазға айналады. Аппараттан шексіз қағаз таспасы шығып, үлкен қағаз орамдарына оралады.</p> <p>- Роликтен кітапты қалай жасауға болады?</p> <p>- Маған кітап жазу керек. Кітапты кім жазады?</p> <p>Жазушылар қызықты кітап жазу үшін көп нәрсені білуі керек. Ал кітаптың өте көркем болуы үшін кәсіпқойлар көбірек жұмыс істеуі керек.</p> <p>-Кімге?</p> <p>Баяғыда, ерте заманда кітап қолмен жазылатын. Бұл сирек және жоғары бағаланған. Сонда адамдар: «Кітапты көп адамдар оқығысы келеді. Кітапты насихаттауға қалай көмектесе аламын?»</p> <p>Қазір кітап қолмен көшірілмейді, баспаханада басылады.</p> <p>Сізде оқулықтар бар ма? Барлығы бірдей. Олар баспаханада жасалған. Баспахана кітап фабрикасы. Кез келген зауыт сияқты мұнда да көптеген цехтар бар. Бір цехта қағаз, екіншісінде бояу дайындалады, әр цехта станоктар дайындалады. Қазір</p>	<p>Білім алушылар өз ойларын айтады.</p>		
--	---	--	--	--

<p>«Ата-аналар сахналауы».</p>	<p>кітаптар машиналар арқылы жасалады. Бос ақ қағаз басып шығару машинасына түсіп, мәтін мен суреттермен бірге шығады. Әрі қарай, парақтарды блокнотқа бұғу керек, олар баспаханада айтқандай, оларды дұрыс таңдаңыз, беттер бірінен соң бірі жүруі керек. Әлі көп жол бар кітап оған мұқаба жасайтын машинаға жеткенше өтеді. Содан кітаптар кітап дүкеніне, кітапханаға түседі.</p> <p>Міне, кітап ағаштан кітапқа айналу үшін қанша уақыт кетеді. Бұл көп адамның еңбегі, біз бұл еңбекті құрметтеп, кітапқа қамқорлық жасауымыз керек.</p> <p>«Екі кітап»</p> <p>Бір күні екі кітап кездесіп, әңгімелесіп қалды.</p> <p>-Қалдарың қалай?</p> <p>– деп сұрады бірі екіншісінен.</p> <p>- Ой, жаным, мен сыныптың алдында ұялдым, қожайыным етпен жамылғысын жыртып тастады! Мұқабалар ше... Парақтарды жұлып алды! Олардан қайық, көгершін жасады. Мен қорқамын, беттерім жыланға айналады, содан кейін мен бұлтқа ұшамын!</p> <p>Сіздің парақтарыңыз бүтін бе?</p> <p>- Сенің азаптарың маған таныс емес.</p> <p>Білім алушы қолын тазаламай, мені оқуға отыратын күн есімде жоқ! Менің қағаздарыма қараңызшы, оларда сиялы нүктелерді көрмейсіз. Мен дақтар туралы үндемеймін, - Олар туралы айту әдепсіз ... Бірақ мен оны да үйретемін, Жай ғана емес, «өте жақсы».</p> <p>– Е, менікі сабақты әрең оқиды, тіпті өткен аптада екі деген баға да алды... Аңызда жұмбақ жоқ: кітап пен дәптер сенің қандай білім алушы екеніңді бірден айтып береді.</p> <p>«Кубизм» стратегиясы негізінде мәтін мазмұны пысықталады.</p>			<p>Сахналауға арналған киімдер.</p>
--------------------------------	--	--	--	-------------------------------------

<p>Кубизм» стратегиясы бойынша 6 топқа тапсырма.</p>	<p>1. Келіп шығу тарихын айтыңыз.  2. Суреттеңіз (ауызекі және сурет арқылы).  3. Дайындалу жолдарын айтып беріңіз.  4. Пайдасы және зиянды жақтарын салыстырыңыз.  5. Оған тиісті болған сөздерді жазыңыз.  6. Шығармашылық жұмыс («бес жолды өлең»).</p> <p>Осылайша білім алушылар алты топқа бөлініп, тақырып мазмұнының алты жағын зерттейді. Дайын болған соң сынып ұжымына ұсынып, пікірталас жасалынады.</p> <p>Кітапханашының сөзі.  Кітапхананың өз ережелері бар екенін білу керек  *Сұрақтарыңыз болса, кітапханашыға хабарласуыңызға болады.  * Бөлмеде тыныштықты сақтау қажет, шу қазірдің өзінде әдебиетпен жұмыс істейтін адамдардың назарын аударады;  * Кітапханаға кірген кезде сыпайы сөздерді ұмытпаңыз: сәлем, өтінемін, рахмет, сау болыңыз.  * Кітаппен таза қолмен жұмыс істеу керек және залға тамақ әкелмеу керек.  Кітаптарды бүгуге болмайды; Әркімге кітап керек, сондықтан оны ұқыпты ұстау керек.  Білім алушыларға әңгімені оқып келуін тапсыру.  1.»Жаман жолдас»  БІ. Алтынсарин  2.» Әке мен бала»  БІ. Алтынсарин  3.»Шешесі мен баласы»  БІ. Алтынсарин</p>	<p>Топтар</p> <p>1. Шығу тарихын айтты.  2. Суреттеді (ауызекі және сурет арқылы).  3.Дайындалу жолдарын айтып берді.  4. Пайдасы және зиянды жақтарын салыстырды  5. Кітапқа тиісті болған сөздерді жазды  6. Шығармашылық жұмыс («бес жолды</p>		<p>Кітапты қараңғыда оқысаңыз ғана көзге зиян. Басқа зияны жоқ)  Кітаптың пайдасы: Тәрбие, шығармашылық дамыту, қиял, физикалық даму, сөздік қор молаю, тыңдау мен есте сақтау қабілетің дамытады т.б</p>
--	--	---	--	---

		өлең»). құрастырды Кітап – қызықты, танымды, үйретеді, дамытады, тәрбиелейді Кітап – үлкендер мен балалардың шынайы досы. Даналық. Балалар кітапты таза ұстауға уәде береді.		
Қортынды	Ой-толғаныс сатысы «Біз не үйрендік?» сұрағы бойынша өтілген тақырып қайталанады. Алғашқы кітаптар қандай болған? Оларда не туралы жазылған? Бұрын кітаптар не үшін қолмен көшірілді? «Кітап – білім бұлағы, білім өмір шырағы» дегенді қалай түсінесіңдер? Балалар бүгінгі сабаққа қойған мақсаттарына жеттіңдер ме?	Кітапты шығару үшін көптеген еңбек керек екен. Сол еңбекті біз бағалай білуіміз керек.	Белсенді қатысқан білім алушыларды мадақтау	

2-тапсырма. Берілген Ыбырай Алтынсариннің үш әңгімесін талдау.

Білім алушыларға оқып келуге ұсынылған әңгімелер бойынша жұмыс.

1-мәтін. Ыбырай Алтынсарин «Жаман жолдас» әңгімесі.

1) Әңгімені ата-анасымен бірлесе отырып оқып, талдайды.

2) Сұрақтарға ауызша жауап береді.

- Әңгіме не туралы?

- Кейіпкерлер кімдер?

- Олар нені кезіктіріп қалды?

- Бір жігіт қайда шықты? Неліктен?

- Екінші жігіт неге жерге жата қалды?

- Неге аю жігітке тимеді?

- Аю әлсіз жігіттің құлағына не сыбырлап кетті?

3) Жаман мен жақсыны ажыратып жазады.

7- кесте. Жақсы/жаман не істеді?

Жақсы не істеді?	Жаман не істеді?
Ауру жігіт	Сау бала
Жерге құлады	Ағашқа шықты
Аю иіскеді	Аю
Жерден сұрды	Ағаштан түсті
Жауап берді	Сұрады

4). Достық туралы мақал-мәтел жаттайды.

Мысалы:

- Дос — ажарың, жолдас — базарың.
- Азаматпен дос бол, қадірінді біледі.
- Дос болсаң берік бол, досыңа серік бол.
- Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа.
- «Дос» деп сынамай сыр айтпа, достың да досы бар.
- Босқа бергенше досқа бер.
- Бір пайдадан кешкен мың кісімен дос болады.
- Дәмді болса - достық қымбат,  
Мәнді болса - жастық қымбат.
- Дос — ажарың, жолдас — базарың.
- Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды.

Күтілетін нәтиже: қазақ тілінде өз ойын толық жеткізуге үйренеді, сөздік қорлары дамиды, өзіне және айналадағы адамдарға деген құрмет, мәтін мазмұнындағы адами құндылықтарды бойына сіңіреді, өз болжамын жазу кезінде және тыңдалым мәтінінде ұлттық ерекшеліктерді таниды.

2-мәтін. Тақырыпты айтпас бұрын мына екі суретке назар аудар:



3- сурете. Бәйтерек



4- сурет. Жапырақ.

Тапсырма: осы суреттер нені білдіреді?

Әке – бәйтерек, бала – жапырақ. (дәптерге жазу)

Ыбырай Алтынсарин «Әке мен бала»

а) Мәтінді мәнерлеп оқып, сұрақтарға жауап беру.

Сұрақтар:

1. Әкесі жолда не көрді?
2. Әкесі баласына не айтты?
3. Баласы не деді?
4. Әкесі тағаны не істеді?
5. Әкесі үш тиынға не сатып алды?
6. Жерге түскен шиені баласы не істеді?

ә) Рөлге бөліп оқу.

Әкесі мен баласына мінездеме беріп, дәптерге жазу.

- Әке: Еңбекқор, мейірімді, сыншы, баласына ақыл айтты.

- Бала: Жалқау, еріншек, нашар, жұмысты қиынсынды.

Өңгіменің идеясына орай мақал–мәтел жаттап келу.

Мысалы:

1. Ер дәулеті – еңбек.
2. Еңбексіз өмір жоқ, ауырсыз жеңіл жоқ.
3. Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.
4. Еңбек қылмай – ер оңбас, бірлік қылмай – ел оңбас.
5. Ерінбеген етікші болады.
6. Күшіңе сенбе, ісіңе сен.



7. Ер тынысы - еңбек, ез тынысы – ермек.
8. Еріншек түске дейін ұйықтайды, кешке дейін есінейді.
9. Жаманға жан жуымас, жалқауға мал жуымас.
10. Бір тал кессең ,он тал ек.

«Қарама-қарсы» элементтер стратегиясы бойынша, әңгімеге сүйеніп кестені толтыр.

8- кесте. «Қарама-қарсы» элементтерді сәйкестендіру

Әке	Бала
Үлкен кісі	Жас бала
Тағаны алады	Алғысы келмейді
Ақылды адам	Ақылсыз бала
Шие сатып алды	Сатып алмады
Еңбектенді	Еңбектенген жоқ

Әңгіменің ұнаған бөлігінің суретін сал.

Күтілетін нәтиже: Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесінің негізгі идеясын, тақырыбын, айтар ойын білім алушылардың жүрегіне жеткізу. Білім алушыларды өзіндік талдау, жинақтауға, ойлай білуге дағдыландыру, өз ойын анық, толық жеткізе білуге төселдіру. Тілдік қорларын дамыту.

Педагог – жазушының халыққа берген бағыт–бағдарын білім алушылар бойына дарыту, үлгі ету, білім алушыларды еңбекқорлыққа баулу, жаман әдеттен сақтандыру.

3-мәтін. Ыбырай Алтынсарин. «Шеше мен бала» әңгімесін талдау.

Топтастыру стратегиясы.

- Сені дүниеге әкелген кім? Не айтасың?
- Сонымен, «Ана деген кім?» сұрағына қойылатын жауаптар тізбегін жаз:
- жарық өмір сыйлаушы;
- дос;
- қорғаушы;
- пана;
- ұстаз;
- қамқоршы;
- мейірімді жан;
- ақылшы.

«Шеше мен бала» атты әңгімесімен танысу

Ой қозғау.

1) «Шеше мен бала» әңгімесін оқымас бұрын мына ұғымдардың мағынасын ашып ал:

- Қайырымдылық дегенді қалай түсінесіңдер?
- Жанашырлық дегеніміз не?
- Қамқорлық жасау дегеніміз не?
- Мағынасы жағынан бұл қандай сөздер?

Тірек сөздер.

- Оқитын әңгімеде қыз бала, шешесі, тентек бала, ақша, құс деген ұғымдар кездеседі.

- Әңгіме не жөнінде болуы мүмкін? (Топта болжап, әңгіме құрастырады).

Әңгіменің 1-бөлігін оқу.

- Қыз балаға сен қалай жауап берер едің? Неге?

- Сонда анасының берген ақшасын қызы басқа нәрсеге жұмсағаны дұрыс болды деп ойлайсың ба? Неге?

- Сауап деген сөзді қалай түсінесің?

- Шешесі қызына қандай жауап берді деп ойлайсың? (Болжайды, ортаға салады)

2-бөлігін оқу.

- Шешесі не деп жауап берді?

- Бейшара деген сөзді қалай түсінесіңдер?

- Әңгімеде кемтарлықтан құсты сатуға жүрген-ау деген шешесінің сөзін қалай түсінесің?

- Сіңлісі не деп сұрады?

- Сен қалай ойлайсың, кімдікі дұрыс? Неге?

3-бөлігін оқу.

- Осы әңгімеде саған қай кейіпкер көбірек ұнады? Неге?

- Үлкен қыздың орнында сен болсаң, не істер едің?

- Жақсылық жасаған адамның атын да сұрама дегенді қалай түсінесің?

Сөздік жұмыс жүргізу.

Тентек – бұзық;

Сауап - жақсылық жасағанды;

Уәде - ант, серт;

Кемге - арзанға, азға;

Кемтарлықпен – жоқшылықтан;

Үнемді – үнемдеу;

Сіңлі - сіңлісі (туыстықты білдіреді).

Ұнаған бөлімді қағаз бетіне бейнеле.

3-тапсырма.

Сыныпта оқылған үш әңгіме бойынша «Ой толғаныс» өткізу.

– Балалар, қазір мен сендерді дискуссияға шақырамын, ашық микрофонға (білім алушылар үлкен шеңбер құрып отырады, ортада айналмалы орындықта мұғалім. Сұрақтар қойылады, жауап беремін деген білім алушыға микрофон ұсынылады).

- «Әке мен бала» әңгімесінің негізгі түйіні әкесінің қай сөзінде тұр?

(Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың,

Азға қанағат ете білмесең, көптен құр қаларсың).

- Бұл әңгіме сендерді неге үйретеді деп ойлайсыңдар?

- Баласына шиені беріп тұрып әкесі не деді?

- Қазіргі заманда дос деген кім?

- Жолдас деген кім?

- Досыңның жаман, жақсы екенін қайдан, неден білуге болады?

- Қалай ойлайсың, бұрын асыл қасиет саналған достық бүгінде жай ғана қарым-қатынас немесе іскерлік байланыспен ғана шектеліп қалған сияқты емес пе?

- Үнемді болу деген не?
- Үнемдеу дегенді қалай түсінесіңдер?
- Үнемшілдік дегеніміз сараңдық па? Ойынды дәлелде.
- Үнемді болу дегеніміз ақшаға ғана байланысты ма?
- Нені, қашан, қалай үнемдейсің?
- Әңгімедегі қыз бала мен шешесінің қарым-қатынасы қандай?
- Сендер аналарыңмен өз ойларыңды айтып, бөлісесіңдер ме? Аналарың қандай ақыл айтады?

- Әңгіменің идеясы қандай?

(Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен.» - дейді)

- Ендеше, балалар, мен мынадай сөздерді жазып, жіпке ілгім келеді: Үнемшіл болу дегеніміз – қуанышсыз сұрқай өмір кешу емес. Ол өз еркінді бағындыра алу. Ол да тәуекелшілдік.

Ойын «Иә» мен «Жоқ»

Абай атамыз айтқандай: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» - дейді.

- Мынадай баланы жақсы деуге бола ма?

Білім алушылар берілген сұрақтарға «иә» не «жоқ» деп жауап берулері тиіс. «Иә» десе, қол шапалақтайды, ал «жоқ» дегенде аяқтарын топырлатады.

- қыста құстарға ұя жасаса;
- резеңке тартып құстарды атса;
- анасына әрқашан көмектесе;
- күнде кәрі әжесі үшін дүкенге барса;
- ағаштың бұтақтарын сындырса;
- сабағын уақытылы оқыса;
- сабаққа кешігіп келсе;
- досын ренжітсе.

Күтілетін нәтиже: білім алушылар әңгімемен танысып, негізгі ойын ашады; «үнемділік» деген ұғымға өз көзқарастарын білдіреді, жанашырлық, қайырымдылық сезімдерін ояту.

Шығарма арқылы ана мен бала бейнесіне талдау жасау, терең түсіне білуге, қызыға оқуға жетелеу.

Сыни тұрғыдан ойлау арқылы өз пікірлерін қорғауға дағдыландыру, көркем сөйлеуге және өзгенің пікірін сыйлауға үйрету.

Білім алушыларды адамгершілікке, кішіпейіл болуға және әдептілікке тәрбиелеу.

9-кесте. Тәрбие жұмысының әзірлемесі

Білім беру ұйымының атауы	
Пәні:	Сынып сағаты
Педагогтің аты-жөні:	
Күні:	
Сынып:	2 сынып.

Сынып сағатының тақырыбы:		Тіл- халық қазынасы.		
Сабақтың мақсаты		«Тіл – халық қазынасы» де ген тақырыппен алынған сабақ арқылы балалар өз тілін ардақ тұтып, құрметтеуге үйренеді. Ана тілінің қадір- қасиетін түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, инабатты, сыпайы болып өсетіндігін және ұлттық қасиеттерімізді жоғалтпаудың бірден-бір қайнар көзі екендігін айтып түсіндіру.		
Сынып сағатының түрі		Ата-анамен жұмыс		
Қонақтар		Ата-аналар		
Құндылықтар		<p>Талап: Сыни және креативті ойлау. Жеке және командамен жұмыс істей білу. Білуге жаңаны тануға құштар болу. Физикалық белсенді болу. Дұрыс қарым-қатынас орната білу.</p> <p>Ұлттық мүдде: Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу. Ұлттық мәдениетті дәріптеу. Қоғам игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан мүддесіне еңбек етуге ұмтылу. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Ұлттық мұраға ұқыпты қарау.</p> <p>Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдану. Адал еңбекті құрметтеу. Сөзіне серік, ісіне адал болу. Отбасының өз ортасының абыройын асыру. Халыққа адал қызмет ету. Әдеп нормаларын ұстау. Шешім қабылдай білуге және жауапкершілікті сезіну. Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту. Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.</p>		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Өлең оқу. Балалар мәнерлеп оқиды.	<p>Ұйымдастыру.</p> <p>Ана</p> <p>Ана өмір мәңгілік, Жүзі нұрлы таң күліп. Ана десе әркімнің, Көкірегінде жанды үміт.</p> <p>Бала</p> <p>Бала, бала, баламыз, Балдай тәтті баламыз. Бала болып, ән салып, Би де билей аламыз.</p> <p>ОТАН</p> <p>Отан менің ата-анам, Отан досым, бауырым. Отан өлкем астанам, Отан туған ауылым.</p> <p>ҚАЗАҚСТАН</p> <p>Құрметте досым, қазақтың жерін, Қазақстан Республикам менің!</p>	<p>Балалар «Туған елім» әнінің ырғағымен залға кіріп төрт қатарға тұрып, түрлі қимылды жаттығулар жасайды.</p> <p>Әр гүлге жазылған баспа әріптерімен АНА, БАЛА, ОТАН және шарлармен ҚАЗАҚСТАН деп жазып, әр жазу бойынша тақпақтар айтылады.</p>	Мадақтау Қошеметтеу	Жаңа сөздер: эпос, фольклор. Көрнекі құралдар: әр түрлі түсті қағаздан жасалған гүлге, шарларға жазылған баспа әріптер
Ән: «Анамның тілі аяулы	1-бала - Ана тілі арың бұл, Айшықты ғой гүлден де.			

<p>үні» ата-ана орындауында а.</p>	<p>Рухың биік, жаның нұр, Қасиетін білгенде.  Өз тілінде ойласаң,  Өз тілінде ойнасаң,  Қандай әсем жарасты,  Өз ғұрпыңмен тойласаң.  2-бала - Аға, апа, інім — деп,  Қарындасым гүлім деп.  Қандай тәтті өз тілің, Сөйлегенде күлімдеп.  Ана тілі қаның бұл,  Жан бітірер тасқа да,  Қуат берер нәрің бұл,  Үлкенге де, жасқа да.  Мұғалім:  -Балалар, біз қай республикада тұрамыз?  - Республикамыздың ел ордасы қалай аталады?  Алматы бас қалам,  Астана жас қалам.  Өзіңмен мақтанам,  Астанаға арналған  Бірің ай, бірің – күн, тақпақ бар.  -Қане, айтайықшы, біз қай ұлтпыз?  - Дұрыс айтасыңдар. Біздің ұлтымыз қазақ, біздің тіліміз - қазақ тілі. Басқа ұлттармен сөйлескен кезде орыс тілінде сөйлейміз. Өйткені орыс тілі көптеген ұлттардың ортақ тілі  -Здравствуйте, ребята!  -Здравствуйте.  -Бізге қонақ келді. Аты-жөнін сұрайық кім екен?  -Как тебя зовут?  - Лена  - Балалар, Лена қай тілде сөйлеп тұр?  - Мен қазақ тілінде де өте жақсы түсініп, сөйлеймін, деді Лена.  - Олай болса, Лена, сен біздің балаларға бір тақпақ айтып бересің бе?  Лена:  - Жарайды.</p>	<p>Қазақстан Республикасында. Астана.</p> <p>Біздің ұлтымыз қазақ.  (осы кезде залға ұлттық киімін киген орыс қызы кіреді).</p> <p>Орыс тілінде.</p>		<p>ойынға арналған сандар, асықта р, шаңырақ, әртүсті ленталар. Сахналауға арналған қазақи, орыс, ұйғыр киімдер. Домбыралар</p>
<p>Ата-ана</p>	<p>Тілінді үйрен күнде сен,  Ол іс деме жай ғана,  Өз тілінді білмесең,  «Білгішпін» деп ойлама.</p>			

<p>тақпақ оқиды «Ана тілің- жан арың»</p>	<p>Өзге тілді үйренсең, Өркендейді адамдық. Өз тіліңнен жиренсең, Өлім, қылмыс, надандық.</p> <p>Ақ сүтіндей ананың, Ана тілің жан арың. Ә. Табылдиев.</p> <p>Мұғалім: -Қандай жақсы айттыңыз, Лена сіз бізге қонақ болып отырыңыз. -Балалар, көрдіңдер ме, Лена өз ана тілімен бірге біздің қазақ тілін де өте жақсы біледі екен. Көп тіл білу білімділікке жатады. Адамзат жаралғалы бері ана тілі ар-ождан, адамгершілік айнасы болып келеді. Ана тілі - әр халықтың өзінің төл белгісі. Әрбір адам өз ана тілімен бақытты, ана тілімен биік, әрі асқақ. Өз еліңнің, жеріңнің, халқыңның мерей-мәртебесін биіктету үшін қазынаң - ана тілін жетік білу қажет.</p> <p>Балалар, Қазақстан Республикасында көптеген ұлт өкілдері тұрады. Біз мектепке келе жатқанда, мектептен қайтып бара жатқанда немесе қонаққа барғандарыңда, көліктерде басқа ұлт өкілдерін кездестіреміз. Олар кімдер? - Дұрыс айтасындар. Осы аталған ұлт өкілдерінің барлығы ана тілін білуі керек. - Ал сендер қай тілде сөйлесесіңдер? Балалар, біз неге өз тілімізді ана тілі дейміз?</p> <p>Мұғалім: -Дұрыс айтасың. Тіл - рухани байлықтың баға жетпес құдіреті, қуатты қайнар бұлағы. Оның бұлағынан жас бала ана сүтімен ауызданады, алғашқы уілінен бастап сөйлеуді үйреніп, тілі шыға бастайды.</p> <p>Үш бақытым Анамның тілі - айбыным менің, Анамның тілі - ай, күнім менің.</p>	<p>Ана тілің - жан арың өлеңін оқиды.</p> <p>Балалар: Орыстар, өзбектер, татарлар, ұйғырлар, кәрістер, үндістер, түріктер, немістер, қытайлар, ағылшындар және басқа ұлт өкілдері. Қазақ тілінде - ана тілімізде.</p> <p>1-бала: Себебі; біз өмірге келген күннен бастап бұл тілді анамыздың аузынан естиміз. Осы тіл арқылы бүкіл жақсы қасиеттерді бойымызға жиямыз. Сондықтан да анамыз сөйлеген тілді ана тілі дейміз</p>		
---	--	---	--	--

<p>«Үш бақытым» М. Мақатаев. Мұғалім оқиды.</p> <p>Би: «Қара жорға»</p>	<p>Сүйемін байтақ - елімді туған, Сүйемін байтақ - өмірді думан, Әр адамның өз анасынан басқа, Болау керек құдіретті төрт ана. Туған жері - түп қазығы айбыны, Туған тілі - сатылмайтын байлығы. Туған дәстүр, салт-санасы тірегі, Тағдырына шуақ шашар үнемі. М. Мақатаев. Мұғалім: - Балалар осы өлең-тақпақтарда айтылғандай өз тілімізді қадірлеп, оны сүйе білуіміз керек. Айта кететін болсам, ақын Ә. Тәжібаевтың төрт жол өлеңі жүрегімді тербейді. Ана тілім - тірлігімнің айғағы, Тіл барда, айтылар сөз ойдағы. Өссе тілім, менде бірге өсемін, Өшсе тілім, мен де бірге өшемін. Ә. Тәжібаев.</p> <p>Ара: «Дыбыс» Мұғалім: - Балалар, жаңа біз бірнеше ұлт өкілдерін атап айттық. Енді өзіміздің арамыздағы басқа ұлт өкілдерінің балаларына сөз берейік. Мысалы, Ленаның ұлты - орыс. Хафизолланың ұлты - ұйғыр. Хафизолла, сіз бізге өз тіліңізде бір тақпақ айтып бересіз бе? - Көрдiңдер ме, балалар, бiздiң топтағы Лена мен Хафизолла өз ана тiлдерiнде және қазақ тiлiнде де өте жақсы сөйлейдi екен. Ойын: Шаңырақ. Мұғалім: - Балалар, бiз халықтың жан дүниесiн ана тiлiмiз арқылы танып бiлемiз. Бiздiң ана тiлiмiздiң байлығы ұрпақтан ұрпаққа жазу жоқ кезеңде шешендiк сөздер, ертегiлер, аңыздар, ауыз әдебиетi арқылы жеткен. Мысалы, эпостық жырлар. Эпостық жырлар деп батырлар туралы жырланған жырларды айтамыз.</p>	<p>Ұлдар мен қыздар билейді.</p> <p>Хафизолла: Анам мени шох дәтти, Бәзи чағда от дәтти. Хапа болса дуняда, Мундай бала йок дәтти.</p> <p>Балалар: Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын батыр, Қамбар батыр.</p>		
---	---	---	--	--

	<p>- Біз қандай батырларды білеміз? Осылардың барлығы ауыз әдебиеті арқылы тараған. Біздің тіліміз бай. Той-томалақ, жиындар айтыссыз өтпеген. Айтыс - суырып салма ақындардың сөз таласы. Айтыскерлер орынды әзіл-қалжыңды тапқырлықпен қолдана біледі. Айтыс атадан қалған мұра, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін мына сіздер. «Айтыс».</p> <p>Айтысып біткен кезде залға ұлттық киім киген балалар кіреді.</p> <p>Отырған қонақтарға, балаларға иіліп, қазақшалап сәлемдеседі.</p> <p>Мұғалім:</p> <p>- Сіздің атыңыз кім болады?</p> <p>-Баян батыр, сіз қалай батыр болдыңыз?</p> <p>Мен кішкентай кезімнен бастап өзімнен кіші мен балаларға ұлттық ойындар үйреттім, үлкендерге, ата- әжеме көмектестім. Ержеткенде жерімді, елімді қорғадым. Сондықтан елім мені Баян батыр деп атады.</p> <p>- Балалар, менімен ойын ойнағыларың келе ме?</p> <p>- Ойын ойнамас бұрын сендер менімен мақал айтып сайысып көріңдер. Бірінші сендер бастаңдар.</p> <p>Үлгі.</p> <p>1-бала:</p> <p>- Ат басына күн туса, Ауыздықпен су ішер. Ер басына күн туса, Етігімен су кешер.</p> <p>Баян:</p> <p>- Ай ортақ, күн — ортақ, Шебердің қолы ортақ. Шешеннің тілі ортақ,</p> <p>2-бала: -</p> <p>Тіл буынсыз, ой түпсіз.</p> <p>Баян: -</p> <p>Әдепті бала ата-анасын мақтатады,</p>	<p>Менің атым Баян батыр.</p> <p>Ойнағымыз келеді.</p> <p>Жаттап жүрген мақал-мәтелдерін айтып, жарысады.</p>		
<p>«Айтыс» әке мен ана қатысады</p> <p>Мақал-мәтелдер сайысы</p>				



<p>Жаңылтпаш айту.</p> <p>Ойын: Сөз ойла, тез ойла.</p> <p>Ән: Ана тілі. Хор</p>	<p>Әдепсіз бала ата-анасын қақсатады.  Әдептіліктің белгісі,  Иіліп сәлем бергені.  3-бала: - Еңбек ерлікке жеткізер,  Ерлік елдікке жеткізер.  Баян: - Қыз өссе, елдің көркі, Гүл өссе, жердің көркі.</p> <p>4-бала: - Аузы құлып сандықты,  Кілт ашпаса - тіл ашады.  Баян: - Батыр елі үшін туады,  Елі үшін өледі.  5-бала:  Балдан тәтті бала бар,  Қылыштан өткір тіл бар.  Удан ащы әдепсіз адамның,  Аузынан шыққан сөз бар.  - Баян батыр, сіз мақалды жақсы айтады екенсің, енді мен жаңылтпаш айтайын, сіз қайталаңыз.  Алатауда неше шың бар?  Қаратауда неше шың бар?  Алатауда бір мың шың бар.  Қаратауда бір мың шың бар.  Баян батыр қайталайды.  Содан соң Баян батыр бір Жаңылтпашты айтады.  Қара қарғаларға ала қарғалар үйір,  Ала қарғаларға қара қарғалар үйір.  Мұғалім: Балалар, сіздер де, Баян батыр да өте жақсы жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер айтып сайыстыңыздар. Енді Баян батыр, сіз біздің балалармен бірге бірігіп ойын ойнаңыз.  Мұғалім: Балалар, «Тіл халық қазынасы» деген сабағымыз әлі жалғасады, келесі сабақта бүгінгі алған әсерлеріңді қағаз бетіне түсіресіздер.</p>	<p>Жаңылтпашты балалар қайталайды.</p> <p>Балалар, ата-аналармен бірлесе орындайды</p>		
--	---	--	--	--

--	--	--	--	--

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Сынып сағаты		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып:		2 сынып.		
Сынып сағатының тақырыбы:		Тіл бар жерде өмір бар.		
Сабақтың мақсаты		<p>Білім алушыларды халқымыздың асыл сөздері мақал-мәтелдерді жаттай білуге, оны күнделікті ауызекі сөйлеу, тілдеріне қолдана білуге баулу, танымдық қабілетін арттыру; Мақал - мәтелдердің қуатты тәрбие құралы екендігін таныту;</p> <p>Білім алушылардың логикалық ойлау, қызығушылық қабілеттерін, шапшаңдыққа, ептілікке төселдіру, тіл байлықтарын арттыру;</p> <p>Оларды тапқырлыққа, білім алушыларды туған елін, Отанын қадірлей білуге, шешендікке, сөз мәдениетіне тәрбиелеу;</p>		
Сынып сағатының түрі		Интеллектуалды ойын «Мың бір мақал»		
Қонақтар		Ата-аналар		
Құндылықтар		<p>Талап: Сыни және креативті ойлау. Жеке және командамен жұмыс істей білу. Білуге жаңаны тануға құштар болу. Физикалық белсенді болу. Дұрыс қарым-қатынас орната білу.</p> <p>Ұлттық мүдде: Ұлттық мәдениетті дәріптеу. Қоғам игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан мүддесіне еңбек етуге ұмтылу. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Ұлттық мұраға ұқыпты қарау.</p> <p>Ар-ұят: Академиялық адалдық қағидатын қолдану. Адал еңбекті құрметтеу. Сөзіне серік, ісіне адал болу. Отбасының өз ортасының абыройын асыру. Әдеп нормаларын ұстау. Шешім қабылдай білуге және жауапкершілікті сезіну. Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту. Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның бір мүшесі екенін сезіну.</p>		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі уақыты	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>Ұйымдастыру</p> <p>Мұғалімнің сөзі: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қазақ халқында «Ер қазынасы-ескі сөз, ел қазынасы-ескі сөз, тіл қазынасы ескі сөз, «Өнер алды -</p>		Мадақтау Қошеметтеу	Өр ойыншыға арнап, жабдықтап орын,

<p>«Мың бір мақал» интеллектуалдық ойын. 1-айналым. «Тіл</p>	<p>қызыл тіл» деген мақалдар бар. Олай болса, бүгін «Тіл бар жерде - өмір бар» патшалығындағы «Мың бір мақал» интеллектуалдық ойынына қош келдіңіздер. Енді ойынымызды бастауға рұқсат етіңіздер! Ойынымызды тіл ширатудан бастайық.</p> <p>1) «Тіл ширату»</p> <p>Қазір сіздерге әр түрлі жағдайларды оқып беремін. Оған сіздер тұрақты сөз тіркесімен жауап бересіңіздер, яғни қалай айтады?</p> <p>1. Асқар ағанның білмейтіні жоқ, бәрін де істей алады. Ол суретші, әнші де, ағаш шебері, жүргізуші, музыкалық аспаптарда жақсы ойнайды. Мұндай адамды не дейді?</p> <p>2. Сабақ сұрағанда Аруназ айтайын деген ойын толық айта алмай тұрып қалды. Оны не дейді?</p> <p>3. Айдос акт залына келсе, онда адам өте көп екен, тығыз, отырарға орын жоқ. Жақан кіре алмай үйіне қайтып кетеді. - Неге отырмадың? – деген інісіне не деп жауап береді?</p> <p>4. Арнаттың лагерде болған досы бар екен. Ол үнемі сол досын айтып әңгімелеп отырады. Сөйтіп, үнемі айтып отыруды не дейді?</p> <p>Ата-бабамыз ежелден үш нәрсені қасиет тұтып, қадірлеп өткен. Ол-ел, жер және тіл. Ана тілі -әр халықтың төл белгісі. Адам білімді, тәлім- тәрбиені тіл арқылы алады. Оның күдіреті, қасиеті туралы ақын толғаулары өте көп.</p> <p>Мысалы, Аян Нысаналин ағамыз:</p> <p>Ана тілі деп атаудың себебі- Анасындай қастерлесін дегені. Өз анасын сыйлайтұғын әр адам</p>	<p>Сегіз қырлы, бір сырлы; он саусағынан өнер тамған адам.</p> <p>Сөзінің аяғын жұтып қойды дейді.</p> <p>Ине шаншар орын жоқ; аузы-мұрнынан шығып тұр дейді.</p> <p>Аузынан тастамайды дейді.</p>	<p>белгі беретін құралдар, білім алушылардың шығармашылық жұмыстары.</p> <p>«Ана туралы аңыз» көрінісіне арналған киімдер.</p>
--	---	--	--

<p>көңілдің кілті».</p> <p>2-айналым. «Өнер алды -қызыл тіл»</p> <p>Ата-ана «Әділқазы»</p> <p>«Ана туралы аңыз» көрінісі</p> <p>3-айналым. «Қол шешпегенді тіл шешеді» (Көрермендер сайысы)</p> <p>4-айналым. «Тіл-тіршіліктің айнасы»</p>	<p>Өз тілінде де құрмет тұтып келеді,-дейді.</p> <p>Ана тілін менсінбейтін адамның сол ұлттың өкілі болып жартпайтыны анық. Кейбір себептермен ана тілінде сөйлеу бақытынан айырылғандарды кешуге болады. Ал, ана тілінде сөйлеуді әдейі намыс көріп, арсыздықпен бас тартып, өздерінің «жетілгенін» көрсететін азаматтар үшін кешірім жоқ. Б. Момышұлы атамыз «Тілін білмеген-түбін білмейді»- деген.</p> <p>Шынында тілін білмеген адам өз халқының тарихын, дәстүр, мәдениетін өз тілінде сезініп, терең бойлай ала ма, ол қасірет емес пе? Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай сақтауға, білуге тиіс. Ендеше, атадан балаға мұра болып келе жатқан асыл қазынаның бірі – мақал-мәтел. «Мың бір мақал» ойынымызды бастайық.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тіл өнері.</li> <li>2. Ақыл-ой, ғылым-білім</li> <li>3. Туған жер, Отан</li> <li>4. Денсаулық-зор байлық.</li> <li>5. Ата-ана, ұл мен қыз.</li> </ol> <p>Ең тәтті де – тіл, Ең ащы да тіл, Ең жұмсақ та- тіл, Ең қатты да- тіл, - дегендей, ендігі тіл туралы мақал-мәтелдерге кезек берейік. Ойынның шарты бойынша, мақалдың алғашқы сыңары айтылады, екінші сыңарын аяқтайсыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тіл буынсыз,---- (ой-түпсіз)</li> <li>2. піл көтермегенді ..... (тіл көтереді)</li> <li>3. Тілде сүйек жоқ.... (таста тамыр жоқ)</li> <li>4. Шешеннің тілі .... (шебердің бізі)</li> </ol>	<p>Ортаға үш білім алушы шақырылады.</p> <p>Берілген тақырып бойынша мақал-мәтел айтып жарысады</p> <p>Жарысып шапшаң жауап береді.</p> <p>Білім алушылар көрініске асқан шеберлікпен қатысады.</p>		
--	---	---	--	--

	<p>5. Бас ойланғанда... (тіл тыныстайды)</p> <p>6. Әділ тіл ... (ақыл таразысы)</p> <p>7. Тілмен байланған ... (қолмен шешілмес)</p> <p>8. Қызыл тіл ... (қылыш жүзіндей)</p> <p>Жеңімпаздардың ұпайы есептеледі.</p> <p>9. Ел ағасымен жарасады, .../киім жағасымен жарасады/</p> <p>10. Ағасы бардың жағасы бар,.../інісі бардың тынысы бар/</p> <p>11. Өз балаңды өскенше бағасың,.. /немереңді өлгенше бағасың./</p> <p>12. Білім басы - бейнет, соңы - ... /зейнет./</p> <p>13. Кітап-ғылым - тілсіз .../мұғалім./</p> <p>14. Елінен безген оңбайды,... /көлінен безген қонбайды./</p> <p>15. Білегіңе сенбе, .../біліміңе сен./</p> <p>16. Қына тасқа бітеді, .../білім басқа бітеді./</p> <p>17. Ақыл - тозбайтын тон, білім –... /таусылмайтын кен./</p> <p>18. Ел қадірін көрген біледі,... /ер қадірін жүрген біледі.</p> <p>19. Өз елім - .../өлең төсегім/</p> <p>20. Жердің сәні - егін,... /ердің сәні - білім./</p> <p>Ұлы Абай ағамыздың «Тіл өнері дертпен тең»,-деген қасиетті сөздігінің дәлдігіне, «Ана туралы аңыз» көрінісі арқылы көз жеткізейік.</p> <p>1. Ас, дәм туралы.</p> <p>2. Еңбек туралы.</p> <p>3. Жан-жануарлар туралы.</p> <p>4. Батырлық пен қорқақтық туралы.</p> <p>5. Ынтымақ, бірлік туралы.</p> <p>Сайыстың бұл түрінде мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіндіру керек.</p>			
--	--	--	--	--

<p>5-айналым. «Әзіл аралас сұрақтар»  қойылған сұраққа мақалмен жауап беру керек/</p>	<p>1. Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді. 2. Аттың жалында, түйенің комында 3. Ине де икемді қолға үйір. 4. Үріп ауызға салғандай, тал бойында бір мін жоқ. 5. Өзі де жемейді, итіне де бермейді 6. Ішкен сырын жасырмас 7. Сүңгіп шықса- су жұқпас 8. Аузымен құс тістеген.</p> <p>9. Желді жүгендейтін жігіт.</p> <p>Мен сұрақтар қоямын, сендер оған мақалмен жауап бересіңдер. Мысалы: Иесімен не тәтті? Ас иесімен тәтті.</p> <p>1. Тауық түс көре ме?/тауық түсіне тары кірер/ 2. Қар жана ма?/ебін тапса қар жанар/ 3. Түкіріктен көл құрала ма?/ көп түкірсе көл/ 4. Ер неше рет өледі, қорқақ неше рет өледі? /Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі/ 5. Жаман ауру не? /Жалқаулық-жаман ауру/ 6. Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр?/ қол қорқақ, көз батыр/ 7. Ұстаздан кім озады? /Ұстаздан шәкірт озар/ 8. Білім азығы не, ырыс қазығы не? /Оқу - білім азығы, білім – ырыс қазығы. б) «Бір сөзбен айтқанда» /мақал-мәтелге бір сөзбен жауап беру керек/ Қойылған сұраққа бір сөзбен ғана жауап береді. Керісінше, мен мақал-мәтелмен айтамын, қысқа (бір-ақ сөзбен) жауап бересіңдер.</p> <p>1. Жау жоқ деме, жар астында (сақтық, қырағылық). 2. Шешінген судан тайынбас (тәуекелшілдік). 3. Бірлік болмай тірлік болмас (татулық).</p>	<p>Әзіл аралас сұрақтарға қойылған сұраққа мақалмен жауап береді.</p> <p>Сайыс қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталады.</p>		
---	---	--	--	--

Қорытынды	<p>4. Ашу-дұшпан, ақыл-дос (сабырлылық).</p> <p>5. Түйе бойына сеніп құр қалыпты (аңқаулық).</p> <p>Сонымен, құрметті білім алушылар, бүгінгі тәрбие сағатымызда оқып үйренгеніміздей, әр адам өз елінің, жерінің, халқының мәртебесін биіктету үшін, алдымен, ана сүтімен бойға сіңген қасиетті байлығы-ана тілін жетік білуі қажет екен. Тілімізге кір келтірмеу-парызымыз. Тіл тағдыры өз қолымызда.</p>	<p>Білім алушылардың ой қорытындылауы . Өз тілің-өскен өркенің Ананың берген ақ сүті, Мақтаның ұлттық ол сенің-деген тұжырымға келді.</p>		
-----------	---	---	--	--

Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім өзінің әдістемелік қорын толықтыру керек. Әрбір мұғалім ізденісте болуы қажет. Мен де іздену жолында тиімді технологияның элементтерін сабақта, енгіземін. Осы технология элементтерін қалай қолданамын? Этномәдениет материалдарын (тіл мәдениеті, ұлттық ойындар, тағамдар, ән-күй, үй жабдықтары) қолданамын. Бұл сыныптан тыс жұмыс түрлерін жүргізгенде және сабақта да жүзеге асады.

Осыған орай Сент-Экзюпюридің сөзін айта кеткім келеді: «Жер бетіндегі ең үлкен байлық - бұл қарым-қатынас байлығы».

Шынымен де бізге бұл қатынас жеткіліксіз. Өйткені біз балалармен тек қана 45 минут кездесеміз, сұхбаттасамыз, ал сабақтан тыс олар мектепте, үйде, көшеде орыс тілінде сөйлейді. Сондықтан менің ең басты мақсатым осы 45 минутты нәтижелі пайдалану. Бұл технология элементтерін енгізу үшін қолайлы жағдай жасадым, балаларды бөлек отырғызып, жеке білім алушымен жұмыс істеу мүмкіндігін туғыздым. Сонымен осы оқу процесінің негізінде бұл тиімді технология элементтерін пайдаланып, сабақта балалардың білімділігін, іскерлігін, адамгершілік, эстетикалық, патриоттық сезімін дамытамын. Ал нақтылап айтсам, салыстыру, жинақтау, талдау, нақтылау, жүйелеу байланыс ерекшеліктерімен осы технология элементтерін пайдалану арқылы топпен, жеке, жұппен істеу арқылы үлкен жетістіктерге жетеміз. Осы жетістіктерді сабақтарымда және сыныптан тыс шаралардан көруге болады. Ал осы жүйе бойынша істей отырып, балалардың қандай дәрежеге жеткенін білу үшін «Білім алушының жетістік парағын» істедім. Бұл парақтан білім алушының білімі тоқсан бойы қалай өскені, қандай дәрежеде екені айқын көрінеді. Салыстыру үшін 2-сыныптарын алып, диктант пен монологтің нәтижесін көреміз. Биылғы жетістіктеріміз ортадан жоғары деңгейде екені күмәнсіз. Бірте-бірте осындай азда болса жетістіктер арқылы мен басты мақсатыма жетемін деп ойлаймын. Осы технология элементтерін қолдану арқылы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуге болатынына көзім жетіп жүр.

Коммуникативтік оқыту қазақ тілінің даму барысында 4 тілдік әрекетке негізделеді: яғни оқылым, жазылым, тындалым, айтылым, олар ауызша да, жазбаша да дамиды.

Қорыта келе, оқыту арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттері, танымдық процестері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бұның бәрі дамығаннан кейін білім алушының қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады. Танымдық қабілеттер, танымдық процестер әрбір технология барысында дамиды. Ал қажеттілікті қанағаттандыру әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағыт-бағдарды жоғалтпау, адамдардың эмоционалдық жағдайлары мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтау, олармен қарым-қатынастың теңбе-тең түрлерін таңдау, өзара іс-әрекет процесінде сол түрлерін іске асыру, зейіндерін қадағалау және айқындау, көпшілік алдындағы жағдайларда іс- қимылын білу, өзіне зейін аударту, психологиялық қатынас орнату, сөйлеу мәдениеті дамиды. Ал сөздік қорының дамуы мәтінмен жұмыс істегенде, белгілі бір мәселені шешкенде дамиды.

Осы технологияның элементтерін тіл сабақтарында қолдану көптеген жетістіктерге әкелетініне көзім жетуде.

*Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Байзақ ауданы білім бөлімі  
Гани Мұратбаев атындағы гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі  
Болысбекова Зарина Шаяхметовнаның іс – тәжірибесінен*

Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліне оқыту бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдарға қазақ тілін оқытуда құзыреттілікке бағытталған тәсілді қолдану қажет. Бұл тәсіл білім алушылардың тек тілдік дағдыларын ғана емес, сонымен қатар өмірлік дағдыларын да дамытуға бағытталған. Білім алушыларға мәселелерді шешу, сыни ойлау, топпен жұмыс істеу және ақпаратты өңдеу қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар беріледі.

Құзыреттілікке бағытталған оқыту – білім беру процесін білім алушылардың нақты білім мен дағдыларды меңгеруі арқылы жеке тұлғаның барлық мүмкіндіктерін іске асыруға бағыттау әдісі. Бұл тәсілдің мақсаты – білім алушыларды тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар өмірде қажетті практикалық дағдылар мен құзыреттермен қамтамасыз ету. Құзыреттілікке бағытталған оқыту білім беру процесін тиімді әрі нәтижелі ету үшін маңызды әдіс болып табылады.

Құзыреттілікке бағытталған оқытудың негізгі принциптері білім алушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруді талап етеді. Бұл тәсіл әр білім алушының білім алу қабілеттерін, қызығушылықтарын және даму деңгейін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыруды көздейді. Сонымен қатар, білім алушыларды теориялық білімдермен қатар практикалық дағдыларды меңгеруге бағыттайды. Бұл әдіс проблемаларды анықтау және оларды шешу қабілеттерін дамытуға да назар аударады, білім алушыларды нақты мәселелермен жұмыс істеуге, шешімдер ұсынуға және шығармашылық тұрғыдан



ойлауға ынталандырады. Өзіндік жұмыс жасау және зерттеу жүргізу қабілеттерін дамыту маңызды, өйткені бұл білім алушылардың өздігінен білім алу қабілеттерін жақсартады. Тұрақты және конструктивті кері байланыс беру және білім алушылардың жетістіктерін бағалау арқылы олардың даму бағытын түзету керек.

Құзыреттілікке бағытталған оқытудың әдістері мен құралдары әртүрлі болып табылады. Жобалық әдіс білім алушыларды нақты жобалармен жұмыс істетіп, олардың зерттеу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Проблемалық оқыту нақты проблемаларды шешуге бағытталған тапсырмаларды қолданады, бұл мәселені шешу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Кейс-стадиді зерттеу нақты өмірлік жағдайларды зерттеу арқылы практикалық дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Топтық жұмыс білім алушыларды бірлесіп жұмыс істеуге ынталандырады, бұл өзара әрекеттесу және коммуникациялық дағдыларды дамытады. Интерактивті әдістер, мысалы, диалогтар мен пікірталастар, білім алушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға тарту арқылы білімді тереңдетуге көмектеседі.

Құзыреттілікке бағытталған оқытудың артықшылықтары көп. Бұл әдіс жеке тұлғаның дамуын қолдайды, практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін арттырады, сондай-ақ өзіндік жұмыс және зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Мемлекеттік тілді оқыту бойынша бағдарламаны іске асырудың негізгі қағидалары:

- тәрбие жеке тұлғаны дамытуға және шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы тиіс;
- тәрбие балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс;
- тәрбие балаларға мәдениетті меңгеру процесінде және мәдени орта мен қоршаған ортаның ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуі керек;
- балаларды тәрбиелеу арқылы белсенді әрі саналы дамытушы әрекетке тарту;
- тәрбиені қоғамдық өмірмен, еңбекпен, тәжірибемен және өмірімен байланыстыру;
- білім алушыларды жағымды қасиеттерге тәрбиелеу;

Қазақ тілін оқыту бойынша ата-аналарға ұсынымдар ұлттық құндылыққа, құзыреттілікке бағытталған оқыту негізінде іске асырылса нәтижелі болады. Балалармен қазақ тілі сабақтарын өткізуде қойылатын педагогикалық талаптар:

- педагогтің балалармен мейірімді қарым-қатынас жасауы (баланы дұрыс жауап бермегені үшін жазалауға болмайды);
- әр балаға сабақта кез-келген қызықты және түсінікті әрекетті қамтамасыз ету;
- балалардың оқу процесіне қызығушылығын қолдау мақсатында сабақтарда тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру;
- оқытудың ойын әдістері мен дидактикалық ойындарды кеңінен қолдану;

- баланың кез-келген жетістіктерін көтермелеу.

Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мемлекеттік тілді меңгерудің таптырмас құралы болып табылады. Достарымен қарым-қатынас жасау, өзара ынтымақтастық, бірлескен әрекетке түрткі болуы тиіс.

Педагог және ата-аналар балаларға қарым-қатынас дағдыларын көрсетуі қажет, яғни балалармен сөйлескенде қарым-қатынас әдістерін көрсетуі, сезімдерін еске салуы, өзге адамдарға сыпайылықпен жүгіну ережелері туралы айтуы керек.

Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын меңгеруге қойылатын негізгі талаптар

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға қазақ тілін үйрету үшін тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасында ана тілінде әлеуметтік-мәдени өзара ықпалдастыққа мемлекеттік тілдің базалық құндылықтарын меңгертуге бағытталған. Балаға ана тілін үйренуге ата-аналары бірінші өздері қазақ тілінде сөйлей білуі, ана-тілінде сөйлеуге дағдылану, баламен бірге сөйлесу, ашық әңгімелесу, ойын толық жеткізе білуге үйрету маңызды. Ата-аналар қазақ тілінде оқытуға ерте мүмкіндік беріп, қолайлы сөйлеу ортасы құрылса, балаларға тілді меңгерту жұмысы мақсатты түрде ұйымдастырылса, нәтижесі де сәтті және тиімді болады.

Бастауыш мектепте тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес балаларды қазақ тілін оқыту арнайы ұйымдастырылған сабақтарда өткізіледі:

Қазақ тілі сабақтары балалардың жас, психофизикалық ерекшеліктерін және бастауыш мектеп жасындағы балаларға тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген бағдарламалық талаптарды ескере отырып жоспарланады.

Ата-аналар әдістемелік ұсыныммен таныса отырып, балаларына қазақ тілін оқытуды қолға алады. Ең бірінші ата-ана қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы туралы білуі, оны балаларға толық түсіндіре отырып мәліметтер береді. Балалар ұлттық мерекелермен, салт-дәстүрлермен, ұлттық тағамдармен, киімдермен, халық және әдеби ертегілердің кейіпкерлерімен танысады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне қызығушылық пен құрметке баулу үшін тәрбиеленушілермен сабақтарды ойын түрінде - саяхат, сайыстар, жаңылтпаш, ертегі, буындар, қысқаша әңгімелер, өлең шумақтары, мақал-мәтелдер, қысқа метражды мультфильмдер арқылы қазақ тілін үйретуге болады. Ауызекі сөйлеуді, дыбыстарды анық айтуды дамыту үшін: мнемосызбалар, мнеможолдар, сөз ұйқастары, санамақтар, тақпақтар, сергіту сәттерін қолдануға болады. Сергіту сәттері тек шаршағанды басып қана қоймайды, сондай-ақ зейін мен есте сақтау қабілетін дамытады.

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларға қарапайым әндер айтқызуға, халық ойындарын ойнатып, қазақ халық ертегілері бойынша қуыршақ қойылымдарын көрсетуге болады. Білім беру салаларының өзара байланысы балалардың көркем қабылдауын дамытуға, өз елінің тарихы мен мәдениетіне қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді. Мысалы, «Отбасы» туралы тақырыпта бастауыш мектеп жасындағы балаға бәйтерек ағашын сызып, отбасы мүшелерінің атын атау, отбасы мүшелерінің атауларын қазақ тілінде

үйрету арқылы қазақша сөйлеуге дағдыландырады. Балаларға домбыра үнін тыңдау және әуезді тыңдату және орындау, ұлттық ою-өрнекпен тұрмыста қолданылатын заттарды немесе киімдерді әшекейлеу ұсынылады. Білім беру салаларын кіріктіру балаларды халық шығармашылығына баулуға және сөздік қорды байытуға ықпал етеді.

Осылайша, мемлекеттік тілді меңгеру барысында балалар бір мезгілде қазақ халқының музыкалық және көркем мұрасына қанық болады. Балаларды ұлттық мәдениетке баулу тарихты құрметтеу, патриотизмге тәрбиелеу, өз Отанын мақтан ету сияқты қасиеттерді қалыптастыруға септігін тигізеді.

#### Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.

Артикуляциялық аппаратты дамыту жұмыстарын жалғастыру. Дауыс күші мен сөйлеу қарқынын дамыту: баяу және жылдам, қатты және ақырын сөйлеуге үйрету.

Сөздік қор:

1) күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағыналарын түсіну (әке, ана, ата, әже, апа, аға және т.б.), кейбір тұрмыстық заттардың, көкөністер мен жемістердің, жануарлардың, апта күндері мен ай атауларын, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру;

2) заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен әрекет етуді білдіретін сөздерді айта білуге баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы:

1) сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға жаттықтыру;

2) 2-3 сөзден тұратын сөйлемдерді түсінуді және жиі қолданылатын сөздермен сөйлем құрауға үйрету;

3) жай сөйлемдер құрастыруға үйрету;

4) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?);

5) зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу:

1) қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, жай сөйлемдер құруды, 2-3 сөйлеммен жақын маңдағы заттарға, киімдерге, жемістерге шағын сипаттама беруге үйрету;

2) шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.

Күтілетін нәтижелер:

-таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;

-сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады;

-туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, апта күндерінің, ай атауларын, жыл мезгілдерін айтады және түсінеді;

-заттардың түсін, көлемін, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтады;

-қарапайым сұрақтар қояды және оған жауап береді;

-2-3 сөйлеммен заттарға, жемістерге қысқа сипаттама береді;

-шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтарды тыңдайды, түсінеді және мазмұндайды;

-қазақ тілінде жай сөйлемдер құрастыра алады.

Сөздік қор:

1.тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, жануарлар, құстар, адамның дене мүшелерін және табиғат құбылыстарын білдіретін атауларды дұрыс айту және сөздердің мағыналарын түсіну дағдыларын қалыптастыру;

2.заттардың сынын, санын білдіретін сөздерді айта білуге үйрету;

3.5-ке дейін тура және кері санауға жаттықтыру;

4.күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы:

5.2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуге үйрету және сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруға жаттықтыру;

6.зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу

Қарапайым сұрақтар қояды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді үйрету, қарапайым мәтіндерді, тақпақтарды тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұнын айтып беруге, тақпақтарды жатқа айтып беруге машықтандыру.

1.өзі туралы білуін (аты, тегі, жасы);

2.өзінің отбасы туралы әңгімелеп беруін;

3.айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айту дағдыларын (Сәлеметсіз бе?, Сау болыңыз!, Рақмет! және т.б.);

4.педагогтің үлгісі бойынша отбасы мен достар туралы шағын мәтіндер құрастыру дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;

сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады;

кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың, адамның дене мүшелерінің, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді айтады және түсінеді;

заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтады; 100-ге дейін тура және кері санай алады;

таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады;

өзі және отбасы туралы әңгімелеп бере алады;

айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздерді айтады;

зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолданады;  
шағын қарапайым мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдайды, түсінеді және мазмұндайды, жатқа айтады;  
педагогтің үлгісі бойынша отбасы мен достар туралы шағын мәтіндер құрастырады.

#### Бастауыш мектеп жасындағы балалар

Мақсаты:

1.жастан бастап балаларға мемлекеттік тілді үйретудің мақсаты ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, мемлекеттік тілді білу.

Міндеттері:

коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту, әңгімелесушіні тыңдауға және естуге, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға дайындау;

қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу;

әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

1.күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;

2.тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.

Сөздік қор:

1.күнделікті өмірде қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (ыдыс-аяқ, жиһаз) атауларын білдіретін сөздерді, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын, ұлттық салт-дәстүрлер мен мерекелерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;

2.заттың атын, санын, сынын, қимылын (түс, көлем) білдіретін сөздерді айтуға және мағынасын түсінуге үйрету;

3.100-ге дейін тура және кері санауды жаттықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы

Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөз тіркестерін түсінуге үйрету және сөздерді байланыстыруға жаттықтыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу:

1.қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру, диалогке қатысуға, затты 2-3 сөйлеммен сипаттауға үйрету;

2.заттар туралы қысқа мәтіндер құрастыруға дағдыландыру; 3)мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар айтуға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады;

сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады;

күнделікті өмірде қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (ыдыс- аяқ, жиһаз), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын

атайды және түсінеді, ұлттық салт-дәстүрлер мен мерекелерге байланысты сөздерді айтады және түсіну дағдылары қалыптасқан;

заттардың сынын (түс, көлем) білдіретін сөздерді айтады; 10-ға дейін тура және кері санайды;

таныс сөздерді күнделікті өмірде қолданады;

өзінің мекен-жайын (қала, ауыл) біледі, Отан туралы айтады; заттар туралы қысқа мәтіндер құрастырады;

диалогке қатысады.

Ата-аналар балаларға қазақ тілін оқытуда баланың көңіл-күйін, жеке жағдайларын ескеруі, қазақ тілін үйренуіне көмегін тигізеді. Мемлекеттік тілді үйретуді ата-ана баласымен күні бойы: ойындарда, тамақтану кезінде, ұйықтар алдында, кез-келген сәттерде, серуенде сөйлеу үлгілерін қолдануға белсенді түрде ынталандырады.

Қазақ тілін үйретуде балаларға бұрын үйренген тапсырмаларды, тақпақтар мен әндерді қолдана отырып, артикуляциялық гимнастика және сергіту сәттерін ұйымдастыру ұсынылады. Сөздерді айтуға жаттықтыру және артикуляциялық гимнастика сөйлеу мүшелерінің қимылын дамытуға ықпал етеді, балаларды қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырады және ата-анасы дыбыстарды айтқан кезде балалардың назарын оның бет-әлпетіне, артикуляциялық аппаратына аударуына септігін тигізеді. Балаларға түсінікті, қарапайым ұйқас жолдарды табу әрдайым мүмкін болмайды. Сонымен қатар мұғаліммен ата-ана өзі шығарған ұйқас жолдарды қолдануына болады. Мысалы,

«қ» дыбысын дұрыс айту үшін:

Кел, кел балақан Шапалақта алақан.

«Ү» дыбысына: Жүгір кәне күнім,

Тосып отыр інің.

«Ә» дыбысына: Әсет келді эне

Көрсет өнер кәне.

Тіл, әдетте, тыңдау арқылы емес, сол тілде сөйлеу арқылы үйретіледі. Сөйлесу үшін балаға серіктес керек, сондықтан ата-ана да, педагог те үнемі сабақта қол жетімді дидактикалық материалдар қолдану арқылы баланы қазақ тілінде сөйлеуге ынталандыруы тиіс.

Мерекелерге дайындалу, оны ұйымдастыру және өткізу баланың сөздік қорын кеңейтуге септігін тигізеді, тілді одан әрі үйренуге ынталандырады, жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады. Еркін және достық, ойын атмосферасында өткізілетін ұйымдастырылған оқу қызметтері, іс-шаралар арқылы балалар өзіне деген сенімділікке ие болады, олардың өзін-өзі бағалауы артады, олар оқу өте қызықты екеніне көз жеткізеді.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға ойын арқылы қазақ тілін үйретудің әдістері

Бастауыш мектеп жасындағы балаларға қазақ тілін үйрету тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сай өтілуі тиіс.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі негізгі қағидаларды:

-ойын арқылы оқыту;

-білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамытуды басшылыққа алу ұсынылады.

Бастауыш мектеп жасындағы баланы құзыреттілікке бағыттап оқыту негізінде ойындар, шығармашылық тапсырмалар, суретті сөздіктерді қолдануда жүзеге асырылады. Театр әрекеті, сүйікті ертегілердің ерекше үзінділерін сахналау, кейіпкерлер ролінде ойнау грамматикалық құрылымды және жүйелі сөздің дамуына мүмкіндік туғызады. Сөздік қорды молайтуда, ауызекі сөйлеуді дамытуда заттар мен тағамдар, киімдер атауларын айтып, сөйлеу тілін қалыптастыру қажет. Педагогтің міндеті – балалардың қызығушылықтарын арттыру, оқу әрекеті барысында әр баламен сөйлесу болып табылады.

Білім алушылардың ата-аналарымен, достарымен бірге күнделікті үйренген жаңа сөздерін баланың серуен кезінде, ойын уақытында қолдануы қарым-қатынас жасауы арқылы жүзеге асырылады. Түрлі суреттер мен заттарды, көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Сонымен қатар, қазақ тілін үйретуде мемлекеттік тілді дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің ерекшеліктерімен таныстыру ұсынылады.

Қазақ тілін үйретуде мына әдістер бір-бірімен байланыста қолданылады:

1.Сөздік әдістер: әңгімелесу, мазмұндау, түсіндіру, көркем мәтінді оқу, жаттау, әңгімелеу, әңгімелеп беру;

2.Көрнекілік әдістер: саяхат, заттар мен суреттерді, айналаны бақылау, теледидар, компьютер материалдары; тірек-сызбалар және т.б.

Сөздік қорды дамыту жұмысы балалардың белсенді түрде қолданатын сөздерінің санын арттыруды көздей отырып жүргізіледі. Әр сабақтың тақырыбы мен мақсатына сәйкес педагог тиімді әдіс-тәсілдерді тандап алады.

Мысалы, «Отбасы» тақырыбына әңгімелесу әдісімен жүргізілген суреттер қарастыру, «Отбасы» сюжетті-рөлдік ойынын ойнату және т.б. тәсілдер болып табылады. Қазақ тілін үйретуде әңгімелесу әдісі мен көрнекілік әдісі бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Педагог барлық қажетті заттарды, құбылыстарды балалармен бірге бақылай отырып, «Мынау не?»,

«Мынау кім?» деген сұрақтар қойып бекітіп отырады, «Мынау» сілтеу есімдігін көрсетіліп тұрған нысанмен тіркестіріп айтқызу (Мынау-орындық).

Сөйлесу, әңгімелесу арқылы ұйымдастырылатын ойындар барысында ата-аналар сұрақтарды балалар түсінетіндей етіп қоюы тиіс.

Зат есіммен бірге балалар олардың белгілерімен сын есіммен, іс-әрекеттерімен етістікпен), іс-әрекет белгілерімен үстеумен, санымен сан есіммен, оларға қатысына қарай барлық есімдіктерді меңгереді. Баланың лексиканы меңгеруі зат есімді меңгеруден басталады. Ол өзін қоршап тұрған заттың бәрін, сондай-ақ өзінің дене мүшелерін атайды.

Қазақ тілін оқыту барысында келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:

-тілді үйретуде сөзді ынтамен тыңдауды және айтуды, түсінуді қалыптастыру;

-қазақ тілін меңгерту ойын әрекеті негізінде құрылуы керек.

Айтылымды жетілдіру, сөздерді есту арқылы сөйлеуін жетілдіру үшін мынадай әртүрлі тәсілдер қолданылады:

-педагогтің айтуына еліктеп, дыбыстар мен сөздерді дұрыс айту;

-сөйлемдерді әр түрлі интонациямен (қуана, ренжулі, немқұрайлы) айту бойынша шығармашылық тапсырмалар беру.

Бастауыш мектеп жасындағы балалармен қазақ тілін үйрену барысында тілдің дыбыстық мәдениетін меңгеру – балалардың белсенді сөздік қорын толықтырады, қарым-қатынас аясын кеңейтеді.

Қазақ тілін үйретудегі инновациялық технологиялар

Қазақ тілін меңгертудің маңызды шарттарының бірі қызықты, мазмұнды және дамытушы сабақтарды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Қазақ тілін үйретудің мазмұны мен мақсаттарына сәйкес келетін жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагог ұйымдастыратын әртүрлі білім беру технологиялары тәрбиеленушілердің коммуникативтік даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. Баланың өмірінде ойын маңызды орын алады. Ойын арқылы ол әлемді таниды. Балаларға қазақ тілін үйрету кезінде ойын түрлері қолданылады:

шығармашылық ойындар топтық сипатқа ие, топтардағы шығармашылық ойындар қоғамдағы қатынастардың мәнін көрсетеді, олар, рөлдік ойындар, драматизациялау ойындары, режиссерлік және сюжеттік рөлдік ойындар;

дидактикалық; дамытушы; сұхбат-ойын.

Лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тапсырмаларды, шығармашылық ойындар мен өлеңдерді, санамақтарды, мақал-мәтелдерді қолдану қазақ тілін үйрету процесінің қызықты әрі нәтижелі болуына ықпал етеді.

Дамытушы ойындар баланың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Ойын барысында сөйлеу дағдылары, ойлауы, қиялы, бақылағыштығы дамиды. Оқу тапсырмалары бар ойындар лексикалық материалды өңдеуге, бекітуге, белсендіруге көмектеседі.

Балаларды қарапайым сөйлемдерді дұрыс айтуға, сөздерді сауатты құруға үйрете отырып, әртүрлі құралдарды: суреттер, тірек сызбалары, мнемокестелер, фотосуреттер қолданған жөн, бұның бәрі балалар үшін білім беру процесін қызықты етеді.

Білім беру процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі цифрлық технологияның даму кезеңінде теледидар немесе компьютер арқылы көрсетілетін сиқырлы анимациялық әлемнің кейіпкерлері баланы қазақ тілінде сөйлеуге үйретеді. Мұндай жағдайда оқыту процесі тура байланыс түрінде өтеді: балалар сөзді естиді, кейіпкерлерді көреді, олармен бірге ән айтады, билейді.

Мультимедиялық бағдарламалар негізінде интерактивті оқыту әдістемелік, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық қағидаларды толық кешенді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, оқу процесінің шығармашылықпен қызықты өтуіне септігін тигізеді. АКТ қолдану педагогтің шығармашылық қабілеттерін



кеңейтуге мүмкіндік береді, бұл балалардың тәрбиесіне, оқуына және дамуына оң әсер етеді. Денсаулық сақтау технологияларын балаларға қазақ тілін үйретуде белсенді қолдану қажет. Қазақ тілінде сергіту сәттерін өткізу, баланың ақыл-ойына күш түсірмеуге және эмоционалды күйзелісті болдырмауға ықпал етеді. Сергіту сәттері балалардың зейінін бір әрекет түрінен екінші әрекетке шоғырландыруға мүмкіндік береді, зейін мен жұмысқа деген қабілетін арттыруға, ұсақ моториканы дамытуға ықпал етеді және тақырыптар бойынша лексикалық, грамматикалық материалдарды белсендіруді қамтамасыз етеді. Серуендеу кезінде ұлттық қимылды ойындарды өткізу физикалық қасиеттерді (ептілік, шыдамдылық) қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар баланың белсенді сөздік қорын байытуға да ықпал етеді.

Халық ойындарының қазынасы болып табылатын санамақтар ұлттық ерекшеліктерге және ұлттық тәрбие міндеттеріне сәйкес келеді.

Ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану баланы оқыту мен дамыту процесін барынша тиімді етеді, балаларды жалықтырмайды, оларды ерте дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ тікелей қарым-қатынас жасау арқылы қазақ тілін түсінуге үйретеді. Осылайша, «Қазақ тілі» сабақтарында және режимдік сәттер барысында түрлі инновациялық технологияларды қолдану баланың қоршаған орта туралы білімі мен түсініктерін айтарлықтай кеңейтуге, танымдық процестерді (ойлау, есте сақтау, қабылдау) дамытуға, физикалық қасиеттерді (тапқырлық, ептілік) және қазақ ұлттық мәдениеті негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Балаларды қазақ тіліне үйрету процесінде мектеп пен отбасының өзара байланысы

Білім алушылардың сөйлеуін дамытуда ата - аналармен тығыз қарым-қатынас жасау негізгі жағдай болып табылады. Өйткені, отбасы-қоғамның негізі, ұлттық дәстүрлерді сақтаушы. Мектеп пен отбасының өзара ықпалдастығы балалардың қазақ тілін толық меңгеруінің қажетті шарты болып табылады, педагогтер мен ата – аналардың өзара ықпалдастығы арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мектеп пен отбасының қазақ тілін меңгеру мәселелеріндегі ынтымақтастығының негізгі міндеттері:

жұмыстың неғұрлым тиімді нысандарын іздестіру және енгізу арқылы балаларға мемлекеттік тілді үйрету процесіне ата-аналарды қатысуға баулу;

Балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына баулу бойынша отбасылық тәрбиенің үздік тәжірибесін зерделеу және қорыту;

әрбір отбасында балалардың қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру бойынша ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Тәрбиелеушілердің отбасыларымен өзара ықпалдастықтың негізгі түрлері:

1. ата-аналарға педагогикалық білім беру;

отбасында ата - аналардың қазақ тілін үйренуге деген пікірін анықтайтын сауалнама – ата-аналардың сұраныстарын зерделеу, жұмысты жоспарлау.

лексикалық тақырыптарды зерделеу;

-»Қазақ тілін үйренеміз» бұрышы (отбасында қазақ тілін үйрену бойынша қазақ тілі мұғалімінің ұсыныстары, ата-аналармен тәжірибе алмасу);

-ақпараттық стендтер; ата-аналарға арналған жаднамалар, буклеттер;  
-жиналыс, кеңес беру, әңгімелесу;

1. ата-аналардың қатысуымен өтетін сабақтар. Ата-аналар мен балалардың бірлесіп орындауына арналған үй тапсырмалары;

«Ұлттық бастаулар» (аға буын өкілдерімен, шығармашылық ата-аналармен қызықты кездесулер);

бірлескен театрландырылған қойылымдар (драматизация ойындары).

2. шығармашылық зертхана.

«Бірге сурет саламыз» - балалар мен ата-аналар орындаған суреттер көрмесі.

3. балалардың бос уақытын ұйымдастыру:

Наурыз мейрамы, балалар мерекелері, туған күндер. саябаққа, театрға, мұражайларға саяхат, спорттық және музыкалық ойын-сауықтар: «Біздің ата-әжелеріміздің ойындары» атты халық ойындар кеші (қазақ халық ойындары).

Ата-аналармен осындай жұмыс түрлері кеңінен қолданылады, мұндай жұмыс түрлері ата-аналарға әр баланың жетістіктерін көруге мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы жоспарлы және жүйелі жұмыс ата-аналардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыруға және әрбір отбасында қазақ тілін үйрену бойынша педагогикалық құзыреттілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Кері байланыстың болу қағидатын сақтау-қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастырудағы және тәрбиеленушілерге мемлекеттік тілді үйретудегі аса маңызды шарттардың бірі болып табылады.

Қазақ тілін оқыту үшін қызықты тапсырмалар

1. Төмендегі сөздерде неше әріп, неше дыбыс бар? Жаз.

Отыз -

күрек -

тою -

альбом -

2. Төмендегі сөздердің түсіп қалған әріптерін жаз.

Д ... п, ... уа, ш ... ш, ж ... лан, шаңғ ... , ... рын , ... имон , ... обот.

3. Төмендегі сөздерден өзгеріп тұрған әріптерді тауып, сыз.

қар- қор қауын- жауын шеге- шеше кеме- кесе қияр- қиял жарыс- жарық

4. Жаңылтпаштардың ішінен өзің ұнатқан жолдарын жатта

Күз, Кез, Көз,

Күш, Кеш, Көш,

Кір, Кер, Көр,

Күл, Кел, Көл,

Кілең қысқа сөз,

Кім оқиды тез?

Сен өлше, ол өлшер,

Сол өлшем, сол мөлшер.

Омар ора алар,  
Омар ора алмаса,  
Орал ора алар.

Омартаға балалар барар,  
Балаларды аралар талар.  
Алашаларды  
Таба алса, алар.

Үміт түбіт түтті,  
Түбітті түтіп бітті.

Арқада алты арқар бар,  
Қырқада қырық арқар бар.  
Қырық арқарда ақ арқар бар.  
Алты арқарда марқа арқар бар.

5. Сұрақтарға жауап жаз.  
Бұл кім?  
Ол неше жаста?  
Ол нешінші сыныпта оқиды?  
Ол қандай?

---

6. Мына сұрақтарға жауап беретін сөздерді жаз.  
Не істеді? Кім? Не? Қандай?

7. Толықтырып жаз.

Менің атым- \_\_\_\_\_. Мен \_\_\_\_\_ жастамын. Бұл менің \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ . Ол менен \_\_\_\_\_ жас \_\_\_\_\_ . Ол неше  
жаста? \_\_\_\_\_ .

8. Берілген мәтіннен отбасы атауларын теріп жаз.

Менің атым- Айдар. Бұл- біздің отбасымыз. Біздің отбасымызда төрт адам бар. Олар: әке-шешем, қарындасым, және мен. Менің әкемнің аты –Қайрат. Ол 40 жаста. Менің әкем күшті және ақылды. Менің анамның аты-Раушан. Ол 35 жаста. Менің анам әдемі және мейірімді. Менің қарындасымның аты- Маржан. Ол үш жаста. Менің қарындасым ақылды және сүйкімді. Мен отбасымды жақсы көремін.

---

9. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жаз.

Бұл -менің немерем. Оның аты-Әсет. Ол сегіз жаста. Әсет екінші сыныпта оқиды. Ол-ақылды және күшті бала. Менің немерем қалада тұрады.

Әсет неше жаста?

---

Әсет нешінші сыныпта оқиды?

---

Әсет қандай бала?

---

Әсет қайда тұрады?

---

10. Сүйікті ісінді жаз.

Үлгі: Менің сүйікті ісім- музыка тыңдау.

---

---

11. Кім не істеуді жақсы көреді? Белгіле.

мен                      анам                      әкем                      інім

ән айтуды

кітап оқуды

музыка тыңдауды

сөзжұмбақ шешуді

12. Сөздерді қазақ тіліне аударып жаз.

Пословица \_\_\_\_\_

Поговорка \_\_\_\_\_

Учить \_\_\_\_\_

Знать \_\_\_\_\_

Интересно \_\_\_\_\_

Полезно \_\_\_\_\_

13. Мақалды толықтыр.

Қарға баласын «\_\_\_\_\_» дейді,

Кірпі баласын «\_\_\_\_\_» дейді.

14. Жіктік жалғауын жалғап жаз.

Мен жуа \_\_\_\_\_ Біз жуа \_\_\_\_\_

Сен жуа \_\_\_\_\_ Сендер жуа \_\_\_\_\_

Сіз жуа \_\_\_\_\_ Сіздер жуа \_\_\_\_\_

Ол жуа \_\_\_\_\_ Олар жуа \_\_\_\_\_

15. Мәтіннен жіктік жалғауы бар сөздерді теріп жаз.

Мынау –менің бөлмем. Менің бөлмем кең және жарық. Менің бөлмем таза.

Мен заттарымды жинаймын. Мен еден жуамын, шаң сүртемін. Мен кілемді шаңсорғышпен тазалаймын.

---

---

---

16. Мақалды жалғастыр.

Көз \_\_\_\_\_,

Қол \_\_\_\_\_.

17. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жаз.

Менің атым-Анар. Мен үйде анама көмектесемін. Мен дастарқан жасаймын. Мен дастарқанға ыдыстарды қоямын. Мынау-қасық. Мынау –шанышқы. Мынау –тәрелке. Мынау-пышақ. Біздің отбасымызда үш адам бар.

Сондықтан мен дастарқанға үш қасық, үш шанышқы және үш тәрелке қоямын.  
Дастарқанға тамақты анам қояды. Біз тамақ ішеміз.

1. Анар үйде кімге көмектеседі?

2. Ол не істейді?

3. Ол дастарқанға қандай ыдыстарды қояды?

4. Дастарқанға тамақты кім қояды?

18. Сусындар мен тағамдарды екі бөліп жаз.

Сүт, шай, мәңгі, ет, шырын, су, айран, ботқа, көже, қуырдақ, палау.

Сусындар Тағамдар

19. Сөздерді қазақ тіліне аударып жаз.

Вкус- \_\_\_\_\_

Жидкий /-ая,-ое/ \_\_\_\_\_

Полезно для здоровья \_\_\_\_\_

Можно добавить \_\_\_\_\_

20. Сүт тағамдарын жаз.

21. Сұраққа жауап жаз.

-Сен қайда тұрасың?

-Қазақстанның жері қандай?

-Қазақстанның елбасы кім?

-Қазақстанның елордасы қай қала?

-Астана қандай қала?

22. Мәтіннен көптік жалғауы бар сөздерді теріп жаз.

Астана қаласы-Қазақстанның елордасы. Астана – үлкен, әдемі және жас қала. Ол Солтүстік Қазақстанда орналасқан. Астанада әдемі үйлер, саябақтар, ескерткіштер, биік ғимараттар бар. Маған Астана қаласы ұнайды.

23. Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жаз.

Қазақстанның жері үлкен, табиғаты әдемі. Елімізде өзен, көлдер, биік таулар, жасыл ормандар бар. Астанада Есіл өзені, Семейде Ертіс өзені, Көкшетауда Бурабай көлі бар. Алматының мақтанышы –Алатау тауы.

24.Сұрақтарға жауап жаз.

- Сен жазғы демалыста қайда бардың? \_\_\_\_\_
- Сен кіммен бардың? \_\_\_\_\_
- Сендер немен бардыңдар? \_\_\_\_\_
- Сенің жазғы демалысың қалай өтті? \_\_\_\_\_

25. «Тәуелсіз» сөзіне дыбыстық талдау жаса.

Тәуелсіз \_\_\_\_\_  
Т \_\_\_\_\_  
Ә \_\_\_\_\_  
У \_\_\_\_\_  
Е \_\_\_\_\_  
Л \_\_\_\_\_  
С \_\_\_\_\_  
І \_\_\_\_\_  
З \_\_\_\_\_

26.Не?Қандай? сұрақтарына жауап беретін сөздерді екі бағанға бөліп жаз.

Еркін,бай,мол,еркіндік,байлық,молшылық,бейбіт,бейбітшілік,құс,әдемі,көгілдір,қыран

27.Сұрақтарға жауап жаз.

- Сенің Отаның қай жер? \_\_\_\_\_
- Қазақстан қандай мемлекет? \_\_\_\_\_
- Қазақстанның Мемлекеттік Туы қандай? \_\_\_\_\_
- Қазақстанның елордасы қай қала? \_\_\_\_\_
- Қазақстанның табиғаты қандай? \_\_\_\_\_

28.Сөздердің аудармасын жаз.

Здание _____	Был построен _____
Архитектор _____	Согласие _____
Дружба _____	Единство _____
Дворец _____	

29. Сөзге жіктік жалғауын жалғап жаз.

Мен жасап отыр..... Біз жасап отыр.....  
Сен жасап отыр..... Сендер жасап отыр.....  
Сіз жасап отыр..... Сіздер жасап отыр.....  
Ол жасап отыр..... Олар жасап отыр.....

30.Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сыз.

Күн күркіреді. Құйын соғып өтті. Мен мектепке келдім. Білім алушы кітапханадан кітап алды. Мұғалім сабақ түсіндірді.

31.Мақалды жалғастыр.

Бірінші байлық-..... .

32. Толықтырып жаз.

Біз ..... сабағында есеп шығарамыз. Біз ..... сабағында ағылшынша сөйлейміз. Біз ..... сабағында қазақша сөйлейміз. Біз ..... сабағында жаттығу жасаймыз, жүгіреміз, секіреміз, ойнаймыз.

33. Сөйлемдерді қалпына келтіріңіз.

1. аты, менің атым, Әлімжан, әкемнің, Кәмил. 2. оқимын, мен, ұлттық атындағы, Әл-Фараби, университетте. 3. мектепте, ол, қаласындағы, №12, пәнінің, Астана, дене шынықтыру, мұғалімі. 4. ауылда, зейнеткерлер, әке мен шешем, істейді, ағаларым, жұмыс. 5. анасы, кісі, Жұлдыздың, бұл. 6. шағын, емес, отбасым, үлкен, менің.

34. Сөздердің антонимдерін табыңыз:

1. Жақсы - \_\_\_\_\_ 2. Ұзын \_\_\_\_\_  
3. Аққұба \_\_\_\_\_ 4. Жалқау \_\_\_\_\_  
5. Ақылды \_\_\_\_\_

35. Жақша ішіндегі сөздерді аударыңыз.

Менің досым (прекрасный) адам. Оның анасы (умная, добрая, красивая). Әлия (высокая, стройная, симпатичная) қыз. Ал, әкем керісінше (строгий, серьезный) кісі.

36. Сөйлемдерді толықтырыңыз:

Әріптесімнің аты- ..... Ол ..... жаста. Оның ..... бар. Ол ..... көшесінде тұрады. Мінезі ..... Оның көзі ....., шашы....., бойы..... Ол ..... адам.

37. Сөздерді жекеше, көпше түрінде үш жақта тәуелдеп жазыңыз.

әке, іні, апа, қарындас.

38. Сөздерді сәйкестендіріңіз, орыс тіліне аударыңыз.

Менің	аталары
Сенің	анамыз
Сіздің	қарындастарың
Оның	інілеріңіз
Біздің	ата-анаңыз
Сендердің	отбасым
Сіздердің	пәтерің
Олардың	баласы

39. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз, тәуелдік жалғауымен тұрған сөздерді көшіріп жазыңыз.

Менің аты-жөнім... . Жасым... . Ұлтым... . ... қаласында тұрамын. ... інілерім, ағаларым, қарындастарым бар. Мен оларды жақсы көремін, сыйлаймын.

40. Төмендегі сөздерге III жақта тәуелдік жалғауларын жалғап шығыңыз.

Ата-ана, ата—әже, әке, ана, бала, немере, сіңлі, қарындас, іні, аға, жиен, бөле, нағашы, ағайын, бауыр.

41. Тәуелдік жалғауларын жалғаңыз

Бала...	Апа...	Ата-ана...	Ата...
Менің ата...	Біздің сіңілі...	Сенің әже...	Сендердің жұбай...
Сіздің бауыр...	Сіздердің нағашы...	Оның дос...	Олардың қарындас...

Әйел...                      Көрші...                      Іні...                      Отбасы...

42. Тиісті сөздерді қойыңыз.  
... балам. Менің ...әжең  
... қыздары Сенің ...сіңлісі  
... ұлдарың Сіздің ...ағаңыз  
... отбасымыз Оның ...бауырларыңыз

Біздің  
Сендердің  
Сіздердің  
Олардың

43. Тиісті жалғауларды жалғаңыз.

Мен мұғалім... , сен дәрігер..., сіз озат білім алушы..., ол жақсы әріптес..., біз еңбекқор құрылысшылар..., сендер тәжірибелі спортшы..., сіздер білікті маман..., олар атақты ғалымдар... .

44. Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Ертерек кетпекші, бармақ емессің, қолөнер үйренбек, мал шашпақ, айтып қоймақ, өнер шашпақ.

45. Берілген етістіктерден мақсатты келер шақ жасап, әрқайсысымен сөйлем құраңыз.

Үлгі: Аш-ашпақ. Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ. (Абай)

Шаш, үйрен, қой, сөйле.

46. Етістіктерді салыстырыңыз, шақтарын анықтаңыз.

Ол университетте оқиды. Ол болашақта осы университетте оқиды. Жұмыскерлер бастыққа барады. Күте тұрса, бастық та келеді. Ол Алматыға барады. Ол есейгенде Алматыға барады.

47. Сөйлемдерден етістіктерді тауып, шақтарын анықтаңыз.

Мен ылғи ерте тұрамын. Әсет кітап оқиды. Жұмыскерлер келе жатыр. Олар сөйлесіп тұр. Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа. Жаманмен дос болсаң қаларсың ұятқа. Жас-қартаймақ, жоқ-тумақ, туған-өлмек. Батыр жігіт қол бастар.

48. Сөздердің жалғауларын дұрыс жалғап жаз.

Менің туған күн.....

Сенің туған күн.....

Сіздің туған күн.....

Оның туған күн.....

50. Керекті шылауларды қойып жаз.

Шашың ұзын ----? Көзің қара-----? Ол жұмыс істей ....?

Ұлты орыс -----? Оның тісі әдемі.....? Әкең үйде-----? Таза----?

51. Көп нүктенің орнына тиісті дене мүшесінің атауын қойып жаз.

\_\_\_\_\_ көреді  
Адам \_\_\_\_\_ ойлайды  
\_\_\_\_\_ естиді  
\_\_\_\_\_ демалады



сөйлейді

52. «Кім тез, жылдам, шапшаң?» Жазбаша жұмыс. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді жазу.

Наурыз ж...л басы. 22 Наурыз – ...лкен мереке. К...н мен т...н те...еледі.

Адамд...р аул...ны тазал...йды, а...аш егед..., наурыzk...же п...с...ред... . Олар б...р - б...р...не ...она.....а барады. Наурыз қ...тты болс...н!

53. Тест тапсырмаларын орында:

1. Табиғатпен..... болу керек/доп, дос, бос, күз/.

2. Кемпірқосақ .....түсті болады. /бес, алты, жеті, төрт/.

3. Наурыз- ..... /жыл басы, ортасы, аяға, бірінші күні/.

4. Құстар ..... ұшып келеді / қыста, жазда, көктемде, күзде/.

5. Көктемде күн ..... / жылынады, суытады, мұз қатады,

ысыды/.

54. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Мен ..... сурет саламын. 2. Әсет тамаша ән..... 3. Алена ермексаздан ..... жасады. 4. Балалар ..... оюлар қиды.

Керекті сөздер: қайшымен, қарындашпен, үй, айтады.

55. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

Қар....ндаш, өш...ргіш, к..нделік, к..тап, оқ..шы, қал...м, с...рет, әл..ппе, с...нып, қаб...т, мект..п, м...ғалім, орынд..қ, та...та, д..птер.

56. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастыр.

Мектеп, сабақ, оқимын, парта, қабат, әртүрлі, әдемі, мұғалім, білім алушы, қарындаш, қалам, таза, кең, жарық, жақсы, отырамын, жазамын, туралы.

57. Берілген сөздерді өрбітіп жазыңдар.

Дәптер. Мектеп. Білім алушы. Сынып. Кітап.

Мысалы: 1. Қалам

2. Көк қалам

3. Көк қалам бар.

4. Сашада көк қалам бар.

58. Төмендегі жұрнақтармен зат есімдер жасаңыз. /-шы\ - ші/

Зерттеу, жазу, кен, теңіз, егін, мүсін, бояу, тіл, тігін, трактор, балық, сату, құрылыс, сурет, жүргізу, жұмыс, сәулет, ән, би, аударма, хат, аң, әдебиет, ем, ел, өтірік.

-ғар \-гер, -қар\ -кер

Іс, жауын, зер, дәрі, заң, қызмет, талап, саясат, жауап, мұра.

59. Тест тапсырмалары

Менің әкем ұшақтарда ұшып жүр. Оның мамандығы қандай?

а) әнші ә) есепші б) ұшқыш

2. Меруерттің ағасы шетел фирмасында ақша санап жүр. Оның мамандығы қандай?

а) мұғалім ә) есепші б) тілші

3. Жанар сурет салып жүр. Оның мамандығы қандай?

а) дәрігер ә) аудармашы б) суретші

4. Салтанат адамдарды емдеп жүр. Оның мамандығы қандай?

- а) дәрігер ә) хатшы б) жазушы
5. Менің шешем киім тігіп жүр. Оның мамандығы қандай?  
а) ұшқыш ә) сәулетші б) тігінші
6. Сәния білім алушыларды оқытып жүр. Оның мамандығы қандай?  
а) аудармашы ә) мұғалім б) аспаз
7. Болат үйлер салып жүр. Оның мамандығы қандай?  
а) ұстаз ә) сатушы б) құрылысшы
8. «... не істеп жүр?» деген сұраққа жауап беріңіз. Әнші не істеп жүр?  
а) заттарды сатып жүр ә) ақша санап жүр б) ән айтып жүр
9. «... не істеп жүр?» деген сұраққа жауап беріңіз. Аспаз не істеп жүр?  
а) киім тігіп жүр ә) тамақ пісіріп жүр б) жаңа үйлер салып жүр
10. «... не істеп жүр?» деген сұраққа жауап беріңіз. Суретші не істеп жүр?  
а) сурет салып жүр ә) киім тігіп жүр б) ақша санап жүр

*Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің Ө. Жолдасбеков атындағы № 50 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Болысбекова Улжан Шаяхметовнаның іс – тәжірибесінен*

Қазақ тілін ұтымды оқыту процесі оқу және жазу сауаттылықтарын жетілдіруде бастауыш мектеп жасындағы балалардың танымдық қызығушылығын, байланыстырып сөйлеуін, сөйлеу мәдениетін, сондай-ақ өздігінен білім алуын, шығармашылық қабілетін шыңдайды.

Әрбір жаңа ұғымды енгізгенде оның маңызы мен мазмұнын ашып көрсетуге мүмкіндік беретін белгілі бір іс-әрекет, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану білім алушының икемділігі мен бейімделуін ескеріп отыру маңызды. Білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне қарай жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу процесін тиімді ұйымдастыру арқылы білім алушылардың білім сапасы мен шығармашылық қабілетін арттырады. Сабақ барлық балалар үшін міндетті, мұнда білім, білік, дағдыны игертумен қатар балалар тобын құруға, онда өмір сүріп, іс-әрекетпен шұғылдануға, бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасап, адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді. Сабақ барысында балалардың зейінін тұрақтандыру, икемділік пен бейімделуін назарға алу, егер ауытқулар болса тақырыпты өзгерту немесе қосымша материалдар, көрнекіліктер пайдалану, ойын іс-әрекетіне аудару, балалардың ынта-ықыласын, қызығушылығын қадағалап отыру жетістікке жетері сөзсіз.

Балаға деген сүйіспеншілігіміз бен махаббатымызды білдіру арқылы оның өзін-өзі дамытуы мен шыңдауына себеп боламыз. Ең бастысы – сол сөздерді шын жүрегімізбен білдіру.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліне оқыту бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдарда ата-ананың педагогикалық мәдениеті үш деңгейге бөлінеді:

1. Жоғары деңгейде ата-ана баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие тәсілдерін икемдейді. Мұндай тәрбие нәтижесінде бала ынталанып, жауапкершілікті өз мойнына алуға дағдыланады. Ата-ана ашық қарым-қатынас

орнатып, тәртіп ережелерін бірге талқылап, баланың пікірін тыңдайды және қажет болған жағдайда өз талаптарын өзгертеді. Сонымен қатар, баланың ескертулерін ескеріп, сол бойынша түзетулер енгізуге тырысады. Нәтижесінде: бала өзін дұрыс бағалай алатын, еріктік қасиеттері ерте дамыған, сенімді, жауапкершілікті және өмірге бейімделген тұлғаға айналады. Ол мәселелерді талқылауға қатысып, шешім қабылдау үшін ұсыныстар жасай алады, ата-ананың пікірін тыңдап, оны талқылайды және дұрыс әлеуметтік мінез-құлықты меңгереді.

2. Орташа деңгейде ата-ана баланың қателіктеріне кешіріммен қарайды, бірақ бақылау деңгейі төмен болады. Олар қарым-қатынасты жылы ұстағанымен, басқарушылық рөлі әлсіз және тәрбиелеу тәсілдері нақты емес. Сонымен қатар, балаға шектеулер қоймайды. Нәтижесінде: мұндай тәрбиеде өскен бала жауапкершілік деңгейі төмен, өзін ұстауы әлсіз, ал есейгенде әлімжеттік көрсетуге бейім болады. Сондай-ақ, еріншектік пен немқұрайдылыққа бой алдырған, өзіне деген сенімі төмен тұлғаға айналады.

3. Төменгі деңгейде ата-ана балаға шектеу қоймайды және қарым-қатынасқа жабық болады. Олар баланың ішкі жан дүниесіне мән бермей, көбіне өз жеке мәселелерімен айналысады. Жазалау мен ынталандыруды ретсіз қолдану тәрбие үдерісінің жүйесіздігін көрсетеді. Нәтижесінде: мұндай тәрбиенің әсерінен баланың бойында жағыну, жалпақтау сияқты теріс қасиеттер қалыптасады. Ол өз ойы мен пікірін білдіруге қабілетсіз, шынайы жанашырлық танытпайтын, қиындықтарға төтеп бере алмайтын тұлғаға айналады. Сонымен қатар, мінез-құлқы проблемалық сипатта болады, бұл оның әлеуметтенуіне кері әсерін тигізеді.

Ата-аналарға арналған кеңестер:

- баланың сабағын жеңілдететін жағдай жасау үшін, жақсы тамақтану, тұрақты режим, толыққанды ұйқы және жайлы тұрмыстық жағдайды қамтамасыз ету маңызды. Сабақ оқу үшін ыңғайлы орын жасау да өте қажет;

- баланың мүмкіндігіне сенімділік артып, оның табысты орындауынан үміт күту керек. Кішкене жетістіктеріне де қуанышыңызды білдіріп, баланың оқуына төзімділік және мейірімділік таныту қажет. Баланың үлгермей жатса, қатты сөйлемей;

- балаңызды анықтамалармен, сөздіктермен, логикалық тапсырмалармен, бейнетаспалармен және мектептің оқу бағдарламасына сәйкес кітапшалармен қамтамасыз ету қажет. Баланы тыңдап, оған жаттауға, есте сақтауға берілген тапсырмаларды айтуға мүмкіндік беріңіз. Жазуға тапсырылған мәтінді бөліп-бөліп, асықпай оқыңыз. Оқулықтағы сұрақтар бойынша сұрау;

- өз бала кезіңздегі жетістіктер туралы айтып, біліммен бөлісу. Ата-ананың назарында баланың бағасы ғана емес, білім болу керектігін есте ұстау. Баланың болашағы туралы ойлап, алған білімінің қай кезде және не үшін қажеттілігін түсіндіру;

- баланың оқуға белсенділігін арттыратын отбасылық дәстүрлер мен әдеттер құру маңызды. Балаңыздың бос уақытын мазмұнды әрі пайдалы етіп өткізуге көмектесу;

- баланың оқу үлгеріміне қарамай, оны жақсы көретініңізді сездіру. Баланы жан-жақты бақылау үшін, оның қатысатын үйірмелерінің, факультативтерінің, қосымша сабақтарының және сабақ кестесімен танысу. Бұл балаға қажетті көмек көрсету үшін пайдалы болады.

Бұл кеңестер баланың оқуын жеңілдетуге, оның білімге деген қызығушылығын арттыруға және оның дамуына оң әсер етуге көмектеседі.

Балаңыздың қуана мектепке баруы үшін бірнеше маңызды қадамдарды орындауға болады. Ең алдымен, оның уақытылы ұйықтауға жатуын қадағалау, өйткені ұйқысы қанбаған бала сабақта мұңаюлы болады және оқуға көңіл бөлу қиын болады. Мектеп туралы теріс пікірлер айтудан аулақ болу және балаңыздың көзінше мұғалімдер немесе мектеп туралы жаман сөздер қолданбау, себебі бұл оның мектепке деген көзқарасын теріс қалыптастыруы мүмкін. Балаңыздың мектеп тапсырмалары мен кітаптарына қызығушылық танытатындығыңызды көрсету, бұл оның оқуға деген қызығушылығын арттырады. Өзіңіз де кітап оқып, балаға ата-аналарының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінін көрсету. Оған компьютерлік ойында 20 минуттан артық уақыт өткізуге рұқсат етпеу, себебі бұл оның уақытын тиімді пайдалануға көмектеседі. Балаңызға өз ойын жазбаша түрде жеткізуді үйрету. Онымен бірге хат жазып, оған өз пікірлерін жазуды үйрету. Егер бала әсерлі оқиға айта алатын болса, онда сол оқиға туралы әңгіме құрастырып жазуын сұрау. Кешке ол жазған әңгімесін барлық отбасы мүшелеріне оқып беру арқылы оның шығармашылық қабілетін арттыруға болады.

Мектеп пен сынып өміріне белсенділік танытып, баланың мектебі өміріңіздің маңызды бөлігіне айналғанын сезінуіне көмектесу. Мектепте қиындықтарға кездескен жағдайда, балаңызға өзіне деген сенімін жоғалтпауға көмектесіп, оған қолдау көрсету[46].

Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліне оқыту бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымда төмендегі шығармашылық тапсырмалар түрлерін тиімді қолдануға болады.

Ойын әрекеті – баланың ерік жігерін, ақыл-ойын дамытады, шапшаңдыққа, шымырлыққа, ұқыптылыққа жаттықтырады, талдауға, жинақтауға үйретеді. Оқу әрекеті – жоспарлы, жүйелі түрде бірте-бірте жүргізіліп, ақыл-ойының, өмірге дұрыс қатынасының дамып, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Ұлттық ойын – салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын жеке тұлға тәрбиелеп шығарудың құралы. Сабақ барысында, үй жағдайында қолдануға болатын ұлттық ойындар «Тоғызқұмалақ», «Алтын сақа», «Көкпар», «Сақина салу», «Бес тас», «Ақсүйек», «Теңге ілу» тағы да басқа ұлттық ойындар ата-бабамыздан бізге мирас болып қалған асыл қазынамыз. Сондықтан ұлттық ойындарды үйренудің, күнделікті тұрмыста қолданудың бәсекеге қабілетті, қазақ тілін жетік меңгерген ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Білім алушылар ұлттық ойындарымызды үйрене отырып, өздерінің кім екендіктерін, ата-бабаларының тұрмыс-салтымен танысып, өзінің қай ойынға икемді екендігін түсінеді. Білім алушылар ойын

арқылы бір-бірімен тіл табысып, сөздік қоры молайып, тез ұғынысады, бір-бірінен тапқырлықты, ептілікті үйренеді. Ойындарды өткізу арқылы балалар қазақ халқының дәстүрімен, әдет-ғұрпын жоғалтпай, оны ары қарай дамытуға, өз ұлтына деген сүйіспеншілікке жастайынан баулып, оны құрметтеуге тәрбиелейді.

Сюжеттік-рөлдік ойын – баланың интеллектуалды дамуының құралы. «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сюжеттік-рөлдік ойын – баланы ересек өмірге дайындайтын тәсіл. Балалардың көпшілігі ойын барысында ересектердің еңбегін көрсетеді: балалар тәрбиешіге, дәрігерге, жүргізушіге, ұшқышқа, өрт сөндірушіге еліктейді. Ойын балалардың әртүрлі мамандықтарға деген қызығушылығын нығайтады және тереңдетеді, еңбекке деген құрмет тәрбиеленеді. Ойын баланың тек тәртібін ғана емес, сонымен қатар оның ішкі өмірін реттеп, өзін қоршаған әлемге қатынасын түсінуге мүмкіндік береді. Сюжеттік-рөлдік ойындардың түрлері: тұрмыстық сюжеттерге арналған ойындар («Отбасы», «Қонақ шақыру», «Туған күндер»). Адамдардың еңбегін көрсететін өндірістік және қоғамдық тақырыпта («Мектеп», «Дүкен», «Сән салоны», «Аурухана», «Құрылыс», «Өрт сөндірушілер», «Цирк»).

Дидактикалық ойын – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады. Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады.

Өз іс-тәжірибемде мен балалармен тілдік дидактикалық сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр- түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым- қатынас жасай білуге үйретемін. Баланың тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеуде, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын дамыту үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта ойналатын дидактикалық ойындарды пайдалану ұтымды болады.

Қазақ тілін меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу тиіс. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте

бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл ақылдың - өлшемі. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса.

Қазақ тілін еркін, қызығушылық таныта отырып, сапалы да, саналы меңгеруіне қолайлы шығармашылық жұмыстар үлгілерін сабақтан тыс уақытта жеңілден-күрделіге қарай үй жағдайында орындауға болатын тапсырмаларды ата-аналарға көмекші құрал ретінде ұсынамыз.

Нейрожаттығулар - баланың танымдық процестерін жетілдіруде нейрожаттығулардың алатын орны ерекше. Баланың есте сақтау қабілетін арттырып, зейінін шоғырландырады, білім алуға деген мотивациясын көтереді.

Нейрожаттығу дегеніміз – мидың жан-жақты және екі жарты шардың жаттығуына арналған көп бағытты жаттығулар жиынтығы. Олардың қандай пайдасы бар? Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының жұмысын жетілдіреді, ұсақ және ірі моториканы дамытады, ақпаратты тез қабылдауға көмектеседі, зейінді шоғырландырады, есте сақтау қабілетін арттырады, оқу және жазу процесстерін жақсартады, мидың жұмыс өнімділігін арттырады. Ми жаттығулары қарапайым, әрі оңай болса да кез-келген жастағы білім алушы бойындағы мүмкіндікті аша білуге көмектеседі. Аз ғана 3-5 минут жаттығу миға энергия береді. Нейрожаттығудың түрлері өте көп.

Ата-ананың іс-әрекеті – қазіргі таңда дамыған мемлекет қатарында болғандықтан әрбір отбасы компьютерлік құрылғымен жабдықталған. Сол себепті нейрожаттығу жасауға қажетті парақтарды шығарып, баланың үй жағдайында ойын түрінде орындатуға таптырмас жаттығулардың бірі.

Баланың іс-әрекеті – ата-анамен түрлі ойындар мен тапсырмалар орындау біріншіден отбасылық қолдауды сезінеді, қарам-қатынас жақсарады, екіншіден нейрожаттығу жасау арқылы баланың зейіні тұрақталып, мидың жан-жақты және екі жарты шардың жұмыс жасауы қалыптасады. Нейрожаттығудың түрлері өте көп.

Антиципация әдісі – мәтіндегі түсіп қалған сөздерді мағынасына қарай қойып, мәтінді толықтыру. Адамдар оқып отырып, көптеген сөздің соңын оқымайды. Яғни, ол сөздің мағынасын оқымай тұрып, алдын-ала түсіне қояды. Мәтіннің әрі қарайғы мәнін түсінудегі бұл тәсіл «Антиципация» деп аталады. Бұл келешекті алдын-ала психологиялық тұрғыда болжайтын процесс. Ол жағдай оқиганың даму қисынын ойлау, білуге негізделген, сөйтіп оқу жылдамдығын тездетеді.

Ата-ананың іс-әрекеті – қажетті оқу құралымен қамтамасыз етіп, арнайы антиципация әдісінің кітабын немесе парақшаларды жинақтап, баланың мәтінмен жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау. Бала тапсырманы қызығушылықпен орындап жатқанын байқап, мадақтау сөздерін айтып отыру балаға өте маңызды екендігін жадыда ұстау.

Баланың іс-әрекеті – мәтінмен жұмыс жасай отырып баланың сөздік қоры дамиды. Сонымен бірге мәтін, әңгіме, ертегі құрастыруды, талдауды меңгеруге дағдыланады. Бір мәтіннен бала жаңа 10-15 сөзбен танысып үйренеді.

Ақ лақ

Менің ешкім бар еді. Сол ешкім әдемі ала мойын аппақ \_\_\_\_\_ туды. Ол лағын өте \_\_\_\_\_ көреді. Мекіреніп қасынан шықпайды. Бір күні \_\_\_\_\_ боран соқты. «Тоңатын болды – ау» деп \_\_\_\_\_ жүгіріп барсам, лағым жоқ. Енесі \_\_\_\_\_ таппай маңырады. Сөйтсем, қу лағым қорадағы шөптің қуысына тығылып, ұйықтап \_\_\_\_\_.

Лезде орындалатын тапсырмалар

1. «Ж» - дан басталатын сөздерді кестеге жазып шық. Сөздерге ретімен сөйлемдер құрап айт.

2. Мына сұрақтарға бір- бір мысал келтіріп жаз.

1) Құрамында саны бар сөз \_\_\_\_\_

2) Жұмсақ жасанды затты ата \_\_\_\_\_

3) Жорғалайтын жануарларды ата \_\_\_\_\_

4) Қызыл затты ата \_\_\_\_\_

5) Секіретін жануарларды ата \_\_\_\_\_

6) 20 теңге болып сөйле \_\_\_\_\_

3. Мына сандардың орнына тиісті әріптерді қойып, жасырынып тұрған сөзді тап.

қ – 1	а – 6	р – 4	с – 7	1	6	4	6	5	8	6
т – 5	з – 3	ө – 2	п – 8			7	2	3		

4. Жұмбақты шеш Табаныма байладым,  
Қосаяқпен айдадым. (\_\_\_\_\_)

5. «Шаңғы» сөзіне қосымшалар жалғап жаз.

шы

Шаңғы

Метаграмма шешу дегеніміз – жұмбақтың бір түрі, алғашқыда метаграмманың шешуінің бір сөзі шығып, сол шыққан сөзге бір әріп қосылады немесе бірнеше әріптердің орындары ауыстырылып, жаңа ұйқасты сөз шығады. Метаграмманың баламалары көбіне өлең түрінде, тұжырымды тіркестер мен орамдар арқылы беріледі. Метаграмма алынған сөздің жалғыз дыбысын өзге дыбыстармен алмастыру арқылы бірнеше жаңа атаулар жасалынады. Бұл әдіс арқылы балада омоним, метаграмма туралы түсінік қалыптасып, оларды жауабын шапшаң шешуге дағдыланып, ұқыптылыққа баулиды. Логикалық ойлау қабілеттері дамиды.

Егер «Х» дан бастасаң

Алыстан хабар аласың.

«Х» -ны алып тастасаң,

Үстіне тоқым саласың.

«Ш»-дан бастап жазғанда,

Егер «М»-ден бастасаң,

Тағамның бір түрімін.

«М»-ны алып тастасаң,

Хат-Ат Түнгі аспанның нұрымын. Май-Ай

Сөз басында «Б»-болса,

Шай қайнатып аласың.  
«Ш»-ны орнынан алғанда,  
Терезеге саласың. Шәйнек -Әйнек

Бас киімің боламын.  
Сөз басында «Ө»-болса,  
Жазда пісін соламын. Бөрік-Өрік[45].



## Қорытынды

Бұл әдістемелік ұсыным ата-аналарға балаларға қазақ тілін үйренуде қалай көмектесу керектігін көрсетеді. Баланың тілді меңгеруі тек мектептегі сабақтармен шектелмей, күнделікті өмірде де қолдануды қажет ететіні атап өтіледі. Мектепте алған білімін өмірде қолдануға мүмкіндік беру арқылы бала тілді тез әрі тиімді меңгереді. Әрине, бұл процесс ата-аналардың белсенді қатысуын талап етеді. Ата-аналар өз балаларына күнделікті өмірде қазақ тілін пайдалануды ынталандырып, осы тілде қарым-қатынас жасау арқылы баланың тілдік дағдыларын дамыта алады.

Әдістемелік ұсынымда ұсынылған кеңестер мен жаттығулар баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып дайындалған. Олар тек тілдік білім беруге ғана емес, баланың ой-өрісін кеңейтуге, зейінін шоғырландыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ата-аналар балаларымен түрлі тақырыптарда сөйлесіп, қазақ тілін үйренуге арналған ойындар ойнап, күнделікті өмірде кездесетін жағдайларда тілді қолдануға мүмкіндік алады. Бұл тәсіл баланың тілдік ортаға енуін жеңілдетіп, оның тілді меңгеру қабілетін арттырады. Осының арқасында бала тек мектепте ғана емес, үйде де қазақ тілін ұтымды әрі табиғи түрде меңгеруге мүмкіндік алады.

Қазақ тілін үйрену тек сөздерді жаттау мен грамматикалық ережелерді меңгеру емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды тану, мәдениетті түсіну екенін ескеру қажет. Ата-аналар қазақ халқының мәдениеті, дәстүрлері мен салт-дәстүрлері туралы өз балаларына айтып, олардың танымдық қызығушылығын арттырып, тілді меңгеруді қызықты әрі тиімді ете алады. Бұл ата-ананың өз баласына қазақ тілін үйрену барысында қолдау көрсетуінің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Ата-аналардың қолдауы мен ынтымақтастығы балалардың қазақ тілін үйренудегі жетістіктеріне үлкен әсер етеді. Қалай дейтін болсақ, бала ата-анасынан алған оң ынталандыру мен сөздер арқылы өзіне сенім артып, жаңа дағдыларды меңгеруге деген қызығушылығы артады. Осылайша, қазақ тілін үйренудің нәтижелілігі ата-ананың балаға көрсеткен көмегімен тығыз байланысты. Бұл әдістемелік нұсқаулық қазақ тілін үйрену жолында сенімді көмекші бола отырып, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Балалар күнделікті өмірде қолданатын сөздер мен тіркестерді меңгеріп, қазақ тіліндегі ақпаратты дұрыс түсініп, өз ойын анық жеткізіп, мәтіндерді түсінікті оқып, сауатты жазуы қажет. Бұл барлық дағдылар баланың мектепте алған білімін өмірде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ халқының мәдениеті, дәстүрлері мен салт-дәстүрлері туралы түсінік қалыптастырып, тіл арқылы мәдениетке деген қызығушылықты арттыруға, басқа мәдениеттерге құрметпен қарауға үйрену маңызды.

Оқу барысында коммуникативтік дағдыларды дамыту маңызды рөл атқарады. Балалар қазақ тілінде әлеуметтік жағдайларда еркін қарым-қатынас жасап, күнделікті өмірде, отбасында, мектепте және қоғамда өзара түсінісу

дағдыларын жетілдіруі қажет. Әр түрлі әлеуметтік ортада, мысалы, мектепте, қоғамдық орындарда немесе отбасы мүшелерімен сөйлесуде балалар тілдік қарым-қатынас дағдыларын дамытуды үйренеді. Бұл дағдылар балаға өзінің ойын еркін жеткізуге, басқа адамдармен қарым-қатынасты тиімді орнатуға көмектеседі.

Танымдық дағдыларды қалыптастыру арқылы тіл арқылы ойлау қабілеті дамып, логикалық ойлау, талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттері артады. Баланың танымдық дағдыларын дамыту арқылы оның ойлау жүйесі кеңейіп, әр түрлі тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілігі артады. Бұл дағдылар балалардың оқыту мен білім алу процесінде өте маңызды рөл атқарады. Әдеби шығармалармен танысып, оларды түсіну және талдау дағдыларын дамыту да аса маңызды. Мұндай дағдылар баланың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, оның сыни ойлау қабілетін жетілдіреді.

Сонымен қатар, баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындау да үлкен мәнге ие. Қазақ тілі арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындау, өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын дамыту, сондай-ақ баланың ой-өрісін кеңейту маңызды. Мұндай тапсырмалар баланың өзін-өзі тануына, шынайы өмірде шығармашылық көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Ата-аналардың балаға қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыратын орта қалыптастыруы қажет. Әсіресе үйде қазақ тілінде кітап оқу, қазақ тіліндегі әндер тыңдау, әр түрлі ойындар ойнау сияқты іс-шаралар балалардың тілді тиімді меңгеруіне ықпал етеді. Бұл тәсіл баланың қазақ тілін есте сақтау, сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, ата-аналардың баланы қазақ тілін үйренуде белсенді қолдауы мен ынтымақтастығы, сондай-ақ мектептің оқыту әдістемелері бала тілінің дамуына және мәдениетаралық түсінікті қалыптастыруға зор ықпал етеді. Әрбір бала үшін қазақ тілін үйрену – бұл жеке мәдениет пен ұлттық сәйкестікті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

### Пайдаланылған дереккөздердің тізімі:

1. «Мектептегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» білім беру бағдарламасы; Нұр-Сұлтан, 2022.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012.- Б. 42-47.
4. Тұрдақын Жексенбай «Бал бұлақ». Әңгімелер жинағы. – Алматы 2010, - 96
5. Ахметова М. Суреттеу мәтінінің құрылымы (қазақ көркем прозасының материалдары бойынша). - А., 2002. - 29 б.
6. Әбдікәрімова Т.М. Мәтін және ана тілі мәтіндемесін құрудың теориясы (Монография) – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. - 332 б.
7. Әбдірасылова Л.Ә. Әр түрлі жанрдағы мәтіндерді оқыту. Астана, 2003. - 301 б.
8. Әбдіғали С.Ә. «Әдістеменің кейбір өзекті мәселелері». Әдістеме. Методика. №1, 2005
9. Верещагин Е.М, Костомаров В.Г. Язык и культура. М.:, 1983. - 12 – б
10. Рахметова С. Бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ауызша және жазбаша тіл дамыту): пед.ғыл.докторы.дис. - Алматы, 1994. - 291б.
11. Lesson plans // British Council BBC. Teaching English [Electronic resource]. Mode of access: <http://teachingenglish.org.uk/try/lesson-plans>
12. Родари Джанни Грамматика фантазии. Введение в искусство придумывания историй. – М.: Издательство Самокат, 2022. – 240 с.
13. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер Астана 2014жыл
14. Дайындауыш немесе қазақ тілінен 55 сабақ «Шикула және К» 2006 жыл
15. «Өз балаңа үлгі бол» тақырыбындағы республикалық конференциясының мақаласы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2016 жыл [www.ife.kz](http://www.ife.kz)
16. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару Алматы 2014жыл Орақова А.Ш., Жартынова Ж.А., Қойлық Н.О., Корнилова Т.Б., Ким В.Н.
17. Интернет ресурс. Ертегілер <https://ertegiler.kz/story/almaty-golden-apple>
18. Интернет ресурс. Түлкі мен маймыл - Ертегілер - (bilim-all.kz)
19. Интернет ресурс. <https://ertegiler.kz/story/almaty-golden-apple>
20. Балықшы мен балық - Ахмет Байтұрсынұлы. Өлеңдер Bilim – All
21. Интернет ресурс. <https://infolesson.kz/bilim-berudegi-dialogti-oitu-1563250.html>

22. Интернет ресурс <https://bilimdiler.kz/balabaksha/28044-syuzhettik-roldik-ooyndar-zhinagy.html>
23. Менің алғашқы энциклопедиям Алматы кітап баспасы 2013ж Құрастырушылар: Сужикова А.Ү., Лекерова Ф.С., Солтанғазина М.Қ.
24. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» Республикалық педагогикалық журнал. 2013ж №9 50-53бет
25. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» Республикалық педагогикалық журнал. 2015ж №6 29-30бет
26. Бастауыш сынып Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал 2014ж №2 61-62 бет
27. Бастауыш сынып Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал 2014ж №2, 60-61 бет,
28. Бастауыш сынып Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал 2014ж №1, 60-61 бет, №3 61 бет.
29. Қазақ тілі әдістемелік құрал Джанабердиева С.А. Алматы: Әрекет-П, 2009.
30. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар № 9 2013 жыл
31. Жас ғалым №7 2014 жыл
32. Мұғалім шеберханасы №3 2014 жыл.
33. Менің алғашқы энциклопедиям. Алматы кітап баспасы 2013ж. Құрастырушылар: С.А. Үмбетқызы, Л.Ф. Сағатжанқызы, С.М. Құдайбергенқызы 140-142 бет
34. Ол кім, бұл не? Балалар энциклопедиясы 235-236 бет. Авторы: Қозыбаев М.Қ., Арғынов.Х.Қ, Әбдіров .С , Әлімбаев. М, Балахметов .Қ.
35. Айгөлек журналы 5 басылым 2015-2016 жыл 8 бет
36. Бастауыш сынып №12 2012 жыл
37. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар № 8 2015 жыл
38. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» Республикалық педагогикалық журнал. 2013ж №9 50-53бет
39. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» Республикалық педагогикалық журнал. 2015ж №6 29-30бет
40. Жас ғалым №7 2014 жыл
41. Интернет ресурсы: <https://bala.soyle.kz/page/view?id=12>
42. Интернет ресурс <https://kargoo.kz/loader/load/50662>
43. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@bilimkids>
44. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@balapantv>
45. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@dariyakids>
46. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@balafunny>
47. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@SHANYRAK2023>
48. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@balbilim6266>
49. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@Bobekty>

50. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/playlist>
51. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@phenomenalkids>
52. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@SALEMTAITAI>
53. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@erketotay>
54. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@user-wn1ps8hj2k>
55. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@TorghaiTV>
56. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@DINDILSTUDIO>
57. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@qazqazbalapan>
58. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@user-cx5sz2yq8b>
59. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@zerektv7644>
60. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@Erbatyr-Alinka>
61. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@user-dt5fh8pv1u>
62. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@AnimaBook>
63. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@Balapan-1>
64. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@user-wn1ps8hj2k>
65. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@multplanetakz2604>
66. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@balatime3068>
67. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@Tompi2022>
68. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/playlist>
69. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@sapakovaa>
70. Интернет ресурс [https://www.youtube.com/@balalar\\_anderi](https://www.youtube.com/@balalar_anderi)
71. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@ZEREKBALATV>
72. Интернет ресурс [https://www.youtube.com/@balapan\\_tv](https://www.youtube.com/@balapan_tv)
73. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@tynzhyproduction>
74. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@user-hz6ms9rw5e>
75. Интернет ресурс [https://www.youtube.com/watch?v=Hp-\\_fyewdI](https://www.youtube.com/watch?v=Hp-_fyewdI)
76. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/channel/UC10yyMms7xDWASxVYLVX41w>
77. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@Qulynym/featured>
78. Интернет ресурс <https://www.youtube.com/@erkenaz-ailin>

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. Қазақ тілін оқытуда жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттары мен қағидалары	5
2. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды қазақ тіліне оқыту бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар	12
Қорытынды	161
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	163

**«БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ҚАЗАҚ  
ТІЛІНЕ ОҚЫТУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР»**

Басуға 20.09.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.  
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа таба